**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ**
**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ МЕН НӘТИЖЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**Астана, 2016**

«Қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері» әдістемелік ұсынымдары - «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2016 жыл, - 155 б.

«Қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері» әдістемелік ұсынымдары қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мақсатын, міндеттерін, білім сапасын бағалау жүйесінің қызмет ету қағидасын айқындайды.

Білім сапасын бағалау жүйесі дегеніміз білім сапасының бағалау жүйесі нәтижелерін негізгі пайдаланушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, бірыңғай тұжырымдамалық-әдістемелік негізде білім алушылардың білім саласындағы жетістіктерін, білім беру ұйымдарының қызмет тиімділігін және олардың білім беру бағдарламаларының жүйесін, сапасын бағалауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және функционалдық құрылымдарының жиынтығын, нормалар мен ережелерді, диагностикалық және бағалау рәсімдерін білдіреді.

Әдістемелік ұсынымдар мемлекетік және орыс тілдерінде ұсынылады.

Ұсынылып отырған материал балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне және педагогтарына көмек құралы ретінде әзірленген.

*ҚРБжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған*
*(2016 жылғы 12 тамыздағы №4 хаттама)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016*

## Мазмұны


| | | |
|---|---|---|
| | Кіріспе | 4 |
| 1. | Қазақстан Республикасында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету | 5 |
| 2. | Қосымша білім беру ұйымдарының қызмет көрсету сапасы мен қызмет нәтижелілігін бағалауды ұйымдастыру тәжірибесін ескеріп, қосымша білім беру жүйесінің дамуының әлемдік үрдісі | 10 |
| 3. | Қазақстандағы қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытының даму ерекшеліктері, жағдайы, жетістіктері мен мәселелері | 18 |
| 4. | Балаларға қосымша білім беру жүйесінің педагогикалық қызметінің нәтижесін бағалау сипаттамасы | 24 |
| 4.1 | Балаларға қосымша білім берудің педагогикалық және білімдік нәтижелерінің проблемалары | 24 |
| 4.2 | Балаларға қосымша білім берудің сапасын бағалау сипаттамасы | 27 |
| 4.3 | Қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері | 32 |
| 4.4 | Қосымша білім беру ұйымдарындағы балаларға қосымша білім беру педагогын жеке алғандағы, сондай-ақ педагогикалық ұжымды тұтас алғандағы қызметтерінің тиімділік көрсеткіштері | 43 |
| 4.5 | Қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың қызметінің нәтижелілігін бағалау көрсеткіштері | 56 |
| 5. | Қосымша | 65 |
| 6. | Әдебиет | 151 |

# Кіріспе

«Қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері» әдістемелік ұсынымдары балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметін тәуелсіз бағалауға жағдай жасау және білім беру қызметтерін ұсыну сапасын жақсарту бойынша ұсыныстарды әрі қарай дайындау мақсатында әзірленді.

Білім, адамның зияткерлік даму деңгейі басты стартегиялық ресурсқа және экономиканың дамуының маңызды факторына айналып келе жатқан қазіргі қоғамда, білімнің мәртебесі айтарлықтай артып, оның деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылуда.

Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның бірыңғай білім беру кеңістігінің бөлігі ретінде қарастырылатын балаларға арналған қосымша білім беру жүйесі бұл мәселені шешуде маңызды рөл атқаруда; ол білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру процесіне септігін тигізетін вариативті оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендірудің инновациялық саласын құрайды. Бұл білім алушылардың мақсаттарын қалыптастыру және жетістіктерін бағалауда құзыреттілік тәсілдерді пайдалану қажеттілігін шарттайды.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайында қосымша білім беруді дамыту – ең тиімді білім беру технологияларының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда балаларға қосымша білім беру әлеуметтік сұранысқа ие және қоғам мен мемлекет тарапынан ұдайы назар аударуды және қолдауды қажет етеді. Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі түрлі қызмет бағыттары бойынша *(көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық)* білім беру бағдарламаларын іске асыру тиімділігінің өлшемдерін әзірлеу қазақстандық білімді жаңғырту жағдайында білім сапасын жаңарту және және оны ғылыми-әдістемелік қаматамасыз ету қажеттілігімен байланысты.

Білім беру нәтижелерінің бірыңғай өлшемдері мен бағалау өлшемдерінің болуы кез-келген педагогикалық ұжымның қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру нәтижелері туралы жалпы түсініктерінің көрсеткіштері, мазмұнды негізі, ұйымның мониторингтік жүйесін жобалаудың жүйе құрушы факторы болып табылады.

Республикада балаларға қосымша білім берудің сапасын тиімді бағалаудың бірыңғай өлшемдері мен көрсеткіштерінің болмауы - бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Аталған сұрақ бойынша халықаралық, сондай-ақ отандық зерттеу тәжірибелері қарастырылған әдістемелік ұсынымдардың тақырыбы осы мәселеге байланысты таңдалынып отыр.

## 1. Қазақстан Республикасында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Бүгінгі таңда қосымша білім беру балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, олардың зияткерлік, адамгершілік, физикалық жетілуіндегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ олардың бос уақыттарын ұйымдастыруға бағытталған үздіксіз білім беру жүйесінің өзекті, толыққанды және қажетті компоненті болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профиластикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңдарында, Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және т.б. анықталған **білім беру саясатының негізгі қағидаттарына** сәйкес жүзеге асырылады.

**«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы** (1, 4, 5, 6, 11, 14, 23, 28, 37, 51, 52, 63, 65-баптары) балаларға қосымша білім беру, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар туралы негізгі түсініктерді анықтайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

«қосымша білім беру – білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі;

жергілікті атқарушы органдар балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары тұлғаның өзін өзі анықтауын, білім алушылардың шығармашылықтарын дамытуға, олардың қабілеттерін, қоғамдағы өмірге бейімделулерін жүзеге асыруға, азаматтық сананы, жалпы мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, бос уақытты ұйымдастыруға жағдай жасауды болжайды;

балаларға қосымша білім беру олардың түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру ұйымдарында және мектептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылады;

қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін білім алушыларға бастауыш, негізгі орта және жалпы

орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары көрсетеді және шарттық негізде ұсынады;

білім беру ұйымдарының қызметі тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелерімен және олардың негізінде әзірленген жарғылармен реттеледі».

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған, жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Балаларға арналған қосымша білім беру қызметін көрсететін ұйымдар балалар мен ата-аналардың бірге еңбек етуі мен демалуына қажетті жағдай жасауы қажет (заңды өкілдер);

бұқаралық іс-шараларды және жарыстарды ұйымдастырып өткізеді;

басқа білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарына қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру, бос уақытты қамту және сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру бойынша көмек көсрсетеді.

Балаларға арналған қосымша білім беру бойынша мемлекеттік қызметтерді ұсыну барысында балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы заңнамалармен реттелмеген мәселелер балаларға арналған қосымша білім беру қызметтерін көрсететін ұйымның құрылтайшысымен шешіледі және жарғысында бекітіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын оның мүмкіндіктерін және қызмет алушының қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеттерін анықтайтын мемлекеттік қызмет көрсету қасиеттерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады».

Мемлекеттік қызметтерді көрстету сапасын бақылау халықты қорғау жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Ол мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге, республикадағы балаларға қосымша білім беру ұйымдары ұсынатын мемлекеттік қызметтерді факті жүзінде көрсетудегі сәйкессіздікті анықтауға, білім алушылардың, олардың ата-аналарының мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанулары туралы ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 170 бұйрығы) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының енгізілуіне байланысты балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметіне талаптар артуда.

Негізі талаптарға:

халыққа көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту және олардың қол жетімді болуын қамтамасыз ету;

білім алушыларға, олардың ата-аналарына көрсетілетін қызмет тиімділігін арттыру жатады.

Балаларға қосымша білім берудің жалпы орта білімнен ерекшелігі оның регламенттелмейтіндігін ескерсек, ол балаларға білім беру бағдарламаларын таңдауға құқық береді, қосымша білім беру ұйымдары қызметтерін бақылауды іске асыру мақсатында балаларға арналған білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері мен тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім жән ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығы бекітілді.

**«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының** 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 **Заңы** (12-бап) білім беру органдарын кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын, жалпы білім беру мектептеріндегі қолжетімді спорт секцияларына, техникалық және өзге үйірмелер, клубтардың жұмыстарына кәмелетке толмағандарды қатыстыруға міндеттейді.

**«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының** 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы (19-бап) білім беру ұйымдарына кәмелет жасқа толмағандардың жазғы демалысын, бос уақыттары мен жұмыспен қамтуды ұйымдастыруды, жалпы білім беретін мектептерде қолжетімді спорттық секцияларды, техникалық және басқа да үйірмелерді, клубтарды ұйымдастыру және оларға кәмелетке толмағандарды тартуды міндеттейді.

**Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы (29.12.2014 ж. толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) Заңы** Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жалпы құқықтық негіздерін реттейді, бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыру үшін ортақ нұсқауларды құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар, жеке және мемлекеттік тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бақылауға және қадағалауға бағытталған.

Бұл Заңға сәйкес бақылау **ішкі** және **сыртқы** бақылау болып бөлінеді.

Ішкі бақылау – мемлекеттік орган өз құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік органдардың және ұйымдардың мемлекеттік орган қабылдаған шешімдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды жүзеге асыратын бақылау. Ішкі бақылауды жүргізу тәртібі осы Заңның 8-бабында айқындалады.

Ішкі бақылау құрылымдық, аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың алдына қойылған міндеттердің орындалуы мақсатында жүзеге асырылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау объектілері:

1) білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі;

2) білім алушылардың тиісті білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі болып табылады.

Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері:

1) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау;

2) Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасының және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақталуын бақылау болып табылады.

Бірінші мемлекеттік аттестаттау жаңадан құрылған қосымша білім беру ұйымдарында үш жылдан кейін өткізіледі.

Сыртқы бақылау – бақылау және қадағалау органы тексерілетін субъектілер қызметінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабында көрсетілген көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру және қадағалау бойынша жүзеге асыратын бақылау».

Сыртқы бақылау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда мемлекеттік органдар өз құзыреті аймағында әкімшілік, тәртіптік іс жүргізуді қозғайды, немесе өз құзыреті аймағында тиісті талап арызға бастамашылық жасайды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шараларды қабылдайды.

Қосымша білім берудің заманауи жүйесі барлық жастағы балаларға қызметтің түрлі бағыттары бойынша: ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, әскери-патриоттық және әлеуметтік педагогикалық, дене шынықтыру мен спорт және тағы басқа айналысуға мүмкіндік береді.

**Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында** балалардың бейімділігін, қызығушылығы мен қабілеттерін дамытуға, балалар мен жастардың әлеуметтік және кәсіби

өзін-өзі анықтауға септігін тигізетін қосымша білім беру ұйымының маңыздылығы мен мәні айқындалған. Оның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын жалпыұлттық патриоттық идеясы «Мәңгілік Ел» және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Осыған байланысты, балаларға қосымша білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің негізгі бағыттары айқындалған.

1. Үш тілде оқыту, инклюзивті білім беру, IT технологияларды, робототехниканы пайдалануды ескере отырып, музыкалық, көркем-эстетикалық, қолданбалы-сәндік, ғылыми-техникалық, экологиялық-биялогиялық, туристік-өлкетану бағыттары бойынша балаларға қосымша білім беру мазмұнын жаңарту.

2. Қосымша білім беру мекемелерінің желісін ұлғайту, сондай-ақ қосымша білім беру бағыттарын насихаттау және балаларды, оның ішінде ауылдық жерлердегі балаларды мейлінше көбірек тарту мақсатында балаларды өңірлік және республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралармен қамту.

3. Қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын жетілдіру.

4. Балаларға формалды емес білім беруді қаржыландырудың халықаралық тәжірибелерін зерделеу және қосымша білім беру жүйесін қаржыландырудың, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті ескеріп, көп салалы және көп деңгейлі қаржыландыру тетігін әзірлеу.

5. Балаларға қосымша білім беруді кеңінен насихаттауды және таратуды қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, **«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»** Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы, «**Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бекіткен 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы (бұдан-әрі Ереже) қосымша білім беру ұйымдары қызметтерінің құқықтық негізін құрайды.

Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметтерінің үлгілік қағидалары балаларға қосымша білім беруді дамытуды білім беру саясатындағы басты бағыттардың бірі ретінде қарастырады.

Осы Қағидалар, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының міндеттерін, қызметін айқындап, балаларға қосымша

білім беру ұйымдарының негізгі қызметі, білім алушылардың, сонымен қатар тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің ерекше білім беру мен мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруды білдіреді.

Демек, тұлғаның танып-білу және шығармашылыққа деген уәждемесін дамытуға, әсіресе 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың тұлғалық дамуына, денсаулықтарын күшейтуге, кәсіби өзін өзі анықтауына және шығармашылық еңбектеріне қажетті жағдайды қамтамасыз етуде қосымша білім беру бағдарламалары мен қызметтерін іске асыруға бағытталған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі білім беру қызметінің сапасына және іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының сапасына, білім беру процесін ұйымдастырудағы оның формаларының, әдістері мен құралдарының балалардың жасына, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес болуына жауапты болып табылады.

Қазақстандық білімнің жаңа тұжырымдамалық идеяларын алға тартатын қазіргі заманғы нормативтік құқықтық құжаттар баланың негізгі құзыреттіліктерді меңгеруіне ықпал ететін «жаңа ұрпақтың» білім беру бағдарламаларын құруды көздейді, бұл балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі нәтижелердің сапасына жаңа талаптар қойылатындығын көрсетеді.

## 2. Қосымша білім беру ұйымдарының қызмет көрсету сапасы мен қызмет нәтижелілігін бағалауды ұйымдастыру тәжірибесін ескеріп, қосымша білім беру жүйесі дамуының әлемдік үрдістері

Бүкіл әлемде білім беру сапасына үнемі басты назар аударылуда. ЮНЕСКО әлемдік білім беру кеңістігінің даму процесін үйлестіру және нормативтік құқықтық қолдау міндетін бүгінгі күні ойдағыдай атқаруда. Бұл ұйым барлық мемлекеттер үшін ғаламдық, сондай-ақ өңірлік сипаттағы халықаралық-құқықтық актілерді әзірлейді. Білім беру сапасын зерттеу әр түрлі елдерде, сондай-ақ Қазақстанда да ЮНЕСКО қамқорлығымен әр түрлі өлшемдердің немесе бірдей өлшемдер үшін әр түрлі салмақтық көрсеткіштердің көмегімен, яғни әр түрлі өткізіледі.

Сапа – халықаралық стандарттарға сәйкес, оған шартты және болжамды талаптарды қанағаттандыратын өнімнің қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы.  Осы қасиеттердің сандық сипаттамасы, өнімнің сапа көрсеткіші деп аталады. Білім беру сапасы - білім беру процесінің жағдайы мен нәтижелілігін, оның тұлғаның азаматтық, тұрмыстық және кәсіби құзыретін дамытуда және қалыптастыруда

қоғамның (түрлі әлеуметтік топтар) қажеттіліктері мен болжамдарына сәйкес болуын анықтайтын әлеуметтік категория.

Қосымша білім беру жүйесін дамытудың әлемдік үрдістері жалпы сипатқа ие. Сонымен қатар, білімнің осы түрінің әр бағытын дамыту үшін олардың өз мақсаттарына, ерекшеліктеріне, іске асыру сипатына және тиісті түлектерді дайындау деңгейіне қойлатын жаңа әлеуметтік талаптарына байланысты олардың өз орындары мен өздерінің ерекше тенденциялары бар. Қазіргі таңда білім беру сапасы мен елдің даму сипатының өзара байланысы барлық дамыған елдердің мәселесі болып табылуда. ЮНЕСКО-ның халықаралық құқықтық актілері қазіргі заманғы білім беруді ғаламдастырып, бейбітшілік, демократия және гуманизм рухында адамды тәрбиелеу, адам құқықтарын, мәдени құндылықары мен басқа ұлттың дәстүрлерін құрметтеуге, қоршаған ортаны қорғау сияқты бастапқы міндерттердің деңгейіне шығаруда. Осыған орай, білім берудегі білім беру жүйелерінің, олардың қызмет ету сипатының рөлі артуда. Тұлға, азамат және кәсіпқой оқу-педагогикалық процестің негізгі өнімі болып табыла бастады. Шетелдік тәжірибеде қосымша (бейресми) білім беру саласында қызмет көрсету әр түрлі және әр алуан болып келеді. ЮНЕСКО жіктемесіне сәйкес формалды емес білім беруге дәстүрлі емес білім беру жүйесінде жүзеге асырылған бағдарламалары, курстары жатады.

Қосымша білім беру ұйымдарының деңгейінде сапалы білім берудің негізгі өлшемдері белгілі:

плюрализм және таңдау еркіндігі, шығармашылық бағыттылық, қоршаған ортаның қауіпсіздігі және тағы басқаларды ескере отырып, қоғамдық даму тенденциялары мен әлеуметтік тапсырысқа сәйкестігін көрсететін қосымша білім саласындағы заманауи міндеттерге бағытталған *өзектілік;*

мазмұны жағынан олардың білім және өмірлік қажеттіліктеріне сәйкес білім алушыларды дайындауда жаңалықтарды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының кейбір жиынтығының болуы;

білім беру бағдарламалары мазмұнының практикаға бағдарланған бөлігінің білім беру ұйымы бағдарланатын ықтимал тапсырыс берушінің талаптарына жақындық деңгейі;

білім алушылардың өздері таңдаған мамандандырылған білім беру бағдарламаларды игеру дәрежесі;

өзгеріске толы жағдайда нәтижелердің белгіленген деңгейін сақтауын және жеткілікті ұзақ уақыт бойы оң нәтижелерге қол жеткізу жетістіктерін қадағалауға мүмкіндік беретін қосымша білім беретін ұйымдардың көрсетілетін қызмет нәтижелерінің тұрақтылығы;

білім алушылардың оқыту нәтижелеріне және тағы басқаларға қанағаттану дәрежесі болып табылады.

Білім беру, қоғамның мақсаттары мен қажеттіліктерінің өзгеруіне, жоғары технологияларды әзірлеу және енгізуге сәйкес маңызды әлеуметтік институттардың бірі ретінде үнемі өзгерістерге ұшырап отырады. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің уақыттың қоғамдық талаптарына жауап беруі автоматты емес, жүйелі түрде, белгілі иннерциялылықтан ерекшелене отырып, педагогтардың қоғамдық көзқарастары мен белсенділіктерін, қоғамдық және мемлекеттік қызметкерлерді дамыту процесінде іске асырылады.

Бұл жағдайлар олардың негізгі өлшемдерін қоғамдық өзгерістермен, ғылыми-техникалық және әлеуметтік ілгерілеудің басты бағыттары және тенденцияларымен келісу мақсатында жалпы цивилизациялық процестерді, сондай-ақ білім беру жүйесінің қызмет ету процестерін үнемі іздеу, зерттеу және мониторинг жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

Соңғы жылдары білім беру сапасын, оның ішінде сапа саласындағы көптеген жаңа теориялық және практикалық әзірлемелер пайда болған. Шехарт (Walter Shewhart), А. Фидженбаум (Armand V. Feigenbaum В.Э. Деминг (W. Edwards Deming), Дуглас Мак Грегора (Douglas McGregor), Каори Ишикава (Karou Ishikawa), Д.С. Молоков, М.С. Бургин, А.М. Саранов, Г. И. Гузева, Д. Е. Яковлеваның және тағы басқа ғалымдардың қызметі мен теорияларының арқасында сапа факторына жалпылама назар аударылған. Қазіргі уақытта сапа сұрақтарымен Жапондық сапаны бақылау қоғамы, Еуропалық сапаны бақылау ұйымы, Американдық сапаны бақылау қоғамы айналысатынын атап өтуге болады. 1947 жылы бірыңғай дүниежүзілік сапа стандарттарын әзірлеу үшін халықаралық үкіметтік емес ISO ұйымы негізделген болатын. Оның құрамына бүгінгі күні тоқсаннан астам ел кіреді. Ұйымның сертификаты АҚШ, Канада, Еуропа елдерінде, Латын Америка, Азия және Африка елдерінде жарамды.

Қосымша білім беру саласының инновациялық бағыттылығын қалыптастыру дегеніміз енгізілген қандай да бір жаңалықтардың тиімділігін талдауға мүмкіндік беретін белгілі өлшемдерді пайдалануды болжайды. Қосымша білім беру саласындағы (жаңалықтар, өзектіліктер, қанағаттандырулар, тұрақтылықтар) тәжірибелердің үздік үлгілерін таңдау бойынша әзірленген өлшемдер жүйесі Германия, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, АҚШ сияқты елдерді анықтауға мүмкіндік берді.

Мысалы, Германия Еуропадағы балалар мен жастарға «бейресми» немесе қосымша білім беру саласында сараланған қызмет көрсетуімен ерекшеленеді. Неміс Бундестагының қарамағында балалар қызығушылығын қадағалау бойынша Комиссия қызмет етеді. Қазіргі уақытта Германияда білім берудің ресми және бейресми секторының мәнмәтіні мен динамикасы туралы деректер жиналуда. Бейресми білім

беру қызметін бағалауда мемлекеттік емес ұйымдар мен бірлестіктер (жастар ұйымы, қайырымдылық қорлары, шіркеу, кәсіби бірлестіктер, мәдениет мекемелері) қатысады. Олар тиімділікті әрекеттілік, нәтижелілік, өнімділікпен байланыстырып, мекеме нәтижелілігінің бағалау өлшемдерін екі топқа бөледі:

бекітілген қызмет мақсаттарындағы қолжетімді нәтижелердің сәйкестік өлшемдері. Бұл жерде мекеменің қызмет мақсаттарына ерекше талап қойылады. Ол, жүзеге асқанын бақылай алатын, яғни нақты, қолжетімді, өлшемді және тағы басқа сипаттарға ие болуы керек;

жүйенің қызмет ету процесінің оның мазмұнына, ұйымдастырылуына және нәтижелеріне қойлатын объективті талаптарының сәйкестік өлшемі: мақсаттан нәтижеге қол жеткізу үшін ұйымдастырудың қажетті және адекватты мазмұны мен формасын қамтамасыз ету қажет. Олардың көзқарасы бойынша, мониторинг аспектісінің бірі - ұйымдастырудың мазмұнындағы, формаларындағы, әдістеріндегі, тәсілдеріндегі өзгерістерді олардың мақсаттарын іске асыру немесе нәтижеге қол жеткізулеріне қойылатын талаптарына сәйкестігін бақылау болып табылады.

Балалар мен жастарға арналған бағдарламалар шоғыры экологиялық, бос уақытты қамту және әлеуметтік бағдарламалар мен шараларды қамтиды. Германия Еуропалық жастар ақпараттық Евродеск қауымдастығының мүшесі болып табылады. Соңғы бес жылда жастар саясаты федералдық деңгейде балалар мен жасөпірімдер Федералдық жоспарына (KJP) сәйкес жүзеге асырылды. Аталмыш жоспарды жүзеге асыруын және ішкі басқарудың тиімділігін анықтауды қамтамасыз ету үшін үш факторлар тобын ескереді: ресурстарды пайдалану, мақстатқа жетудегі қозғалысқа сәйкес нәтижені алу, уақыт факторы. Тиімділігіне әсер ететін сыртқы факторларға инвестициялық ахуалды, басқаруды, ғылыми көзқарасты айқындайтын әдістемені, ақпараттық қолдауды, әлеуметтік инфрақұрылымды жатқызуға болады.

Осыған орай, ерекше назар балалар мен жастарға бейресми білім беруді басқаруды бағалау көрсеткіштеріне аударылады, атап айтқанда:

өнімді өндіру кезінде кеткен шығындар бірлігімен көрсетілетін өнімділік;

адамның белгілі бір талаптардың қатынасы және оны іске асыру үшін туындаған мүмкіндіктерінің психологиялық шарты ретінде түсінілетін қанағаттандыру.

Жоспар қағидалары, жаңа балалар мен жастар саясаты болашақты қалыптастырып, қоғам үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын қарастырған. Ол барлық жастардың қызығушылығы мен қажеттілігін, жастардың азаматтық шараларға белсенді қатысуына септігін тигізіп,

жастардың тұлғалық дамуына мүмкіндік қарастырып, балалар мен жастардың бейресми білім алуы үшін үшінші секторды кеңейтіп реформаларға жәрдемдесуін ескеруі қажет.

**Ұлыбританияда** балалар мен жастардың бейресми білім алуы екі институционалдық бағытта ұйымдастарылады: жастармен әлеуметтік жұмыс және қауымдық білім беру бағытында (жергілікті қоғамдастықтағы білім). Ұлыбританияның мемлекеттік саясатында тек жалпы бағыттар, жастар саясатының мақсаты мен басымдылығы тұжырымдалады, алайда оны жүзеге асыруда басты рөлді жергілікті өзін-өзі басқаруға және қоғамдық ұйымдарға берілген.

Ұлыбританиядағы жастар саясаты қызметін іске асыру Білім министрлігінің жастар ісі жөніндегі басқармасымен үйлестіріледі. Жастармен жұмыс келесі еркешеліктерімен сипатталады: жас адамдардың жеке және әлеуметтік дамуына қамқорлық білдіру.

Еуропаның көптеген елдеріне қарағанда, Ұлыбританияның мектептері білім алушылар мен олардың отбасыларына қосымша білім беру бойынша көптеген қызмет түрлерін көрсетеді. Мектептен тыс бос уақытын ұйымдастыру бойынша үйірмелер желісі жақсы жабдықталған және жергілікті қоғамдастықтарда айтардықтай территорияға иеленген жастар клубтары желісі арқылы ұйымдастырылады.

Ұлыбританияда жергілікті қауымдастықта немесе жергілікті қауымда білім алу дәстүрі бар. Жергілікті қауымдастықтарда бейресми білім беру бағдарламалары іске асырылады. Бағдарламалар мен іс-шаралар қауымдастықтар диалогында әзірленетіні ортақ анықтау ерекшелігі болып табылады. Аталмыш бағдарламалар білім беру мекемелерінде емес (мектептер мен колледждер), білім берудің ресми жүйесіне қарасты жергілікті қауымдастықтар қарамағында іске асырылады.

Өз міндеттерін іске асыру кезінде қоғамдастықта жергілікті билік органдары балалар мен жастарға арналған қосымша білім беру қызметтерінің екі түрін ұсынады: «Ашық қолжетімділік» (немесе «әмбебап»), мәдени, спорттық, балалар мен жастардың білім беруі мен дамуын байыту (клубтар, жастар мен балалар орталықтары) бойынша ауқымды сауық түрлерін және әлсіз балалары мен жасөспірімдері бар отбасыларға арналған алдын алу бағдарламаларын қосады.

Бейресми білім беру жүйесінің сапасын тиімділікті бақылауды бағалаудың нақты көрсеткіштерін ескере отырып жергілікті қауымдастықтар (жұмыс берушілер, мемлекеттік органдар өкілдері, кәсіподақтар, кәсіби қауымдастықтар және ұлттық агенттіктер және тағы басқалар) қамтамасыз етеді.

Бейресми білім берудің сапасын және тиімділігін бағалау кезінде нәтижелілік, бейресми білім берудің көптүрлілігі, интеграция,

балалардың, ата-аналардың, педагогтердің және басқару қызметкерлерінің қанағаттандыру нәтижелерін ескереді.

**Финляндиядағы** жастар саясатының жұмысы мен үйлесуі өңірлік деңгейде шалғайдағы және үкіметтік мекемелердің жауапкершілігі аймағында Мәдениет және білім министрлігінің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Финляндия Еуропалық Одағындағы орталықтандырылмаған ел болып табылады. Жастар жұмысының мақсаты, сонымен қатар балалар мен жастардың қосымша білім беру қызметтері жастар актісінде айқындалған. Үкімет Финляндияда балалар мен жастар саясаты жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларын қабылдайды. Бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі азаматтық ұстанымы, демалыс және балалар мен жастардың шараларға қатысуына жәрдемдесу болып табылады. Сонымен қатар, жастар жұмысын практикалық іске асыру жергілікті билік, жастар ұйымдары мен жастар жұмысына қатысатын басқа да ұйымдардың жауапкершілігі болып табылады.

Мектеп жасындағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын мектептер ұсынады.

Қызметтің мақсаттарында бекітілген қол жеткізілетін нәтижелердің сәйкестік өлшемін ескере отырып, балалар мен жастардың қоғамдық өмірге араласуын ұлттық бағалау, сондай-ақ формалды емес білім жүйесінің қызмет ету процесінің оның мазмұнына, ұйымдастырылуына және нәтижелеріне қойылатын объективті талаптардың өлшемдерін бағалау жасатарға білім беруде осы бағытты жетілдіруде көптеген қажеттіліктердің бары анықталды.

Жағдай келесідей, мектептердегі білім беру моделі жастарға әлеуметтік және азаматтық білім беру формаларына қолдауы жеткіліксіз. Жастар туралы Заңның 7-бабына сәйкес (72/2006) әрбір жергілікті жерде ұйымдасқан бос уақытты қамту іс-шараларын өткізу үшін кеңістік болуы тиіс.

Демалысқа арналған әр түрлі құралдармен жабдықталған және жергілікті қызметкерлердің жастарды тиісті қадағалауымен жастар орталықтары кешкі уақытта және демалыс күндері әдеттегідей ашық болады. Жатар орталықтарының жұмысы бірнеше жыл бұрын тиімсіз болып саналды, сол себепті олардың жұмысы жаңартылып қаржыландыру көбейтілді.

Финляндияда жастармен жұмыс әр түрлі ұйымдармен, шіркеулермен және муниципалитетпен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта муниципалитеттерде мыңға жуық жастар орталықтары бар, 170-ке жуық муниципалдық жастар кеңестері қызмет етуде.

Францияда балалар мен жастардың қосымша білім беруі, сондай-ақ балалармен және жастармен жұмыс істейтін ұйымдардың басқару инфрақұрылымы әр түрлі.

«Бейресми» немесе қосымша білім беру бағдарламалары коммуналарға тиесілі жастар бірлестіктерінде, клубтарда, мәдени мекемелер мен жеке құрылымдарда жүзеге асырылады. Балалар мен жасөспірімдердің сабақтан тыс жұмысы бойынша мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің кең желісі бар олар – (сабақтан тыс, тәрбие жұмысы, эстетикалық тәрбиелеу, спорттық-шынықтыру және тағы басқа) балалар орталықтары; балалар парктері мен қалашықтары; балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері; жас техниктер станциялары; жас натуралистер станциялары; балалар демалысын жүзеге асыратын лагерлер, балалар клубтары, кітапханалары, балалар театры және тағы басқа Францияда мектептен тыс білім беру қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін коммуналды білім беруді жүзеге асыратын жастар үйі (клубтары) маңызды орын алуда.

Балаларға мектептен тыс жұмыс істеуді қамтамасыз ету, мектептегі білім беруге қарағанда мемлекеттік функция болып саналмайды. Францияның мемлекеттік органдары мен қызметтердің жалпы жұмысы ашық және әлеуметтік принциптердің үйлесуіне негізделіп мектептен тыс білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Францияда жастар ісі және қоғамның білім алу (FONJEP) қауымдастығының формасында ынтымақтастық фонд құрылған.

Францияда жастар туралы сұрақтарға жауапкершілікті жергілікті басқару деңгейлеріне: мемлекет, өңір, департаменттер және коммуналарға бөлінген.

Балалар мен жастардың бейресми білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапа өлшемдерін анықтау, осы бағытта қатысушылардың пікірі шоғырын анықтау нәтижелілік және жақсарту бойынша дер кезінде ұсыныстарды тұжырымдауға септігін тигізіп, өздері айналысатын бағдарламаның жетістіктері мен қоғамдағы маңыздылығын дәлелдейді.

**АҚШ**-та балалар мен жастардың бейресми білім беру бағдарламалары әр түрлі бағытта қарастырылады: мектеп мекемелерінің оқу жоспарынан тыс жалпы білім беруді байыту бағдарламалары; мектеп бағдарламасының тең бастамасының жүзеге асыру үшін мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын қолдау бағдарламалары; балалар мен олардың бос уақытын ұйымдастыруды қолдау бағдарламалары; елдегі және округтегі әлеуметтік жұмыс және жастар саясатының бағдарламасы.

Академиялық білім беруге қарағанда мектептер американдық балаларға көп мүмкіндіктер береді. 80 пайызға жуық мектептегі білім алушылар спорттық, мектеп баспасөзі, драма, қызығушылықтар бойынша клубтар, хор ұжымдары, спорттық және басқа топтардағы іс-шараларға қатысады. АҚШ-тағы балаларға қосымша білім беру

бастапқы кезден бастап мектептегі оқу күнінің бөлігіне кірмейтін құрамы ретінде анықталған.

АҚШ-та басқа елдерге қарағанда түрлі бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар сабақтан тыс білім беру ұйымының бастамашылары ретінде көбірек әрекет етеді.

Балалар мен жастардың бейресми білім берудегі қоғамдық қатынасы көбінесе ұлдар мен қыздарға арналған клуб жұмыстарында жүзеге асырылады. (Boys 8c Girls Clubs of America, BGCA) «Американың ұлдар мен қыздар клубы» әлемдегі ең ірі бос уақытты ұйымдастыратын ұйымдардың бірі. Бұл ұйым балалардың, оның ішінде ерекше көмекке мұқтаж балалалардың максималды әлеуетінің ашылуына мүмкіндік беруге арналған. Американың ұлдар мен қыздар клубы (BGCC) 6-дан 18 жасқа дейінгі аралықтағы балаларға арналған. Олар балалар мен жасөспірімдерге оң білім беру және демалыс уақытын ұйымдастырға арналған бағдарламаларды ұсынады.

Қазіргі уақытта Құрама Штаттағы 4000-нан астам клуб филиалдары BGCA құрайды. Клуб ұйымдарымен АҚШ-тағы 500 ірі компаниялар қызмет жасайды. Бұл ұйымның басты міндеттерінің бірі бейресми білім беруді бағалау болып табылады. Бұл ұйым, тұрақты түрде тексеру қорытындыларын және бағалары туралы ақпаратты жинап БАҚ-та жариялайды, осылайша мемлекетке ғана емес, сонымен қатар қоғамға да балалар мен жастардың бейресми білім беру деңгейін анықтауға септігін тигізеді.

Сапасын, деңгейін және рейтингін анықтау үшін мониторингті өткізуге жауапты тұлғалар тәуелсіз аудит жүргізетін әр түрлі қоғамдық кеңес сарапшыларына жүгінеді. Сонымен қатар, АҚШ-та балалар мен жастардың бейресми білім беру ұйымының өзі-өзі бағалаудағы маңыздылығы артты. Осындай шаралар бейресми білім беру мақсатының, міндетінің және технологиясының үнемі жаңаруына септігін тигізеді.

Барлық елдерде бейресми білім беру міндеттерін тиімді шешу педагогтердің дайындық деңгейіне байланысты екендігін түсінеді. Инновациялық білім беру қызметі жаңа тұжырымдамалық тәсілдемелердің, форматтардың, нәтижелерге қойылатын талаптарды жұмыстың дәстүрлі тәртібіне енгізу деп түсініледі.

Қорытындылай келе, қосымша (бейресми) білім берудің қарастырылған әлемдік үрдістері жалпы сипатқа ие екендігін атап өткен жөн. Дамыған елдерде, бейресми білім берудің сапасын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік жүйелердің қызметін жақсарту үрдісі бар екендігі анықталған: сенім қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету

үшін ортақ өлшемдер мен әдістерін әзірлеу; білім беру сапасын бағалау бойынша жұмысына сарапшыларды тарту сияқты.

## 3. Қазақстандағы қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытының даму ерекшеліктері, жағдайы, жетістіктері мен мәселелері

Балаларға қосымша білім берудің отандық жүйесі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық білім беру қызметі саласында бірегей әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерін қарастырады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары кәсіби-бағытталған және білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Қосымша білім беру балаға білім мен шығармашылықта, өзін-өзі пән, әлеуметтік, кәсіби, тұлға ретінде анықтауға тұрақты қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру бағдарламаларымен оқитын балаларды сабақтан тыс жұмыс жүйесіне қосудың өз ерекшеліктері бар және әр нақты мектептің қарасытыратын қосымша білім беру деңгейіне байланысты әр түрлі тәрбиелік нәтижелер береді. Бұл:

жұмыстары бір-бірімен аз үйлескен және қолда бар материалдық және кадрлық жағдайларға байланысты кездейсоқ үйірме, секция, клуб жиынтықтары;

балалар шығармашылық ұжымдары мен бірлестіктерінің ішкі шоғырлану жұмысы, олардың қызметі мен бағытының айырмашылықтары;

балаларға қосымша білім беруді жеке мектептің бөлігі ретінде дамыту;

балаларға негізгі және қосымша білім берудің интеграциясы, мектептердің негізгі ұйымдастырушылық және мазмұндық бірлігінің құрылымы болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта жұмыс тәжірибесінде жоғарыда аталған ұйымдастырушылық модельдердің барлығы қолданылады. Әрбір үлгі оны жобалайтын және әрі қарай практикада жүзеге асыратындар үшін белгілі бір құндылықтарға ие болуы мүмкін.

Жоғарыда аталған үлгілерді пайдалана отырып, балалармен атқарылған жұмыстың сапасы қазіргі қоғамдағы бағдар мен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, оның ішінде түлектерді әлеуметтендіруі, азаматтық сана-сезімнің дамуы, өзін-өзі билеу, болашақ мамандығын

таңдау, бүлдіргіш мінез-құлықтардан қорғау, кәмелет жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, оның ішінде, қойылған мақсатқа қол жеткізу деңгейін көздейді.

Қосымша білім беру жүйесіне сапалы баға бере алатын негізгі құралдардың бірі уақыт ішінде көрсеткіштердің өзгеру сараптамасы (динамикалық сараптама) және салыстырмалы сараптама болып табылады.

Қосымша білім беру сапасының көрсеткіштері мен индикаторлар жүйесі тең сапада балалардың қосымша білім алуларына тең қолжетімділігі, балаларға қосымша білім беруді дамыту бойынша негізделген рейтингті әзірлеу және енгізу.

Халықаралық статистикаға сәйкес білім берудің ұлттық статистикасын жүргізу – халықаралық деңгейде салыстырымдылығын және Бүкіләлемдік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілігінің Ғаламдық индексінде рейтингілік көрсеткіштердің өсімін қамтамасыз ету үшін қажетті процесс. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мекепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіби деңгейде ғана емес, сонымен қатар қосымша білім беру бойынша Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) құрылған.

Бүгін республикада қосымша білім берумен 1 700 573 білім алушы (61,9%) қамтылған, 2014 жылмен салыстырғанда 109 849 балаға артық.




860 қосымша білім беру ұйымдарында *(сарайлар, үйлер, орталықтар, кешендер, балалар мен жасөспірімдер студиялары, жас техниктер, туристер станциялары мен базалары, балалар музыкалық, спорт мектептері, өнер мектептері, қызығушылық бойынша үйірмелер, сауықтыру және демалыс лагерлері және тағы басқа)* 673 2019 (24,5 %) (2014 г. - 629 200, 23,9 %) балалар, оның ішінде 35 жас туристер станцияларында 19 532 бала (0,7%) қатысады.

| Ұйым түрлері | 2014 жыл | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | **желі** | **контингент** | **желі** | **контингент** |
| | **833** | **629 200 (23,9%)** | **860** | **673 219 (24,5%)** |
| Оқушылар сарайлары | 198 | 300512 | 204 | 296 356 |
| Жас натуралистер станциялары | 19 | 16858 | 18 | 16850 |
| Жас техниктер станциялары | 25 | 15258 | 28 | 16151 |
| Жас туристер станциялары | 35 | 19084 | 35 | 19532 |
| Балалар аула клубтары | 51 | 49215 | 57 | 56 212 |
| Балалар мектептері (БММ, БКМ,БӨМ) | 357 | 122892 | 353 | 120783 |
| Балалар лагерлері | 148 | 105 384 | 156 | 140 794 |
| Спорт мектептері | 0 | 0 | 9 | 6 541 |

Мектептердегі 56 мыңнан астам үйірмелерде - 1 027 354 (37,4%) (2014 г - 961 524 бала немесе 36,6 %), оның ішінде тірістік-өлкетану бағыты бойынша 2 424 үйірмелерде – 40 448 балалар қамтылған.

Қосымша білім беру сапасын бағалау шаралары шеңберінде өңірлердегі қосымша білім беру жүйесінің қызмет ету нәтижелері туралы мәліметтер де маңызды рольді атқарады. Қазақстан Республикасында білім беруді және




ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізілген көрсеткіштер мен индикаторлар мониторинг жүйесін құруға, қосымша білім беру бойынша бағдарламаларды тиімді іске асыруды бақылауға, Елбасы Н.Ә.

Назарбаевтың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларында көрсетілген қосымша білім беру жүйесінің бірқатар негізгі бағыттары бойынша реформалау процесін анықтауға мүмкіндік береді (балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы, балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану және тағы басқа).

Ұлттық статистиканы халықаралық статистикамен сәйкестендіру қазақстандық рейтинг көрсеткіштерінің өсуін қамтамасыз етеді.

2015 жылы жаңа қосымша білім беру ұйымдардың ашылуының оң тенденциясы байқалды: Жамбыл облысында (+9 бірлік), Атырау (+2 бірлік), Алматы (+2 бірлік), Атырау (+2 бірлік), Қызылорда облыстарында (+2 бірлік).

Мектептен тыс ұйымдарда қосымша білім берумен ең үлкен қамту –Батыс Қазақстан облысында - 60,4%, Шығыс Қазақстан облысында - 51,2%, Солтүстік Қазақстан облысында - 42,9%, Қостанай облысында - 38,2, Павлодар - 36,7%, Ақтөбе облысында- 32,2%.

2015 жылы жас техниктер станциялары мен орталықтарының саны 28-ге артты, оның ішінде 16 - қалада, 12 - ауылдық жерлерде. Қазіргі уақытта республика бойынша техникалық шығармашылықпен қамту 2 % құрайды. 28 жас техниктер станцияларында, 340 шығармашылық сарайларындағы үйірмелерде 7 мен 17 жас аралығындағы 28 мыңнан астам мектептің білім алушылары, 1 896 мектеп үйірмелерінде - 27 344 балалар айналысуда. Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстарында балалардың техникалық шығармашылығы айрықша дамыған. Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарында техникалық шығармашылықты дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлінуде.

Балалар мен жастардың техникалық шығармашылыққа қызығушылығы мектептің білім алушылары мен стунденттердің «КазРоботикс» Республикалық білім беру және спорттық робот техникасы чемпионатына және «PoboLand» робот техника бойынша халықаралық фестивальдеріне қатысулары көрсетеді. 2011-2015 жылдар аралығында республикалық техникалық шығармашылық жарыстарына **918** білім алушылар қатысты, оның ішінде **196** білім алушы республикалық жарыстардың жеңімпаздары атанды. 5 жыл ішінде жетістіктердің ең көп саны Ақтөбе (49), Қостанай (20), Павлодар (20), Шығыс Қазақстан облыстарында (18) және Астана қаласы (18).

Қазақстан Республикасындағы балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылыған дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру аясында Ақтөбе қаласы техникалық шығармашылық орталығының және Павлодар қаласы Балалар техникалық мектебінің жұмыс тәжірибесі зерттеліп жалпыланды. Аталмыш тәжірибе 10 тамыздағы республиканың қосымша білім беру педагогтерінің тамыз онлайн конференциясында,

сондай-ақ 2015 жылғы 30 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия отырысында таныстырылды.

Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмі ұзақ мерзімді даму келешегіндегі еліміздің инновациялық дамуының маңызды құрамдас бөлігі, ұлттық экономиканың тиімді және экологиялық таза саласы ретінде қарастырылады.

Республикада туризмді және өлкетануды дамыту **19 мыңнан** астам білім алушыларды қамтыған 35 жас туристер станциялары мен орталықтарының қызметі арқылы жүзеге асырылады. Он жыл ішінде туристік бағыттағы ұйымдар саны **26** бірлікке артты.

Туристік мектеп үйірмелерінде, сарайларда, балалар орталықтарында 60 мыңға жуық білім алушылар қатысады.

Жалпы білім алушылар санынан туристік қызметпен қамту - 2,8 пайызды құрайды (2004 жылы **- 1,6 %).**

«Менің Отаным – Қазақстан», «Атамекен», «Болашақ», «Жас Ұрпақ», «Шұғыла», «Туған елге - тағзым» және тағы басқа туристік-өлкетану бағдарламаларын жүзеге асыру үшін 900 мыңнан астам балалар қатысады.

Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша Батыс Қазақстан облысының жұмыс тәжірибесі зерттеліп жалпыланды. Туризм бойынша 35 орталықтардың 14-і Батыс Қазақстан облысында.

Орталық қарамағында «Этюд» көркемөнер студиясы, «Балалар даму академиясы» қоғамдық бірлестігі, Мәскеу халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының қазақстандық бөлімі қызмет етеді. Орталық базасында республикалық және халықаралық дәрежедегі іс-шараларды ұйымдастырып өткізу жақсы дәстүрге айналды.

Жыл сайынғы «Каспий аймағындағы туризмді дамыту» халықаралық форумы аясында балалар туризмін дамыту бойынша Маңғыстау облысы әкімдігі және Байқоңыр қ. әкімшілігі арасында ақпаратпен алмасу дәстүрге айналуда.

«Экотуризм және өлкетану» Павлодар облысының облыстық орталығы базасында туристік экспедиция «Менің Отаным - Қазақстан» жобасы сәтті жүзеге асуда. Бұл орталықтың оқу процесі жеке және командалық өлкетану және туристік нәтижелері мен спорттық дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Физикалық, рухани және әлеуметтік сауықтыру, Отанды тану, шығармашылық әлеуетінің ашылуы және спорт жетістіктерін жетілдірудің бірден бір тиімді тәсілдері балалар мен жастардың спорттық-сауықтыру қозғалмалы ақшатыр лагерлері мен саяхаттарына

белсенді қатыстыру болып табылады. Жыл сайын республикада 1300-ден астам бейінді, киіз үйлі, ақшатыр лагерлері ұйымдастырылып, онда 140 мыңнан астам балалар туристік дағдыларын алып денсаулығын жақсартады.

Елімізде балалар мен ата-аналар арасындағы көпшілікті және танымал бағыттардың бірі қосымша білім берудегі көркем-эстетикалық бағыт болып табылады. Бүгін Қазақстанда жалпы **400 000**-нан астам баланы қамтитын **193** музыкалық мектептер, **129** өнер мектептері, **31** көркемөнер мектептері, **204** Оқушылар сарайлары бар, онда **127** көркемөнер бөлімшелері қызмет көрсетеді.

Жыл сайын республикамызда ондаған көркемөнер және музыкалық байқаулар, халықаралық көркемөнер жарыстары, көрмелер мен пленэрлер ұйымдастырылады. Осындай байқау-көрмелік іс-шараларды ұйымдастыру жүйесі дарынды балаларды анықтауға, белсенді шығармашылық қызметке тартуға ғана емес, сондай-ақ олардың кәсіби қабілеттерін жетілдіруге септігін тигізеді. Өңірлік, облыстық деңгейлердегі шараларға жүйелі түрде **1 500** мыңнан астам балалар қатысады. Соңғы 5 жылда республикалық деңгейдегі шараларға 5 мыңға жуық балалар қатысып, оның ішінде 700-ден астам бала жеңімпаз атанды.

Қосымша білім берудегі маңыздылардың бірі – **әлеуметтік-педагогикалық бағыт.** Замануи әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы тұлғаның әлеуметтенуі, сонымен қатар баланың бос уақытын ұйымдастыру бойынша көптеген мәселерді шешуге септігін тигізеді. Қосымша білім беру ұйымдарына қарасты қызығушылық бойынша **23** клубтарда, **13** жыл бойғы лагерлерде, **508** аула клубтарында 120 мыңнан астам балалардың бос уақыты қамтамасыз етілген.

Республикада **120**-дан астам мектеп жауынгерлік даңқ мұражайлары, **500** патриоттық бірлестіктер жұмыс істейді. Оларда отыз мыңнан астам білім алушылар айналысады. Білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша мектептерде және қосымша білім беру ұйымдарында жүйелі жұмыс атқарылуда, «Жас Ұлан» әскери-патриоттық ойындары, әскери-қолданбалы спорт түрлерінен жарыстар, ерлік сабақтары, Ұлы Отан соғысы және әлемнің ыстық нүктелері ардагерлерімен кездесулер, байқаулар ұйымдастырылады. Республикада балалар қоғамдық ұйымдары белсене қызмет етеді. Педагогикалық жасақтар педагогтар мен ата-аналарға бір жыл ішінде балалардың бос уақытын, денсаулығын жақсартуға және жаз уақытында демалысын ұйымдастыруға көмектеседі. Аула клубтары және бос уақыт орталықтары белсенді қызмет етеді.

**Сонымен қатар,** Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытуға әсер ететін, жағдай сараптамасы және

факторлары осы бағыттың республикада тез дамуын тежейтін негізгі себептерін белгілеуге мүмкіндік береді:

қосымша білім берумен балаларды жеткіліксіз қамту;

мектептен тыс ұйымдар жілісінің, сонымен қатар робот құрастыру және техника үйірмелері, IT – алаңдары, жас туристер мен натуралистердің бірлестігінің жеткіліксіздігі;

ауылдық жерлердегі қосымша білім беру қорларының әлсіз ашылуы (қала - 15,5%, ауыл - 9,1%);

қосымша білім беру ұйымдарының заманауи құралдармен әлсіз жабдықталуы (78%);

қосымша білім беру бойынша білім беру бағдарламаларын жаңартуға назар аударуды қажет етеді;

қосымша білім берудегі бәсекелестік механизмінің болмауы білім беру бағдарламаларының жаңаруы мен қызмет сапасының арттыруын және тағы басқа ынталандырмайды.

Қазақстанда қосымша білім беру деңгейі әлі күнге дейін әлемдік трендттерге толық мөлшерде сәйкес келмейді. (Қазақстанда мектептен тыс ұйымдармен балаладың қамтылуы – 24,5%, ал Беларуссияда - 44%, Ресейде - 64%, Еуропа елдерінде- 50% және одан да жоғары).

Осылайша, өңірлердегі қосымша білім берудің ағымдық жағдайының талдауы ұйымның даму сапасын бағалауды педагогикалық жобалау, сондай-ақ осы бағалардың диагностикалық материалдары негізінде қалануы керек. ындағы педагогикалық жобалаудың сапа бағалауы, сонымен қатар осы материалдардың диагностикалық бағасы негізіне қалануы тиіс. Балаларға қосымша білім берудің даму тиімділігін бағалаудың өлшемдік көрсеткіштерін мақсатты түрде ерекшелеген кезде ғана ұйым қызметінің сапасын объективті бақылауды қамтамасыз ету және тиімді нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болады.

## 4. Балаларға қосымша білім беру жүйесінде педагогикалық қызмет нәтижесін бағалау сипаттамасы

### 4.1. Қосымша білім берудегі педагогикалық және білімділік нәтижелерінің проблемалары

Мемлекеттік білім стандарттарын енгізу қоғам талабының артуымен байланысты. Дегенмен, бүгінгі күні балаларға қосымша білім беру жүйесі үшін мемлекеттік білім беру стандарттары жасалмаған, қосымша білім беру ұйымдары әрекетінің критерийлері, балаларға қосымша білім беру жүйесі мамандарының педагогикалық әрекетін бақылау инструментарийлері жоқ.

Проблемалар, ең алдымен, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының алуан түрлілігімен, олардың мақсатының, құрылымы мен әдістерінің әртүрлілігімен, әрине, қосымша білім стандарттарының жоқтығымен байланысты.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде стандарттың болмауынан, сапа проблемасы оны шешу жолын іздестіруде ерекше қиындықтарға кездеседі. Оның үстіне ол келесі факторлармен тереңдей түседі:

- қосымша білім беру сапасы түсінігіне анық түсініктеме берілмеген;
- балаларға қосымша білім беру ұйымдарында ненің білім нәтижесі болатыны анықталмаған;
- қосымша білім беру сапасын және оның нәтижесін бағалаудың әдістемесі жасалмаған.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде бағалау әрекетінің практикасын талдау мыналарды анықтауға мүмкіндік берді:

- қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық үдерістің нәтижелілігін бағалаудың көптеген аспектілерінің теориялық және әдіснамалық жағынан жеткіліксіз дайындалуы;
- әртүрлі бейіндегі қосымша білім беру ұйымдарында әрекеттің нәтижелілігін жүзеге асыру тәжірибесінің үзіліспен жүруі;
- білім алушылардың және басқалардың оқу жетістігін мектептің және мектеп мұғалімінің бағалауынан тәуелсіз бағалауға көшу механимінің болмауы.

Бұдан басқа, қосымша білім беру жүйесінде «нәтижелер» ұғымына өте жиі позитивтік мағына беріледі: сөз, ереже бойынша, оң жетістіктер туралы айтылады; педагогикалық әрекеттің нәтижелері және сапалары туралы түсініктер араласып кеткен; Нәтижелілік проблемасы және оны бағалау педагогикалық үдерістегі өлшемдер туралы мәселелермен байланысты.

Ең үлкен қиындық таңдауда, әсіресе, бағалаудың *валидтік* әдістемесін жасауда, бұл жалпылама емес, әрбір нақты жағдайда нені бағалау қажеттілігі көрсетілетін бағалау инструменті болып табылады. Сондай-ақ, балаларға қосымша білім беру жүйесінде әрекеттің нәтижелілігін бағалау жөнінде мемлекеттік талаптардың (стандарттардың) немесе басқа да нормативтік құжаттардың болмауы кесірін тигізуде.

Бірақ қосымша білім беру ұйымдарының практикалық өміріндегі мұндай нақты қиындықтар педагогикалық және білімдік нәтижелердің проблемасын толықтай ашып көрсете алмайды, мұнда келесі өзара кіріккен қайшылықтар көрініс берді:

- қосымша білім беру мазмұны және оның көпфункционалдығы мен педагогикалық шынайылықта терең бекітіліп қалған оқыту, тәрбиелеу, дамытуды бағалау құралы арасында;

- ізгілік құндылықтары (даралық, өзін анықтау, бостандық, өзін дамыту және т.б.) мен жеке тұлға дамуының көрсеткіштерінің тұрақсыздығы, білім үдерісінің басты нәтижелері ретінде тұлға дамуының динамикасын қадағалау құралдары арасында, ол ойластырудың және шығармашылық, креативтілік, құнды бағдарлар, мәдениет және т.б. ұғымдарды түйсіне анықтаудың енжарлығынан байқалады;

- әртүрлі бағдарламаларды (олардың басым көпшілігі авторлық деп аталады) жүзеге асыру негізінде білім беру әрекетінің үздіксіз практикасы, оларды үнемі жаңартып отыру және әрбір баланың даму нәтижесінің диагностика жүйесінің (нәтижелер мониторингі) жоқтығы, нәтижелерді қандай да болмасын болжау және білім беру үдерісін жобалау қиындығы арасында;

- параметрлер жүйесінің және бағалау критерийінің нақты анықтамасының жоқтығы арасында;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарына қатысты «білімдік орта», «білім сапасы», «білімдік біліктілік», «нәтиже», «әрекет», «тиімділік», «нәтижелілік» түсініктерінің анық түсіндірмесінің жоқтығы және олардың көрсетуі мен бағалауы негізінде мемлекеттік аттестаттау және аккредиттеу процедурасынан өту қажеттілігі арасында;

- қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық үдерістің жекелеген нәтижелерін бағалаудың қолда бар (үзік болса да) практикалық тәжірибесі және оның білім беру үдерісінің компоненті ретінде жүйелілігі мен тұтастығының жеткіліксіздігі арасында;

- білім беру сапасын басқарудың тиімді механизмі ретінде нәтижелілік мониторингін қолдану қажеттілігі және бағалау аппаратының жоқтығы, әдістемелік ұсыныстар мен оны қосымша білім беру сферасында ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етілмеуі арасында;

- қосымша білім беру жүйесінде бағалаудың альтернативті түрі мен әдістерінің кең мүмкіндіктерін әдістемелік жетімсіздігі салдарынан жеткілікті қолданбау және әр түрлі бейіндегі қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігіне бейімделу қиындығы арасында;

- білім беру үдерісінің икемділігі, вариативтілігі, көпдеңгейлілігі және типтік оқу жоспары құрылымының «қаттылығы», ұйымның барлық педагогтері үшін бірдей критерийлер беру (соңынан барлық балаларға қосымша білім беру ұйымдарына аудару) арасында;

- жетекші компоненті педагогтер мен балалардың көпқырлы өзара әрекеті болып табылатын білім беру үдерісін ұйымдастырудың

бірлескен шығармашылық сипаты (кейде . келісімшарт негізінде педагогикалық қолдау мен қарым-қатынас әдісін арнайы қолдану) және барлық нәтижені тек оқытудың қорытынды көрсеткішімен шектеу (табыс, жеңіс жіне т.б. саны), тәрбиелілік немесе көпшілік шараларға, конкурстарға және т.б. жиі қатысу арасында.

## 4.2. Балаларға қосымша білім берудің сапасын бағалау сипаттамасы

Кез-келген білім ұйымдары үшін, оның ішінде қосымша білім беру ұйымдары да бар, ең маңыздысы «уақытпен ілесе жүру», басқаша айтқанда, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекеге лайық болу. Білім берудің сапасын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып, жеке педагогтің де, тұтас педагогикалық ұжымның да *тиімді әрекеті* саналады.

Осы нұсқауда айтылатын **білім сапасы** түсінігі – бұл білім берудің накты қолжетімді нәтижелерінің нормативтік талаптарға, әлеуметтік және тұлғалық сұранысқа сәйкестік дәрежесін көрсететін кіріккен сипаттама.

**Білім сапасының бағасы** – диагоностикалық және бағалау процедурасының көмегімен ресурстық қамтамасыз ету, оқу үдерісі, білім беру нәтижелерінің сәйкестік дәрежесін анықтау.

**Қосымша білім беру сапасын бағалау жүйесі** ұйымдастыру және функционалдық құрылым, норма және тәртіп, диагностикалық және бағалау процедураларының жиынтығын құрайды, ол бірыңғай концептуалды. әдіснамалық негізде білім алушылардың білімдік жетістіктерін, білім беру бағдарламаларының тиімді әрекетін педагогикалық еібектің нәтижелілігін бағалауды қамтамасыз етеді.

Мәнді-мазмұнды сипаттама және қосымша білім берудің негізгі саласындағы рейтингтік баға ерекшелігі параметрлер мен критерийлердің накты анықтамаларын, «білімдік орта», «білім сапасы», «білімдік біліктілік», «нәтиже», «әрекет», «тиімділік», «нәтижелілік» дефиницаларын дұрыс талқылау (балаларға қосымша білім беру ұйымдарында қолданылатын) білім алушылар, педагогтер және қосымша білім беру ұйымдары деңгейіндегі нәтижелерді бағалау жүйесін көрсетеді.

Осы қосымша білім беру ұйымдары әрекетінің нәтижелілігі мониторингінің құрылымдық-функционалды моделі қосымша білім беру жүйесі ерекшелігін ескеріп, жобаланған және оның негізгі блоктарымен тығыз байланысқа түскен (негізгі сала және білімдік тірек біліктілігі блогы, функционалды және нәтижелілік блогы, білімдік ортасының сараптау блогы).

Құрылым келесі бағыттармен анықталған:

- білім алушының тұлғалық дамуы;

- педагогтердің кәсіби және тұлғалық сапасының оң динамикасы;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білімдік ортасының сандық және сапалық сипаттамасы.

Рейтингтік баға бүкіл өмір бойы оқу идеясы секілді өзекті білімдік идеямен үндес, қысқаша айтқанда, «өмір бойы» оқу (long life education).

Мониторинг инструменті ретінде рейтингтік баға кәсіби даярлық пен даму үдерісінің түрлі кезеңдерінде сабақтастықты қамтамасыз етеді, жоспарлауға көмектеседі, білім алушылар мен педагогтердің білімдік және карьералық әрекетін теңестіреді және байқап отырады, оның кәсіби біліктілігінің өсуінің көрсеткіші болады.

Кәсіби табыстардың мониторингтік инструменті ретінде **қызметтік бағалауды енгізу мақсаты:**

- бағалау-ынталандыру (еңбек ақының үстеме бөлігін есептеу үшін негіз);

- дамытушы - қосымша білім беру педагогіне қатысы бойынша;

- дамытушы - білім беру үдерісіне қатысы бойынша.

**Қызметті бағалауды қолдануда шешілетін негізгі міндеттер:**

- білім беру үдерісінің сапасын және педагогтер жұмысының тиімділігін бақылау үшін бірыңғай критерийлер ендіру;

- педагогтердің әрекетін жан-жақты айқындайтын фактілерден ақпараттық база құру;

- тұтастай қосымша білім беру ұйымдарының рейтингін көтеруге ықпал етуші әрекет түрлерін көтермелеу;

- білім беру әрекетінің сапасын көтеруге, олардың санатын және кәсібилігін өсіруге педагогтердің мотивациясын арттыру;

- қосымша білім беру педагогтерінің шығармашылық бастамасын, олардың білімдік, тәрбиелік, кәсіби, әдістемелік және ұйымдастырушылық-педагогикалық әрекетінің өнімділігін дамыту;

- қосымша білім беру ұйымдарының білімдік.тәрбиелік сапасын арттыру.

**Қызметті бағалау жүйесін қолдану төмендегілерге мүмкіндік береді:**

- қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымы әрекетін ағымдағы бақылауды жүзеге асыру;

- қосымша білім беру жүйесіндегі мамандардың білімдік, тәрбиелік, кәсіби, әдістемелік және ұйымдастырушылық-педагогикалық әрекеті нәтижесінің кеңейтілген үдемелі сипаттамасын алу;

- қосымша білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің өз бетінше талдауын және өзін-өзі бағалауын дамыту;

- республика, облыс, қала, аудан көлеміндегі шараларға қатысушылар (білім алушылар мен педагогтер) санын арттыру;

- тұтастай қосымша білім беру ұйымдарының, білім алушылардың, педагогтердің өсу динамикасын анықтау;

- бағалауға дифференциалды түрде қарау, тұтастай педагогикалық ұжымның және жеке педагогтің даму перспективасын анықтау;

- қосымша білім беруді дамытудағы педагогтің рөлі мен орнын айқындау;

- әдістемелік қызмет әрекетінің өнімділігін арттыру;

- педагогтер әрекетінің мониторингін жүргізу;

- эксперименталдық жұмысқа кірісу;

- аудандық білімдік кеңістікте қосымша білім беру ұйымдарының кейпін, рөлін және орнын көтеру.

**Қызметті бағалау төмендегі принциптерге сүйенеді:**

- кешенді тәсіл принципі, оны жүзеге асыру бағалаудың кіріктірілген сипатын қамтамасыз етеді және педагогтер әрекетінің барлық түрін ескереді;

- ақпараттың объективтілігін және толықтығын қамтамасыз ету принципі, ол педагог жұмысының сапасын бағалауда субъективизм элементінің минимумға дейінгі мәліметін қарастырады;

- педагогтердің әрекетін бағалаудың жүйелілігі принципі, ол қосымша білім беру ұйымдарының барша қызметкерлерінің күш салуын қажет ететін проблемаларды үнемі көтеріп отыруды талап етеді және басқарудың жаңа едәуір сапалы деңгейіне шығудың кепілі болады; педагогтер әрекеті сапасының динамикасы тексеріліп отырады;

- ақпаратқа қолжетімділіктің ашықтығы принципі. Ақпарат ақпараттық-коммуникациялық технология көмегімен өңделеді және педагогтердің жеке папкасына (портфолио) орналастырылады. Алынған нәтижелер әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, қорытында педагогикалық кеңесте талқыланады;

- даму және өзін өзі ұйымдастыру принципі, ол жоспарланған шаралардың біртіндеп жүзеге асуына, педагогтер әрекетінде түзету проблемаларын және жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

**Қосымша білім беру сапасын бағалау** бірыңғай тұжырымдамалық-әдіснамалық негізде оларды алуға әсер ететін білімдік нәтижелер мен факторларды бағалауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және функционалдық құрылым жиынтығын құрайды.

**Қызметті бағалау көрсеткіштері** педагог белсенділігінің мүмкін болар түрлерін өзінше бағдарлау болады. Кәсіби біліктілік негізінде көрсеткіштер қосымша білім беру педагогін аттестаттау кезеңінде

анықтайтын факторлардың бірі болады, сомалық баллды айқындауға мүмкіндік беретін шкалалар түзіледі.

Қызметті бағалауды есептеуде қолданылатын **көрсеткіштер,** ең алдымен, жекелеген педагогтер мен барлық бөлімшелерді қосымша білім беру ұйымдары жұмысын тиімді көтеруге және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жүйесінде оның рейтингін көтеруге ынталандырады.

Қосымша білім беру сапасын **бағалауды есептеу процедурасы** бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Процедураның бірінші кезеңінде берілген мәліметтер анықталады, кластерлік модель негізінде қосымша білім беру ұйымдарын дифференциациялау үшін белгіленген алғашқы ақпарат формасы толтырылады.

2. Сапаны бағалау процедурасының екінші кезеңінде сапа көрсеткіштері блоктарға бөлінеді, олар төмендегілерді сипаттайды:

- жағдай;
- үдеріс;
- нәтиже.

3. Сапаны бағалау процедурасының үшінші кезеңі – баллдарды беру үдерісі. Сапа индикаторлары болып орташа өңірлік көрсеткіштер алынады. Әрбір блок бойынша сомалық балл есептеледі, одан кейін үдеріс сапасы мен нәтиже сапасының қорытынды кіріккен көрсеткіштері анықталады.

Әрі қарай әрбір кезең толығырақ суреттеледі.

**1. Білімдік-тәрбиелік үдерісті қамтамасыз ету жөнінде қосымша білім беру ұйымдары жасаған жағдай бағалары:**

- сапалы қосымша білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- білімдік үдерісті ұйымдастыру жағдайын бағалау;
- тәрбиелік үдерісті ұйымдастыру жағдайын бағалау;
- лауазымдық нұсқаулықты орындау;
- ата-аналар қауымын білімдік.тәрбиелік үдеріске тарту деңгейі (сандық көрсеткіші, белсенділік, бірлескен шараларға қатысу, спонсорлық көмек көрсету және т.б.).

*Оқытудың жайлылығын бағалау:*

- еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтерінің (қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, өрттен қорғау, өндірістік санитария, террордан қорғау) нормативтік құжаттардың талаптарымен сәйкестігін бағалау;
- оқыту жағдайының СанПиН талаптарына сәйкестігін бағалау (қосымша білім беру ұйымдарының орналасуы, жер телімі, ғимарат, бөлменің жабдықталуы, ауа-жылу режимі, табиғи және қолдан

жарықтандыру, сумен қамту және канализация, жалпы білім беру үдерісінің режимі);

- моральдік-психологиялық ахуалды бағалау;
- психологиялық көмек көлемін және сапасын бағалау;
- оқытудың жайлыдығы.

*Материалдық-техникалық жағдайды бағалау:*

- білім беру үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету сапасын бағалау;
- қолданыстағы білім беру бағдарламалары, әдістері және технологиялары тиімділігін бағалау;
- білім беру үдерісіне қатысушыларды және жұртшылықты білім беру үдерісінің нәтижелілігі, білім беру қызметіні сапасы мемлекеттік стандарт талаптарына және нормаларына сәйкестігі туралы ақпараттандыру деңгейін арттыру.

*Қаржы-экономикалық жұмыс сапасын бағалау*, оған төмендегіоер жатады:

- штаттық кестені талдау;
- топтардың толықтығын талдау;
- қаржы жылына арналған бюджеттік ассигнование бойынша және оның жұмсалу бөлігін қолдану өнімділігі бойынша сметаны талдау;
- қосымша білім беру қызметі жүйесі;
- ақылы қосымша білім беру қызметі және табыс әкелетін басқа қызмет бойынша келісімшарттардың болуы;
- білім берудің қолжетімділігі;
- көмек көрсету бағдарламаларының болуы;
- қосымша білім беру ұйымдарының қаржылық-экономикалық жұмысын жоғары және басқа ұйымдардың тексеру және зерттеу актілері бойынша қабылданған басқару шешімдерін бағалау.

*Білім алушылардың денсаулығы жағдайын бағалау:*

- санитарлық-эпидемиологиялық, гигиеналық және алдын алу шараларын өткізу жиілігі және сапасы;
- білім алушылардың, педагогикалық және басқа қызметкерлердің ауырып қалуын бағалау;
- сауықтыру жұмысының тиімділігін бақалау (оқу пәндері мазмұнының сауықтыру компоненті, денсаулық сақтау бағдарламалары, күн режимі, каникул кезінде балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру және т.б.).

**2. Білімдік-тәрбиелік үдеріс сапасын бағалау:**

- білім беру үдерісін ұйымдастыру сапасын бағалау;
- көрсетілетін қосымша білім беру қызметінің саны және олардың білім алушыларды қамтуы;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білімдік ортасы үш негізгі блоктан тұрады:

- педагогикалық әрекеттің нәтижелілігі мониторингін ұйымдастырудың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттіки негіздеу;

- балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім алушылардың дамуын диагностикалау және айқындау бағдарламаларын жүзеге асыру;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарында бағалау жұмысын жетілдірудің педагогикалық жағдайын зерттеу әдістемесі;

- ата-аналар мен білім алушылардың қосымша білім беру қызметіне, оның ішінде ақылы, қызығушылығы;

- ата.аналар мен балалардың сұранысына қосымша білім беру қызметінің саны мен сапасының сәйкес дәрежесі;

- көрсетілетін білім беру қызметінің нәтижелілігі (конкурстар, жарыстар, фестивальдер және т.б. жеңімпаздарының саны);

- педагогтердің кәсіби біліктілігі мен олардың талап етілген білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі әрекетін бағалау.

**3. Қызмет нәтижелілігі деңгейін бағалау:**

- білім алушылардың жеке білімдік жетістіктерінің сапасын бағалау;

- білім алушылардың білімдік жетістіктерінің динамикасы;

- білім алушылардың тұлғалық өсуі;

- аудандық, қалалық (облыстық), республикалық және басқа конкурстарға, жарыстарға, фестивальдерге қатысуы және жұмыс нәтижелері;

- білім алушылар мен ата-аналардың алатын қосымша білім беру қызметінің сапасы мен нәтижелілігіне қанағаттану дәрежесін бағалау;

- алған білімі мен білігінің практикада қолдану дәрежесі.

## 4.3. Қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері

Балаларға қосымша білім беру қызметінің мазмұнын талдау, әдетте, жүйелі мониторингтің мәліметтерін пайдала отырып, білім беру ұйымы қызметтерінің барлық бағыттарының бағалық сипаттамасына негізделеді және жалпыланған нәтижелерді қамтиды. Өз кезегінде, балаларға қосымша білім беруді дамыту туралы нәтижелері объективті талдау негізінде ұжымдық іс-әрекет нәтижелері қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету кезінде байқалып, дамыту бағдарламаларының негізі болып табылады.

Осылайша, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқару нәтижелілігін зерделеу үшін нәтижелілік өлшемін, яғни қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдерін таңдау қажет. Бұл, тұтатас алғанда қосымша білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерінің, сондай-ақ басқару ерекшеліктерінің есебін болжайды. Балаларға қосымша білім беру ұйымының дамыту тиімділігін бағалауды дұрыс анықтау, қосымша білім беру сапасын екі ұғымдар тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді: **процестің сапасы мен нәтижелер сапасы.**

Қазіргі уақытта қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануды бақылау ресми сипатқа ие болғандықтан, балаларға қосымша білім беру сапасын арттыру мақсаттарын ескермейді. Ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың білім беру процесіне қатысу деңгейінің төмен деңгейі байқалады.

Бүгінгі таңда республикада балаларға қосымша білім беру тиімділігінің сапасын бірыңғай бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерінің болмауы өзекті мәселелердің бірі болып қалуда. Осыған орай, Қазақстанда балаларға қосымша білім беруді дамыту тиімділігін бағалаудың өлшемдік моделін әзірлеудің қажеттілігі туындауда. Сонымен қатар, балаларға қосымша білім берудің әр түрлі бағыттары бойынша *(көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық)* қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыру үшін өлшемдерді әзірлеу, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және білім беру сапасын жаңарту қажеттілігімен қамтамасыз етілген. Белгігі болғандай, білім беру нәтижелерін бағалаудың бірыңғай өлшемдері мен көрсеткіштерінің болуы кез-келген педагогикалық ұжымның білім беру ұйымдарындағы білім беру нәтижелерін жалпы түсіну көрсеткіші ретінде болады, ұйымның мониторингтік жүйесінің мазмұнды негізі, жобалаудың жүйе құраушы факторы болып табылады.

Қазіргі уақытта басқару тиімділігінің ұғымы: моральдық-психологиялық климат, ережелерді және заңнаманың нормативтік талаптарын сақтауды, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ағымдағы қызметін ұйымдастыруды, тәрбиелеу, оқыту және дамыту сапасын арттыруға септігін тигізетін қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануды, ресурстарды тиімді қолданудың жүйелі бақылуды, қолда бар ресурстарды сақтау және жаңарту қызметі сияқты бірнеше аспектілерді құрайды.

Балаларға қосымша білім берудің қалыптасуы және оның дамуы білім беру мазмұнының, білім беру процестерінің, қызмет тәсілдерінің, әрекеттестік пен ынтымақтастықтың мінездемесінің, жеке білім беру

және нәтижелілігінің, педагогикалық ұжымдардың, ұйымдық басқару құрылымдардың өздігінен дамуы арқылы әдетте жүзеге асырылады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызмет нәтижелерінің бағалау өлшемдері олардың көп өлшемді, педагог және тәрбиеленуші жағын да тұлғалық өзгерулерді қамтитын, ересек және баланың өзара іс-қимыл, дамушы динамикалық қарым-қатынастарды қоса алғандағы мағына бойынша ерекшеленеді.

Қосымша білім беру ұйымының қызмет нәтижелілігі мен сапа өлшемін анықтауға әр түрлі тәсілдер бар.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор О.Е. Лебедев білімділіктің үш деңгейін анықтайды: *қарапайым сауаттылықты, функционалды сауаттылықты, құзыреттілік.*

Мысалы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Я. Журкина осындай сабақтан тыс қызмет нәтижелілігінің өлшемі ретінде *баланың таңдаған қызметіне деген көзқарасы* деп белгілеген. Осы негізде оның деңгейі анықталады: *ойын-сауық, қолданыс, шығармашылық.*

Ғалым И.В. Калиштің ойынша, қосымша білім беру педагогі қызметінің нәтижелілігінің көрсеткіші болып *бір жағынан,* тәрбиеленушілердің білім беру бағдарламасын сәтті игеруі; өздері айналысатын іске беріле қарауы; олардың әр түрлі байқаулар, фестивальдер, көрмелер мен жарыстарға қатысуы мен жетістіктері; балалардың ерте кездегі кәсіби бағдары болса, *басқа жағынан* - жеке кәсіби өсуі болып табылады.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Е.В. Титова тәрбиелеу қызметінің нәтижелілігі деп нағыз мүмкіндікті қамтамасыз ететін, педагогтың тәрбиеленуші қызметін ұйымдастырудың осындай жетістіктерін түсінеді: олардың жан-жақты жеке көрінісі (тұлғаның құндылықты маңызды көрінісінің оң динамикасы), олардың жеке тәжірибелерін әлеуметтік және тұлғалық мәнге байыту; (тұлғалық, топтық, ұжымдық) пәндік-тәжірибелік жетістіктерін сәйкес анықталатын қызметтерінің нәтижелілігі. Осыған орай, балаларға қосымша білім беруде *баланың тұлғалық жетістіктері оның нәтижелілігі мен маңызды өлшемі* ретінде қарастырылатынын атап өту жөн.

Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының негізгі көрсеткіштерінің өзгеруін бақылау мүмкіндігі – білім беру қызметін жүзеге асыратын кез келген заманауи ұйымның жетістігің кепілі. Өз қызметін өте үлкен негізгі көрсеткіштер санымен өлшейтін заманауи білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерінің дер кезіндегі мониторингі тез өзгеріп отыратын келеңсіз жағдайлардан құтылуға және оңтайлы нәтижелерге жетуге көмектеседі.

**Білім беру сапасын бағалау жүйесінің мақсаттары**:

Білім беру сапасына әсер ететін, өзгерістерді дер кезінде анықтайтын және ықпалдарды анықтауды қамтамасыз ететін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім берудің жағдайының **бірыңғай бақылау және диагностика жүйесін құру**;

қосымша білім беру ұйымдары, оның ішінде туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру сапасының жағдайы, оның деңгейіне әсер ететін өзгеру үрдісі мен себептері жайлы **объективті ақпарат алу**;

білім беру қызметін **тұтынушылардың ақпараттану деңгейін арттыру;**

қосымша білім беру, оның ішінде туристік өлкетану бағыты бойынша бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қалбылдау алдында **әділдікті қамтамасыз ету**.

**Міндеттері:**

Қосымша білім беру ұйымдарының, оның ішінде турситік-өлкетану бағыты бойынша нәтижелілілігі мен қызмет көрсету сапасының жалпы өлшемдерін сипаттайтын көрсеткіштерді әзірлеу;

мониторинг нысандары бойынша аралас және объективті ақпарат ұсыну үшін әрбір бағыт бойынша рейтингтер әзірлеу.

Қосымша білім беру ұйымдарының, оның ішінде туристік-өлкетану бағыты бойынша қызмет көрсету сапасын және қызметін бағалауды ұйымдастырудың **негізгі қағидалары:**

**жүйелілік қағидаты** – оқытудың жалпы процесінің және білім алушыны әлеуметтендірудің құрамдас элементтері ретінде, білім алушыларды дамытудағы жоспарланған нәтижелерді зерттеуді болжайды;

**жеке тұлғаға бағдарлану қағидаты** – қосымша білім беру ұйымдары қызметтерінің тиімділігін зерттеу, оларды дамытудың біртұтас негізгі факторларында білім алушылардың оқу процесін зерттеуге бағыттайды;

**объективтілік қағидаты –** тәуелсіз зерттеуді және мәліметтерді түсіндіруді болжайды және зерттеу барысында құмарлықты, жеке көзқарасты, теріс ұғымды және мамандардың жеткіліксіз кәсіби құзыреттіліктерін болдырмау үшін барлық шараларды қолдануды қарастырады;

**детерминизм қағидасы (уағдаластық себептері)** білім алушыларды әлеуметтендіруге және тәрбиелеуге себептейтін әр түрлі әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық факторларды көрсетеді;

**адам құқықтарын сөзсіз құрметтеу қағидасы** субъектілердің тікелей теріс бағалау және жеке сипаттамаларынан ауытқуды көздейді.

Білім сапасының мониторингісінің негізгі бағыттары, құралдарды әзірлеудегі тұжырымдамалық тәсілдер, өңдеу және нәтижелерді ұсыну тәсілдері қосымша білім беру ұйымдарының қызмет сапасын жалпы бағалау өлшемдерімен және қызмет нәтижелілігімен сипатталатын көрсеткіштерге негізделеді:

**ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі** (ақпараттың маңыздылығы мен толықтығы, білім беру қызметін пайдаланушылармен әрекеттестігінің қолжетімділігі) ұйымдар туралы 0 ден 10 баллға дейін бағаланады;

білім беру қызметі жүзеге асырылатын **қолайлы жағдайлар** (ұйымды материалдық-техникалық және ақпараттық қамту, денсаулығын қорғау мен нығайту үшін жағдайлардың болуы, білім алушыларды оқытуды және олармен жеке дербес жұмыс жасау ұйымдастыру, дамуында шектеу бар балаларды оқытуды ұйымдастыру, білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға мүмкіндіктердің болуы, оларға психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсету) 0-ден 10 баллға дейін бағаланады;

**қызметкерлердің аққөңілділігі, әдептілігі, құзыреттілігі** – білім беру қызметін алушылардың жалпы сұралған санынан пайыз мөлшерінде оң баға берушілердің санымен анықталады; ұйымның **білім беру сапасымен қанағаттану** (ұйымның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, білім беру қызметтерінің сапасы, таныстарға және туыстарға ұйымды ұсынуға дайындығы) білім беру қызметін алушылардың жалпы сұралған санынан пайыз мөлшерінде оң баға берушілердің санымен анықталады;

Балаларға қосымша білім беру ұйымдардың нәтижелілігі мен қызметтердің сапасын бағалаудың әдістемелік құралдары келесі тәсілдерді қолдануды қарастырады:

**Тест жүргізу -** білім алушылардың арнайы әзірленген бірқатар тапсырмаларды орындау нәтижерін сараптау арқылы білім алушылардың жоспарланған және нақты жеткен жетістіктер дәрежесін анықтауға **септігін тигізетін зерттеу тәсілі.**

**Сұрақ қою** – білім алушылардың ауызша хабарламасы арқылы ақпарат алу.

Балаларға қосымша білім беру ұйымлдарының қызмет нәтижелілілін бағалау үшін келесі сұрақ қою түрлері қолданылады:

**Сауалнама** – білім алушылардың арнайы әзірленген сауалнама сұрақтарына жауаптары негізінде алынған әлеуметтік-психологиялық эмпирикалық тәсілі;

**Сұхбат** — арнайы әзірленген жоспар бойынша зерттеу процесінің міндеттеріне және білім алушылардың әлеуметтенуіне сәйкес зерттеуші мен білім алушы арасында сөйлесу өткізуді көздейтін,

ауызша комминикативтік тәсілі. Сұхбат барысында қолайлы сөйлесу атмосферасын және сенімді нәтижелер алу мақсатында жағдай жасау үшін зерттеуші білім алушылардың жауаптарына немесе қойылған сұрақтарын жеке бағалары мен өзінің ойын білдірмейді;

**әңгімелесу** – білім алушылардың әлеуметтенуі мен білім алу процесінің ерекшеліктері жайлы мағлұмат алу мақсатында зеттеуші мен білім алушы арасындағы тематикалық бағытталған диалог өткізетін зерттеудің спецификалық тәсілі.

**Психологиялық-педагогикалық бақылау** – білім алушылардың білім алуы мен даму заңдылықтары, ерекшеліктерді мақсатты қабылдау және бекітумен сипатталатын түсіндірмелі психологиялық-педагогикалық зерттеу тәсілі.

**Психологиялық-педагогикалық бақылау** — мақсатты қабылдау және ерекшеліктерді белгілеу, даму заңдылықтары және білім алушылардың оқуынан туындайтын зерттеудің психологиялық-педагогикалық сипаттамалық әдісі. Қосымша білім беру ұйымдарының қызмет нәтижелілігі мен сапа бағалауының өлшемдері аясында келесі бақылау түрлерін қолдану қарастырылады:

**қосылған бақылау –** бақылаушы өзі бақылайтын және бағалайтын білім алушылармен нағыз бейресми қатынаста болады;

**тар мамандандырылған бақылау –** білім алушыларды оқытудың қатаң айқындалған өлшемдерді бекітуге бағытталған.

Зерттеудің негізгі мақсаты қосымша білім беру ұйымдарының көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық бағыттары бойынша әзірленген ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері жағдайында білім алушылардың оқу процесінің динамикасын зерделеу болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері оқыту процесін жүзеге асыратын нәтижелілілік мониторингін қосады. Білім алушылардың оқыту процесін жүзеге асыратын нәтижелілік мониторингі диагностикалық зерттеу жүйесі ретінде ұсынылып,

оқыту жағдайын зерттеуге;

оқыту жағдайын бағалауға;

оқытуды дамыту болжамы;

жағымды процестерді дамыту және анықталған жағымсыз процестердің алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының **нәтижелілік өлшемдерін** жүзеге асыру білім алушылардың негізгі көрсеткіштерінің **динамикасы** болып табылады.

1. Білім алушылардың тұлғалық, әлеуметтік, экологиялық, кәсіби алдын-алу және денсаулық сақтау мәдениетін дамыту динамикасы.

2. Ұйымдағы психологиялық-педагогикалық және адамгерішілікті атмосферасының өзгеру динамикасы.

3. Ата-аналардың оқыту процесіне араласу дәрежесі және балалар мен ата-аналар қарым-қатынасының динамикасы.

Осылайша, қызмет нәтижелілігінің көрсеткіші:

**а) ұйымның негізгі қызметі:**

жұмысты жоспарлау;

ұйымның және оның ішіндегі балалар мен ересектердің кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ғылыми-техникалық бағыттағы нормативтер және бекітілген нормаларға сәйкес ұйым бөлмелерінің білім беру қызметтерін сапалы көрсетуге қажетті жабдықтармен, техникалық және өзге құралдармен жабдықталуы;

балалар мен олардың ата-аналарының білім беру қызметінің көрсету сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттануы;

көрсетілетін білім беру қызметінің сапасына негізделген шағымдардың болмауы;

заманауи инновациялық қызметтің жүзеге асырылуы;

ұйымның ақпараттық ашық болуын қаматамасыз ету;

қамқоршылық кеңестер құру және қызметін қамтамасыз ету;

жалпы орта білім беру ұйымдарында және ата-аналар арасында ақпараттық-таныстыру жұмыстарын өткізу;

қосымша білім беру ұйымдарының қызметін насихаттау болып табылады.

**б) ұйымның (басшысының) орындаушылық тәртібі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұлттық білім беру дерек қорын (ҰББДҚ) дер кезінде толтыру;

бюджет қаражатын мақсатты және тиімді пайдалану;

бюджеттен тыс қаражатын мақсатты және тиімді пайдалану;

ақылы көрсетілетін қызметтерден түскен қаражатты тиімді жұмсауға қатысты;

**в) мамандар мен жұмысқа бағытталатын ұйымның (басшысының) қызметі,** атап айтқанда:

ұйымның қосымша білім беру педагогтарымен толықтырылуы;

қосымша білім беру педагогтарының біліктілігін арттыру мерзімін сақтау.

Қосымша білім беру педагогтарының қызмет нәтижелілігінің көрсеткішін анықтау кезінде төмендегілерді ескерген жөн:

ішкі тәртіп ережелерін және функционалдық міндеттерін сақтауға;

инновациялық қызметтерге және әдістемелік жұмыстарға қатысу ( оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік басылымдар, оқу құралы, ұсынымдар, сонымен қатар конференциялар мен семинарларға сөздер дайындауға және әзірлеуге қатысу);

кәсіби шеберлік, шығармашылық зертханалар, тәжірибелік топтар байқауларына қатысу;

біліктілігін арттыру немесе кәсіби дайындық бағдарламаларын игеру;

білім беру процесінде жаңа тиімді технологияларды пайдалану;

көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы мен саны бойынша балалардың және ата-аналарының қанағаттануы (олардың көрсетілуі бойынша негізделген шағымдардың болмауы).

Білім беру ұйымдарының қызмет тиімділігінің мақсатты көрсеткіштерін орындауды бағалау жылына кемінде бір мәртеде, ал қосымша білім беру басшылары мен педагогтарын есептік кезеңдегі баллдарды қосу және рейтингтік кестелерді қалыптастыру арқылы олардың қызметтерін белгіленген бағалау өлшемдеріне сәйкес жартыжылдықта бір рет өткізу ұсынылады.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым қызметтерінің тиімділік көрсеткіштерінің ұсынылатын минималды тізімі басшылар мен педагогтардың жұмыс нәтижлелілігін бағалау өлшемдері балалар мен ата-аналарды сапасы жағынан қанағаттандыратын жұмыс нәтижелерін кешенді және объективті бағалауға, сондай-ақ ұйым педагогының кәсіби деңгейін ынталандыруға мүмкіндік береді.

1-кесте

**Қосымша білім беру, оның ішінде туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері**

| Индикатор | Көрсеткіш | Өлшем |
|---|---|---|
| Ұйымның қызметі | 1. Бекітілген іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес құжаттардың болуы.<br>2. Құрылтай құжаттарының болуы, толықтылығы және сапасы (жарғы, ұжымдық және еңбек шарттары, ішкі тәртіп ережелері, қызмет бағдарламасы, жылдық жұмыс жоспары, тоқсандық, жылдық-есептемелер).<br>3. Педагогикалық жұмыскерлермен өткізілетін іс-шаралардың саны мен сапасы (конференциялар, семинарлар, жиналыстар, біліктілікті арттыру курстары), олардың тиімділігі.<br>4. Балаларға қосымша білім беру бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу | |

| | | |
|---|---|---|
| | және эксперименттік апробациялау.<br>5. Педагогтардың, ұйымның жұмыс тәжірибелері: республика деңгейінде;<br>облыс деңгейінде;<br>қала деңгейінде жалпыланды.<br>6. Бір педагогтің БАҚ, конференция, семинар, курстарда жарияланған мақалаларының, қатысуларының, әдістемелік әзірлемелерінің саны.<br>7. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтар саны:<br>республика деңгейінде;<br>облыс деңгейінде;<br>қала деңгейінде.<br>8. Жүлделі орындарға иеленген педагогтар саны:<br>халықаралық деңгейде;<br>республика деңгейінде;<br>облыс деңгейінде;<br>қала деңгейінде.<br>9. Авторлық және жеке бағдарламаларының, әдістемелер мен технологиялардың үздік тәжірибелері мен практикаларын апробациялауға және таратуға арналған алаңдардың болуы.<br>10. Заманауи білім беру технологияларын пайдалану, балаларға қосымша білім берудегі авторлық бағдарламаларды әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.<br>11. Эксперименттік бағдарламалар мен эксперименттік алаңдардың болуы/болмауы, тәрбие беру және білім беру процестерін ұйымдастырудың жаңа формаларын әзірлеу, бейінді оқыту бойынша әзірлемелерінің болуы.<br>12. Тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік күндерді, ашық оқу сабақтарын және іс-шараларды, оның ішінде онлайн-тәртібінде өткізу.<br>13. Әзірленген және басып шығарылған әдістемелік ұсынымдардың, жинақтардың, буклеттердің, ата-аналар мен балаларға арналған ескертпелердің саны.<br>14. Бірлестіктердің (үйірмелер, клубтар, зертханалар және тағы басқа), ондағы білім алушылардың саны;<br>Білім алушылардың пайызы:<br>КЖТБ (кәмелет жасқа толмағандар бөлімі) тіркелгендер;<br>ата-анасының қарауынсыз қалған балалар мен жетім балалар ұйымдарының | |

| | | |
|---|---|---|
| | тәрбиеленушілер;<br>отбасында тәрбиелетін жетім балалар;<br>қамқоршылық пен қорғаншылықтағы балалар;<br>ерекше қажеттіліктері бар балалар;<br>табысы төмен отбасыларының балалары.<br>15. Контингеттің сақталуы (былтырғы есеп кезеңімен салыстырғандағы білім алушылардың саны, ағымдағы жылда шығып кеткен балалардың саны) .<br>16. Аталмыш ұйымның білім алышыларының құқық бұзушылық саны, %.<br>17. Ата-аналар қоғамдастығымен жұмысты ұйымдастыру.<br>18. Ақылы қызметтер көрсету/ көрсетілмейді (қызметтер түрлері және олардың ақысы) | |
| Падагогикалық кадрлардың сапалық құрамы | 1. Ұғымның штаттық кестеге сәйкес тікелей қызмет көрсететін жұмыскерлерімен қамтылуы, %.<br>2. Кадрлардың тұрақтамауы, %;<br>3. Педагогтардың білімі (сандық және % көрсеткіші):<br>жоғары педагогикалық;<br>жоғары кәсіптік;<br>орта –кәсіби педагогикалық;<br>орта кәсіптік;<br>орта.<br>4. Педагогтардың біліктілігі (сандық және % көрсеткіш):<br>жоғары санат;<br>бірінші санат;<br>екінші санат;<br>санаты жоқ.<br>5. Кадрлардың педагогикалық еңбек өтілі:<br>1 жылға дейін;<br>1 ден 5 жылға дейін;<br>5 тен 10 жылға дейін;<br>10 нан 20 жылға дейін;<br>20 жылдан артық;<br>жұмысшылардың орташа еңбек өтілі – 20 жыл.<br>6. Педагогтардың ғылыми дәрежесінің, атағының болуы.<br>7. Педагогтерде үкіметтік және ведомствалық марапаттарының болуы. | |
| Ұйымның материалдық базасы | 1. Білім беру бағдарламаларының, санитарлық-гигиеналық нормалардың, өрт қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.<br>2. Педагогтардың жұмысын ұйымдастыру үшін жабдықталған бөлмелердің, тұрмыстық бөлмелердің, көлік құралының болуы. | |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік нормативтік құжаттарының болуы.<br>4. Материалдық-техникалық базамен % (өткізуге арналған құрылғылар) қамтылуы:<br>үйірме жұмысы;<br>зерттеу жобалары;<br>лагерлер;<br>ғимараттың болуы (лайықты, типтік, күрделі жөндеуді қажет етеді, апатты жағдайда және тағы басқа);<br>жылыжайлардың, жер учаскелерінің, тағы басқаларының болуы.<br>5. Интернетке қосылуы (компьютерлік техниканың болуы).<br>6. Сайттың болуы.<br>7.Материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға жұмсалынған бюджеттен тыс қаражат мөлшері.<br>8. Материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға жұмсалынған бюджетен бөлінген қаражат мөлшері. | |
| Көсетілетін қызметтердің сапасы | 1. Ата-аналардың қосымша білім бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттануы (сауалнама, сұрақ қою).<br>2. Білім беру қызметтерін алушылардың қатысушыларының сауалнама қорытындысы бойынша ұйымдағы көрсетілетін қызмет сапасына қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі: білім алушылар, ата-аналар.<br>3. Алдыңғы диагностикалық зерттеулердің және ттағы басқа нәтижесімен салыстырғанда білім алушылардың дамуындағы динамика (сауалнама, сұрақ қою).<br>4. Жүлделі орындарға ие болған білім алушылардың саны %:<br>халықаралық деңгейде;<br>республикалық деңгейде;<br>областық деңгейде:<br>5. “Менің Отаным - Қазақстан” Республикалық экспедициялық жасақтарының слет жобасының және басқа да республикалық шараларға қатысушылардың саны.<br>6. Жоғары, кәсіптік техникалық оқу орындарына түскен балалардың саны (%) | |

## 4.4. Қосымша білім беру ұйымдарындағы балаларға қосымша білім беру педагогінің жеке, сондай-ақ тұтас педагогикалық ұжым қызметтерінің тиімділік көрсеткіштері

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі – балаларға қосымша білім беру педагогтерін жеке алғанда, сондай-ақ педагогикалық ұжымды тұтас алғандағы тиімді қызметі болып табылады. Бүгінгі күні қазақстандық білім беруде педагогтер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметін әртүрлі рейтингтік бағалау қолданылады. Дегенмен орын алған тәжірибе нақты өлшемдерге ие болмағандықтан, балаларға қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметті бірыңғай бағалау жүйесі болмағандықтан, кемелінен әлде қайда алыс.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында әртүрлі және көпдеңгейлі қызметтің жүзеге асырылуын, білім беру процесі негізінен әр жастағы топтарда жүруін есепке ала отырып, ұсынылатын білім беру қызметінің сапасы мәселелері одан әрі тым шиеленісе түсті.

Осылайша білім беру қызметінің нәтижесін және білім алушының тұлғасына әсер етуін үздіксіз қадағалау жүйесі біртұтас болмағандықтан, балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметтің тиімділігін бағалау қиын, оның ойдағыдай қызмет істеуін және дамуын елестету мүмкін емес.

Педагогикалық қызметтің тиімділігін анықтау ең алдымен жетілдіру мақсатында жүргізілетіндігін есте сақтау қажет. Сонымен қатар тиімділік дегенді педагогикалық қызмет сапасының жинақталған, біріктірілген көрсеткіші деп түсінеді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында әр педагогтің және тұтас педагогикалық қызметтің көрсеткіштерін, сапа өлшемдерін және нәтижелілігін анықтайтын әртүрлі тәсілдер бар.

Бұл мәселені шешуде педагогикалық мониторингке үлкен мән беріледі. Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру қызметінің сапасы мониторингінің келесі міндеттерін анықтайды:

әдістемелік;
ғылыми;
жобалық;
кеңес беру;
ұйымдастырушылық;
сараптамалық;
ақпараттық.

Мониторинг қорытындысы – жаңа мақсат және міндеттер қою, қызметтің одан арғы жоспарын анықтау, оларды жүзеге асыру механизмінің қоры. Педагогикалық процесті үздіксіз зерттеу келесі негізгі қағидалардан құралады: экологиялылық, ынтымақтастық,

сындарлылық, құпиялық, құзыреттілік.

Педагогикалық мониторинг бұл – жинауды, сақтауды, өңдеуді ұйымдастыру және балаларға қосымша білім беру педагогтерінің әрқайсысының қызметі туралы ақпаратты таратудың, сонымен қатар педагогикалық жүйенің, оның жағдайы мен оның дамуын болжауды үздіксіз қадағалауын қамтамасыз ететін түрі екені белгілі.

Балаларға қосымша білім беру педагогі - дарындылардың және білім алушылардың қабілеттерін дамытумен тікелей айналысатын, әртүрлі бағыттағы қосымша білім беретін бағдарламаны жүзеге асыра отырып, оларды көркемөнер, музыкалық, туристік, өлкетану, техникалық, экологиялық, спорттық қызметке тартатын маңызды мамандардың бірі.

Республикада **860** мектептен тыс ұйымдар және жалпы білім беретін мектептерде **57 мыңға** жуық үйірме бар. 70 мың маман балалардың сабақтан тыс уақыттарын қамтамасыз етеді, оның ішінде:

**19 739** балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, оның ішінде:

жоғары педагогикалық білімді – **12 701**, 64,3% *(2014 г–10970, 59,6%);*

орта педагогикалық білімді – **2263**, 11,5% *(2014г–2698,14,7 %);*

жоғары кәсіби – **3167**, 16,1% *(2014г–2800, 15,2% %);*

орта арнайы кәсіби білімді – **1565**, 7,9 %, *(2014г-1787 (9,7 %);*

білімсіз – **43**, 0,2% (2014г - 147, 0,8%).

50 мыңнан астам мектеп үйірмелерінің жетекшілері.

Бүгін заманауи қосымша білім беру педагогы:

білім алушылардың қосымша білім беру шеңберінде түрлі шығармашылық қызметті ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

үйірме, секция, студия, клуб және басқа да балалар бірлестіктердегі білім алушылардың құрамын іріктейді, оларды оқу мерзімі ішінде сақтау үшін шаралар қолданады;

балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады, сабақтардың жоспары мен бағдарламасын құрастырады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

психофизиологиялық тұрғыдан алғанда жұмыстың нысандарын, құралдарын және әдістерінің педагогикалық негізделген таңдауын қамтамасыз етеді;

балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтайды, тұлғаның рухани-адамгершілігін дамытуға, білім алушылардың тұрақты кәсіби қызығушылықтарын қалыптастыруға жағдай жасайды;

білім алушылардың дербес, сонымен қоса зерттеу қызметін ұйымдастырады, білім беру процесінде инновациялық технологияларды қосады, оқыту мен тәжірибенің байланысын жүзеге асырады;

білім алушылардың жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды;

меңгерген қабілеттерін, шығармашылық қызмет тәжірибесін дамытуын, танымдық қызығушылығын ескере отырып, компьютерлік технологияларды қолданып, білім берудің тиімділігін бағалайды;

тұрақты кәсіби қызығушылықтарын және бейімділіктерін қалыптастыруға жағдай жасайды, зерек және дарынды білім алушыларды, сонымен қоса даму үстіндегі мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсетеді;

балалардың жаппай білім беретін шараларда (байқаулар, форумдар, көрмелер, слеттер, конференциялар, олимпиадалар және басқалар) қатысуын ұйымдастырады;

сабақты өткізу кезінде еңбекті қорғау ережелері мен үлгілерін, қауіпсіздік және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін қадағалауды қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапкершілік артады.

**Қосымша білім беру педагогтерінің қызметін сипаттайтын, оның жұмысының деңгейлік бағалауын анықтау кезінде міндетті түрде ескеретін көптеген сандық көрсеткіштер бар.**

Сансыз зерттеулер қосымша білім беру педагогының кәсіби қызметінің тиімділігі көбіне қатысушыларды оқыту мен тәрбиелеу үшін жүйелі-мақсаткерлік негізінде көптеген міндеттерін қоюды және шешуді алдын ала анықтай білуінен екендігін көрсетеді. Бүгінгі күнде өзінің кәсіби қызметінің көрінісі, оның келешегін құру, қалыптасқан кәсібиліктің ең маңызды көрсеткіші болып табылады.

Заманауи педагогикадағы педагогикалық шеберліктің маңызды өлшемдерінің бірі педагог жұмысының нәтижелілігі болып есептеледі.

Педагог пен баланың білім беру қызметі процесінде накты білім беретін бағдарлама бойынша біріккен жұмысының қорытындысынан білім беру нәтижесін анықтауға болады.

Нәтижелілік - бұл күтілетін және алынған (нормативті немесе субъективті тапсырылған) нәтижелердің сәйкес келу деңгейі.

Білім беру нәтижесі білім алушылардың жетістіктерін қамтамасыз ететін педагогтердің кәсіби құзіреттілігінің аясында, сонымен қатар балалардың оқу саласы және жеке бас нәтижелерінен білім беру нәтижесі анықталады.

Кәсіби құзыреттілік - педагогтің білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту бойынша кәсіби қызметінің саласы. Педагогтің құзіреттілігі кәсіби педагогикалық құзіреттіліктің жиынтығын ұсынады:

**Қ1** — пәндік құзыреттілік;

**Қ2** — кәсіби құзыреттілік;

**Қ3** — әдістемелік құзыреттілік, инновацияға дайындық;

**Қ4** — әлеуметтік еңбек құзыреттілігі.

Қосымша білім беру педагогі рейтингісі келесі формула бойынша есептеледі: **R(қббп) = Қ1 + Қ2 + Қ3 + Қ4.**

Бұл компоненттердің әрқайсысы бірнеше көрсеткіштерден тұрады. **Қ1 — педагогтің талап етілетін білім беру нәтижесінің сапасын қамтамасыз ету бойынша нәтижелілігі:**

білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қабылдау;

әр білім алушының білім беру бағдарламасын меңгеруін қамтамасыз ету;

сапалы білім беру, балаларды дамыту және тәрбиелеу;

балалардың қабілетін анықтау және дамыту, олардың тұлғалық қалыптасуы үшін оқыту және тәрбиелеудің мүмкіндіктерін барынша қолдану;

қызметтің нәтижелілік деңгейінің бағасы.

Педагог қызметінің нәтижелілік көрсеткіші ретінде білім алушылардың жетістіктерін талдаудан бұрын келесілерді анықтап алу қажет:

1. Педагог қандай мақсаттар қояды: олар қаншалықты өзекті, болашағы бар, әлеуметтік маңызды, қосымша білім беруге бағытталғандығы (кешенді оқу-тәрбиелік нәтижеге бағытталған) сәйкес пе? Сонымен бірге қолжетімді және педагогикалық анықталған мақсаттар педагогтің педагогикалық рефлекс деңгейінің биіктігі, өзінің орнын, рөлін сезінетіндігі, келешегін және қорытынды нәтижесін көруі туралы айтады.

2. Оқылатын курстың мазмұны қандай: қаншалықты өзекті, мақсатты, бала үшін маңызды, алуан түрлі және кешенді; қаншалықты оның дамытушылық, тәрбиелік шамасы қаншалықты маңызды; осы мазмұнды таңдау қағидасы қандай; ол қойылған мақсаттарды қаншалықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3. Педагогикалық қызмет қаншалықты ұйымдастырылған: оның барлық бағыттары қалай байланысқан, ол қаншалықты жоспарлы, жүйелі, белгілі; педагогикалық қызметті және білім беру процесін ұйымдастыру қағидалары қандай; педагогикалық технологиялар және әдістер қаншалықты алуан түрлі және гуманистікті; педагог қаншалықты өзінің барлық қызметі мен білім беру процесін ұйымдастыруға шығармашылық қарайды.

4. Білімі (арнайы немес педагогикалық), еңбек өтілі, кәсіби жетістіктері және еңбегі (аттестатталған санаты, марапаттары, лауазымы) бар педагог біліктілігінің көрсеткіштері қандай.

Осындай талдаудың қорытындысында педагогтің кәсіби құзыреттілігі туралы тұтас ұғым қалыптасу керек.

*Кәсіби құзыреттілік* – бұл педагогтің кәсіби қызмет мәселелерінде шешілетін және орындалатын міндеттердің қиындық

деңгейінің және білімді түсіну қабілетінің сәйкес келу шарасы. Педагог қызметінің нәтижелілігінің рейтингтік есебі білім алушылардың жеке білім жетістіктерінің негізінде жүзеге асады.

## Білім алушылардың жеке білім жетістіктерінің сапасы негізінде педагог қызметінің рейтингілік нәтижелілігін есептеу

Балаларға қосымша білім беру педагогі қызметі көрсеткішінің маңызды бөлшегі балалардың жетістігіне бекітілген. Бұл түсінікті: мұндай нәтижелер ең елеулі және маңызды. Дегенмен балалар жетістігінің педагогтің деңгейлік бағалау баллға ауысуы автоматты түрде жүзеге асуы мүмкін емес. Қосымша білім жүйесінде білім беру қызметі балаларға белгілі білімді, ептілікті және дағдыны ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың алуан түрлі тұлғалық сапасын дамытуды болжайды, оның нәтижесін екі топ:

**оқу**, пәндік және жалпы оқытатын білім, қабілет және дағды білім беру бағдарламаларын меңгеру процесінде балада пайда болған белгілейтін;

**жеке бас**, осы үйірме, студия, секциядағы сабақтардың әсерінен баланың жеке қасиеттерінің өзгерісін көрсететін көрсеткіші бойынша бағалау қажет.

Сараптамалық топтың өкілдері білім алушылардың жеке оқу жетістіктерінің сапасының негізінде педагог қызметінің нәтижелілігінің рейтингтік есебін:

**Қ1(до) = Ө + Қ(бб) + Р + Х** формуласы бойынша жүзеге асырады, ол жерде:

**Бж —** білім алушылардың жетістіктері;

**Ө** — білім алушылардың өңірлік байқаулар, сынаулар және т.б. жүлделі орындар үшін бағалау (бірінші орынға — **2**, екіншіге — **1,** үшіншіге — **0,5** балл);

**Қ(бб)** — білім алушылардың қалалық байқаулар, сынаулар және т.б. жүлделі орындар үшін бағалау (бірінші орынға — **4**, екіншіге — **3**, үшіншіге — **2** балл, қатысушыға — **0,5** балл);

**Р** — білім алушылардың республикалық байқаулар, сынаулар және т.б. жүлделі орындар үшін бағалау (бірінші орынға — **5**, екіншіге — **4**, үшіншіге — **3** балл, лауреатқа — **2**, қатысушыға — **1** балл).

**Х** — білім алушылардың халықаралық байқаулар, сынаулар, фестивальдер және т.б. жүлделі орындар үшін бағалау (бірінші орынға — **10**, екіншіге — **6**, үшіншіге — **4**, лауреатқа — **3**, қатысушыға — **2** балл).

## Білім беру бағдарламаларын бағалау

Білім беретін бағдарламалардың рейтингісі күрделілік деңгейі

бойынша жасалады (оның ішінде, оқытуды дамытатын бағдарламалар көбірек жоғары кәсіби біліктілікті талап етеді, сонымен бірге заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдануын,шет тілдерін меңгеруін және оны оқу процесінде қолданылуын ескеру қажет).

**Қ1(оп )** = **Аб** немесе **Эб,** немесе **Иб,** немесе **Мб** + **Тс** + **Иб,** онда:

**Бб** — білім беретін бағдарлама;

**Аб** — авторлық білім беретін бағдарлама**(5 балл)**;

**Эб** — эксперименттік бағдарлама **(4 балл**);

**Иб** — интегралдау бағдарламасы **(3 балл)**;

**Тб** — түрлендірілген бағдарлама **(1 балл)**;

**Тс** — білім беретін бағдарламаның сапасы, талаптарға сай келуі **(5 балл)**;

**Зт** — заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдану **(5 балл)**.

**Қ2 — тұлғалық өзін-өзі жетілдірудің құзыреттілігі, кәсіби өзін-өзі таныту:**

мерзімді біліктілігін арттыру, кәсіби қайта дайындау, білім беру-тәрбиелік процесінде меңгергенді ауыстыру;

қосымша білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігі аясында тұлғалық өзін өзі дамыту жағдайы ретінде педагогтің қарым-қатынасы және дайындығы;

өз бетінше білім алу тақырыбында жұмыс жасау;

қызметтің сапасын өзін-өзі бағалау.

**К2(лс) = Пк + Тс + Скд**

**Тж** — педагогтің тұлғалық өзін-өзі жетілдіруі;

**Ба** — біліктілікті арттыру **(5 балл)**;

**Өж** — өзін-өзі оқыту тақырыбы бойынша жұмыс **(5 балл)**;

**Қсб** — педагогтің өз қызметінің сапасын бағалау **(5 балл)**.

**МҚ — оқу-әдістемелік құзыреттілік, инновацияға дайындығы:**

оқытудың тиімді дәстүрлі әдістерімен үйлестіріп жаңа педагогикалық, инновациялық (сонымен қоса коммуникативтік, жобалық, зерттеу және басқа дамытатын білім беру технологияларын) технологияларды енгізу және қолдану;

аудандық, қалалық, облыстық, республикалық семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, кәсіби байқаулар, шығармашылық шеберханалар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар;

педагогтің инновациялық қызметін ұйымдастыру, сараптамалық немесе ғылыми-әдістемелік қызметке қатысу (сараптаманың нәтижесін сипаттау). Педагогтің инновациялық қызметінің аспектілері:

1 – өте жоғары – 5 балл

2, 3 – жоғары – 4 балл

4, 5 – орташа – 3 балл

6 – жоқ – 0 балл

жарияланымның бар болуы;

әдістемелік әзірлемелер мен ұсынымдарды әзірлеу.

Жұмыстың күрделілігі, көлемі мен нәтижелілігіне 10 баллға дейін бағалау.

**ӘҚ = Жт + Пт + Эқ + Мж + Әә,** онда:

**ӘҚ** — әдістемелік құзыреттілік;

**Жт —** жаңа педагогикалық, ақпараттық технологиялар **(5 балл)**;

**Пт** – педагогикалық тәжірібие **(5 балл);**

**Эқ** — эксперименттік қызмет (научно-методическая) **(5 балл)**;

**Мж** — материалдардың жарияланымдар **(5 балл)**;

**Әә —** әдістемелік әзірлемелер **(5 балл)**.

**Қ4 — әлеуметтік-еңбек құзыреттілік:**

бірыңғай талаптар мен жеке тәртіпті қадағалау: орындаушылық тәртіптің жоғары деңгейі, тәртіптік жазаның және әкімшілік тәртіптің болмауы **(5 балл);**

тіркеу-есептік құжаттарды жүргізу: уақытылы және сапалы дайындау, есептерді, бағдарламаларды уақытылы өткізу, күнтізбелік-тақырыптық рәсімдеу, әдістемелік, өндірістік және басқа жиналыстарға қатысу **(5 балл)**;

жоспар мен бағдарламаны орындау **(5 балл);**

кабинеттің мазмұнына қарай талаптарды орындау **(5 балл);**

педагогтің қосымша білім беру ұйымдарының қоғамдық жұмыстарына қатысуы, білім беретін тәрбиелік міндеттерді тиімді шешу **(5 балл);**

білім алушылар, ата-аналар (сауалнамалар, рефлексия, ұсыныстар кітабындағы пікірлер, ата-аналар тарапынан жазбаша шағымдардың болмауы) және қосымша білім беру ұйымдарының жетекшілерімен (кеңес беру, сараптамалық кеңесте сұхбаттасу) жүзеге асатын қызметтердің сапасын бағалау **(5 балл).**

**Қ4 (ӘЕҚ) = От + Қж + Аб,** онда:

**ӘЕҚ** - әлеуметтік-еңбек құзіреттілігі;

**От** — орындаушылық тәртіп **(5 балл)**;

**Қж** — қоғамдық жұмысқа қатысу **(5 балл)**;

**Аб —** ата-аналар, білім алушылармен жүзеге асатын қызмет сапасын бағалау **(5 балл)**.

Осыдан шыға келе, интегралды көрсеткіштердің кешенді жүйесі үшін негіз болатын қосымша білім беру педагогының рейтингін бағалау құрылымында екі бөлімді белгілеген жөн:

**Формалды** — стандартталған және баллға ауысқан көрсеткіштерді қамтитын мәліметтер.

**Формалданбаған** — білім алушылар, ата-аналар тарапынан.

Қосымша білім беру педагогының қызметін рейтингтік

бағалаудың нысандандырылған бөлігі, олардың негізінде сарапшылар балл қоятын материалдардан тұрады.

Бұл материалдар:

құжаттар (аудандық, қалалық, облыстық байқаулардың реестрі, слеттар, форумдар, бақылаулар, фестивальдер мәліметтері);

біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары;

авторлық бағдарламалар;

зерттеу жұмыстары;

сараптамалық жұмыс және тағы басқалары аясында орындалған сабақтар және бұқаралық шаралардың әзірлемелері болып табылады.

Осылайша, қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметті рейтингтік бағалау педагогтің кәсіби өсуін көтермелеу жүйесін, сондай-ақ ұсынылған білім беру қызметтерінің сапасын тиімді басқаруға алып келеді.

2-кесте.

**Қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметті болжамды бағалау өлшемдері**

| № п/п | Көрсеткіштің атауы | Индикаторлар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| **Жалпы көрсеткіштер** | | |
| 1. | Қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрлармен толықтығы. | |
| 2. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санына шаққандағы инновациялық әзірлемелерді енгізетін педагогикалық қызметкерлердің үлесі. | |
| 3. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санына шаққандағы білім алушылардың зерттеу, шығармашылық және құрылымдық өзін-өзі дамыту бағдарламасын әзірлеген және іске асыратын педагогикалық қызметкерлердің үлесі | |
| 4. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санындағы білім беретін бағдарламаларда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыратын педагогикалық қызметкерлердің үлесі | |
| 5. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санындағы «Ұрпақ +» мәдени білім беру жобасын жүзеге асыру шеңберінде білім беретін бағдарламаларды әзірлейтін педагогикалық қызметкерлердің үлесі | |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Өңірлік, республикалық, халықаралық шараларға қатысатын педагогикалық қызметкерлердің саны | |
| 7. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санындағы біліктілігін көтермелеген педагогикалық қызметкерлердің үлесі | |
| 8. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санындағы заманауи технологияларды (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық) тиімді қолданатын педагогикалық қызметкерлердің үлесі | |
| 9. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санындағы балаларға қосымша білім беретін авторлық бағдарламаларды жүзеге асыратын педагогикалық қызметкерлердің үлесі | |
| 10. | Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санындағы ғылыми конференциялар, кәсіби байқаулар ұйымдастыру мен өткізуге қатысатын педагогикалық қызметкерлердің үлесі | |
| | **Жеке көрсеткіштер** | |
| 1. | Білім алушылардың интеллектуалдық және зерттеушілік әлеуетін жүйелі дамытады | |
| 2. | Функционалды міндеттерді жүйелі орындайды | |
| 3. | Кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру бойынша жүйелі жұмыс жасайды | |
| 4. | Педагогте білім алушылардың қызметін бағалаудың әзірленген және қазіргі тиімді рейтингінің жүйесі бар | |
| 5. | Педагог тәрбиелік білім беретін процестің барлық аспектілерінің мониторингін жүргізеді | |
| 6. | Педагог қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың қызметін біледі және ұйымдастырудың негізгі қағидаларын біледі және шебер қолданады | |
| 7. | Педагог оқытудың заманауи әдістерін меңгерген және қосымша білім беру ұйымдарының оқыту жолына сәйкес олардың жоспарлы түрде жаңаруын (білім алушыларды дамытудың жеке бағдарламасымен) қамтамасыз етеді | |
| 8. | Педагог педагогика және балалардың жас ерекшеліктері психологиясын біледі және өз қызметінде білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін шебер қолданады | |
| 9. | Педагог қосымша білім ұйымдарындағы білім алушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру үшін оқытудың инновациялық технологияларын тиімді қолданады | |
| 10. | Педагог сабақтың мақсатына қарай икемділік танытады, қосымша білім беру ұйымдары білім алушыларының ойлау қызметін ынталандыру үшін проблемалық жағдайлар туғызады | |

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Педагог үш тілде білім беру бойынша жол картасының жоспарын жүйелі жүзеге асырады | |
| 12. | Педагог әр білім алушының жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, сараланған тәсілді сауатты жүзеге асырады. | |
| 13. | Педагог сабақта шығармашылық жағдай және жағымды моральдық-психологиялық ахуал тудырудың әдіс-тәсілдеріне ие. | |
| 14. | Педагог шығармашылық жағдай және жағымды психологиялық ахуал тудыру әдістеріне ие. | |
| 15. | Білім аушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қызметтің түрлері негізінде оқушылардың өзін өзі іске асыруы үшін жағдай жасайды. | |
| 16. | Педагог әртүрлі ынталандыру әдістерге ие және оқу қызметі нәтижесінің сараптауы негізінде түзету-дамыту жұмысын жүргізеді | |
| 17. | Педагог денсаулық сақтау технологияларын жүйелі қолданады және өз өзіне қызмет көрсету дағдысын, жас ерекшеліктеріне сәйкес білім алушылардың әдебін қалыптастырады | |
| 18. | Педагог оқу-танымдық қызметті ұйымдастырудың барлық түрлерін (жеке, топтық, ұжымдық) үйлестіре біледі. Ынтымақтастық ахуал тудырады. | |
| 19. | Білім алушыларды дамытудың өзекті мәселелері бойынша ата-аналармен бірге іс-шаралар ұйымдастырады | |
| 20. | Педагогикалық әдепті сақтайды | |

## Бағалау алгоритмі және балл қою рәсімі

Жұмысты толық, объективті бағалау және педагогикалық ұжым қызметінің тиімділігін арттыру, сонымен қатар қосымша білім беру ұйымдарының әр қызметкерінің адалдылық, белсенділік, жұмысының сапасын бағалау үшін директордың орынбасары, әдіскер құрамына кіруге болатын сараптамалық комиссия құрылады. Осы рәсімнің айқындылығы пен ашықтығы мұнда тәуелсіз сарапшылардың қатысуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Материалдарды жинау жүзеге асырылады, өңдеу нәтижесінде педагогтердің жеке рейтингі туралы мәліметтерден тұратын мәліметтер қоры қалыптасады.

Рәсімнің одан арғы мазмұны анықталған көрсеткіштер мен баллдарға сәйкес рейтингтік бағалаудың есебі болып табылады.

Рейтингтік бағалау ұйымда бір жылдан кем емес жұмыс жасаған қосымша білім беру педагогының білімділік, тәрбиелік, әдістемелік және

ұйымдастыру-педагогикалық қызметін жан-жақты көрсететін ақпараттық қор негізінде қойылады.

Рейтингтік бағалау есебі педагогикалық құрамның санаты бойынша бөлек жүргізіледі, ал педагогикалық қызметті салыстыру объективті көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Рейтингтік бағалау есебі және балл беру көрсеткіштің бар немесе жоқ болу белгісі арқылы, әлде оның көріну деңгейі бойынша жүзеге асуы қажет. Әр көрсеткіштің салмағы баллдарда көрсетілетін коффициент арқылы анықталады.

Педагогтердің рейтингтік бағалауы алынған шығыс мәліметтері негізінде есептеледі. Осылайша, рейтингтік бағалау педагогтің білімділік, тәрбиелік, кәсіби, әдістемелік және ұйымдастыру-педагогикалық жұмыстарының жетістіктері есептелетін баллдар санынан тұрады.

Осы оқу жылының рейтингтік бағалауды анықтау бойынша жүргізілген сараптаманың сапасы туралы аналитикалық қорытындысы кіреді, өзгеріс бойынша ұсыныс енгізіледі. Рейтингтік бағалау өткен жылғы қызметтің қорытындысы бойынша жүзеге асады.

Жеке мәліметтер қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық құрамның рейтингтік бағалауын өткізгеннен кейін сарапшылардың жеке қолымен бекітілген үлгі бойынша жетекшіге ұсынылады. Бұдан басқа, әр педагог бойынша қорытынды баллдарға қарай жинақтық сауалнама толтырылады, белгіленген мерзімде мәліметтер жинақталады және жетекшіге тапсырылады.

Мәліметтердің шынайылығына сауалнаманы толтыруды жүзеге асыратын педагогтер жауапкершілік тартады. Мәліметтерді шынайы және уақытылы беруді бақылауды бөлім меңгерушілері, әдіскерлер жүзеге асырады.

Педагогтердің рейтингтік бағалаудың өлшемдері бойынша жалған мәліметтерді ұсынуы, оның рейтингтік бағалауларының күшін жоюға алып келеді.

Жыл сайынғы рейтингтік бағалаудың қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының дамуына ерекше елеулі үлес қосқан қосымша білім беру мамандарын сапалық және материалдық көтермелеу жүзеге асады. Жүргізілген сараптаманың қорытындысы қоғаммен талқыланады.

Рейтингтік бағалаудың нәтижесін алу педагогикалық ұжымның, білім беру ұйымдарының, мәселелерді анықтауға және қызметтің қандай болса да бағыттар бойынша істеліп бітпеген жұмысын әділ бағалауға мүмкіндік береді, осыны есепке ала отырып, алдағы жылға өзінің жұмысын дұрыс жоспарлау.

Бұндай бағалау, әлбетте, жұмыстың сапасын көтеруге, білім беру ұйымдарының рейтингісінің өсуіне, тұтас алғанда қосымша білім беру ұйымдары мазмұнын жетілдіруге жағдай жасайды.

Педагогтің рейтингтік бағалауын кешенді, оның қызметін бағалауды үздіксіз процесс ретінде қарау ұсынылады. Рейтингтік бағалау рәсімін жыл сайын өткізу педагогтің жеке кәсіби өсу жолын тізуге және оның кәсіби қызметі мен оның нәтижелілігі мониторингісін жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Монитрингтің нәтижесінен қосымша білм беру педагогтері қызметінің нәтижесін салыстыруға, оларды педагогті аттестаттау кезінде, қосымша білім беру қызметін бағалауға қолдануға болатын ақпараттық-аналитикалық бірдей тұғырнама құрылады.

Заманауи алдыңғы қатарлы білім беретін технологияларды енгізуге кәсібилік және біліктіліктің маңызды көрсеткіші ретінде, рейтингтік жүйе, педагогтерді білімнің жаңа сапасымен қамтамасыз етуге ынталандыру және негіздеу үшін, оның есебін әділ бағалауды қамтамасыз ету қажет.

Мысалы, қосымша білім беру педагогының потфолиосы, педагогтің білім беру процесін енгізудің стратегиясы мен тәсілін анықтаудағы қабілетін көрсететін материалдардың жиынтығынан тұрады және оның кәсібилігінің деңгейін бағалауға арналған.

Портфолионың құрылымы әдетте келесі бөлімдерден тұрады:

жалпы мәліметтер;

педагогтің өздігінен білім алуы;

педагогтің жетістіктері;

әдістемелік жұмыстар;

алдыңғы қатарлы тәжірибені тарату;

білім алушылардың жетістіктері.

**«Жалпы мәліметтер»** бөлімі әдетте келесі бөлікшелерден тұрады:

тегі, аты, жөні;

білімі;

мамандығы;

біліктілігі;

педагогикалық жұмыс өтілі;

қызметі;

жүктеме.

**«Педагогтің өз бетімен білім алуы» бөлімі** келесі бөлікшелерден тұрады:

өз бетімен білім алу тақырыбы бойынша материалдар;

біліктілікті арттыру курстарынан өткендігін растайтын құжаттар (сертификаттар, куәліктер);

педагогтің шығармашылық жұмыстары;

семинарларға, конференцияларға, көрмелерге қатысқанын растайтын құжаттар (бағдарлама, сертификат немесе диплом, баяндама, конференциялардың материалдар жиынтығы).

**«Педагогтің жетістіктері» бөлімінде** марапаттар, алғыстар, мадақтамалар бар.

**«Педагогтің жетістіктері» бөлімі** авторлық жұмыс бағдарламаларын, аттестациялық бағдарламаны, сабақ жоспарлары мен нәтижелерін, әдістемелік ұсынымдар, сабаққа презентацияларды қамтиды.

**«Алдыңғы қатарлы тәжірибені тарату»** бөлімі өткізілген ашық сабақтарды тізбесі мен нәтижесін қамтиды.

**«Білім алушылардың жетістіктері»** бөліміне соңғы үш жылдағы жетістіктер кіреді. Педагогтің ең маңызды қасиеттерінің бірі кәсіби шеберлігін жетілдіру және дамыту болып табылады.

Портфолио технологиясы педагог қызметі нәтижесінің жинақталуы, жүйелілігі және презентациялауды анықтау жүйесі ретінде түсініледі.

Портфолио технологиясы педагогтің аттестацияға дайындық кезінде педагогикалық қызметті талдау және өзін-өзі талдаумен қатар, шығармашылық тәжірибе және жеке мен кәсіби қарым-қатынас шекарасын кеңейтуді презентациялауға мүмкіндік береді, сондай-ақ аттестациялау рәсімінің маңыздылығын айтарлықтай көтереді.

Портфолио педагог өзінің кәсіби қызметінің міндетін шешуге, стратегия мен кәсіби қылық және педагогтің кәсіпқойлығының деңгейін бағалауға арналған тәсілін таңдауға қабілетілігін көрсететін материалдар жиынтығын құрайды.

Портфолио белгілі бір мерзімде жиналады және аттестацияда ұсынылады. Бұрын қолданылатын әдістемелік папкалардан портфолионың ерекшелігі кәсіби қабілеттілігі жүйесінде педагог қызметінің әртүрлі бағыттарын ұсынуға бағытталғандығы.

Портфолионы жүзеге асыру шарттары:

педагогтердің портфолио технологиясын қолдана білуі, оны үнемі толтыру; портфолио материалдарын ұсыну (көшілік алдында қорғау) ептілігінің қалыптасқандығы.

әкімшілікпен, әріптестерімен, әдіскерлермен портфолиода ұсынылған материалдарды ішкі сараптаудың мерзімділігі.

аттестаттау кезеңінде – өздігінен білім алу әдістемелік тақырыбында жұмыс бойынша, презентация дайындау, аттестация кезінде педагогикалық қызметтін өздігінен талдау жасау, ғылыми-әдістемелік журналдар мен БАҚ жұмысы тәжірибесі туралы жарияланымдарды дайындау кезіндегі шығармашылық есебін жүргізу үшін партфолио материалдарын қолдану, осылайша республика өңірлеріндегі, сондай-ақ шет елдік әріптестерімен тұлғалық және кәсіби қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың шекарасын кеңейту;

түйіндемені ресімдеу кезінде (жаңа қызметке немесе жаңа жұмысқа ауысу кезінде).

Осылайша, партфолионың басты мақсаты 5 жыл көлемінде педагог қызметінің сапасын бағалау және өздігінен бағалау, сонымен қатар кәсіби өсудің келешегін анықтау болып табылады.

## 4.5. Қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылар әрекетінің нәтижелілігін бағалау көрсеткіштері

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметі сапасының мониторингі – оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қадағалау тетігі болып табылады. Мониторинг бала тұлғасын зерттеуге және оны дамыту жағдайына бағытталуы мүмкін.

Қосымша білім беру сферасы алуан түрлі, әркелкі және көп функционалды болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде нәтижесі бірнеше жылдан кейін ғана көрінетін, оны әрқашан көру және «қолмен ұстап көру» мүмкін бола бермейтін қызмет түрлері көп. Сондықтан да педагог осындай «алыс» нәтижелерді көру, болжау, оларға қол жеткізу үшін қандай да бір жолдарды жасау керектігін білуі қажет.

Бүгінде көптеген педагогтер білім беру бағдарламаларының әрбір сатысын әзірлей отырып, осылайша білім берудің мәселелері мен сапасын, нәтижелерінің сабақтастығы және тәрбие міндеттерін іске асыруын шеше отырып, жобаланған ұзақ мерзімді оқутуға ауысуда. Осылайша, білім беру процесінің алыстағы нәтижелерге бағытталуы, оның нәтижелілігінің шарттарының бірі болып табылады.

Білім алушылардың жетістіктері туралы айта келе, ағымдағы және қорытынды, қосымща білім беру саласындағы кем дегенде, үш топтың параметрлерін: оқу, жеке тұлғалық, әлеуметтік-педагогикалық жетістіктер қатарын қадағалауға қажет түрлерін атап өтуге болады.

Әрбір параметр оның ерекшелігіне байланыты қандай да болмасын балалар ұжымында басым болуы мүмкін.

Қосымша білім беру саласындағы білім алушылардың оқу жетістіктерінің негізгі өлшемдеріне келесілер жатады:

***Балалардың пәннің мазмұнын меңгеру деңгейі***

Осы параметрлердің өлшемдері ретінде білімнің тереңдігі және кеңдігі, біліктері мен дағдылары, практикалық іс-әрекеттердің түрлілігі қарастырылады.

Балалардың қосымша білім беру мазмұнын меңгерудегі деңгейін келесі көрсеткіштермен бақылауға болады:

мазмұнның (ережелер, терминдер, технологиялар және тағы басқа) негізгі элементтерін меңгеру (білу, түсіну, қолдану және анықтау туралы түсінік);

жұмысты үлгі бойынша орындай білу, өз іс-әрекетінің алгоритімін құруға және әр түрлі жағдайларда алған білімдерін қолдану;

білім алушылардың өз бетімен жасаған практикалық жұмысы;

ақпараттың кез келген түрін талдай және өңдей білу;

жаңа үлгідегі өзінің ерекше жеке тапсырмаларын әзірлей білу;

бағдарламаны толық көлемде меңгерген білім алушылардың саны;

балалардың шығармашылық «өнімдерінің» (бұйымдар, көрсеткен өнерлері және тағы басқа)сапасы: сауаттылығы, орындаудың көркемдік және механикалық деңгейі, шығармашылық элементтерді пайдалануы;

білім алушылардың практикалық жетістіктерінің тұрақтылығы: жеңістері мен түрлі байқауларға, фестивальдерге, жарыстарға және тағы басқаларға қатысуы.

***<u>Ұсынылатын қызмет пен ұжымға деген балалардың қызығушылықтарының тұрақтылығы</u>***

Бұл параметрдің өшемі ұжымға келу, ұжымда болу мерзімінің ұзақтығы, балалардың білім беру процесіне қатысу уәждемелерінің сипаты мен баланың ұжымнан кетуінің уәждемесінің сипаты болып табылады.

Білім алушының жеке жетістігі деп баланың бойындағы өзіне деген, педагогпен әрекеттестігінің алғашқы кезеңінен бастап өзінің дамуын анықтағанға дейінгі кезеңдегі болған өзгерістер түсіндіріледі.

Осылайша, білім алушылардың жеке жетістіктері дегеніміз тұтас алғанда баланың әлеуметтік маңызды қасиеттерінің даму нәтижесі болып табылады, яғни олар: танымдың сферасы, эмоцяилар, уәждемелер, өзін-өзі таныту, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, физикалық және психикалық денсаулығы және тағы басқа.

Яғни, оқудағы жетістіктері білім алушылардың тұлғалық жетістіктерінің нәтижесі болып табылады.

Қосымша білім беру саласындағы білім алушылардың оқу жетістіктерінің негізгі көрсеткіштеріне келесілер жатады:

***<u>Жеке бас өзгерістері динамикасының бағыты</u>***

Бұл өлшем жеке қасиеттердің өзгеру сипатымен; баланың өмірдегі, қызметтегі көзқарасының бағытымен, өмірлік құндылықтардың сипатымен; әлемді қабылдауының, әдемді түсінуі мен дүние деген көзқарасының жасына сәйкес болуымен анықталады.

***<u>Білім алушыларды адамгершілік тұрғысынан дамыту (балаларды адамгершілік құндылықтарға бағыттау)</u>***

Тәрбиелік әсер ету деңгейі педагог пен баланың, балар ұжымының мүшелерінің арасында, топтардағы қандай да бір шағын климат жағдайындағы қатынас сипатында; әр баланың және тұтас

алғанда ұжымның бағыттары мен мотивтерінің сипатында, білім алушылардың өзін-өзі ұстау мәдениетінде байқалады.

***Білім алушылардың мәдени құндылықтарға араласуы (әлемдік, қазақстандық, өңірлік)***

Бұл өлшем тұлғаның әлеуметтік жетілуінің қалыптасқандығымен, тұлғаның құндылық бағыттарының жалпы адамзаттық жағына аысуымен сипатталады.

Тәрбиелік ықпал ету тиімділігінің көрсеткіштері:

нақты тәрбие беру міндеттерін қою, жоспарлы және жүйелі тәрбие жұмысы;

ұжымдағы кең пейілділік, достастық көңіл-күйі; зорлау, бір-біріне деген ізгіліксіз қарым-қатынас актілерінің болмауы;

құқық бұзушылық пен жанжалдардың саны;

педагогтің көмегімен шешілген жағдайлар (мысалы, педагогтің ықпалының арқасында баланы кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекциясының есебінен шығару және тағы басқа);

балалардың тәрбиелілігі;

өзін-өзі ұстау мәдениетінің динамикасы;

ұжымның дәстүрлерін қолдау, жалпы қызметке араласу, ұжымдағы жоғары ықпалдастық;

баланың өзін-өзі басқаруы.

***Балалардың шығармашылық белсенділіктерінің деңгейі.***

Балалардың оқу және оқудан тыс қызметтеріндегі шығармашылық қабілеттерінің байқалу деңгейін сараптау барысында, ең алдымен педагогтің қызметінің әр баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қандай жағдай жасайтындығын, олардың қызметі өнертапқыштық деңгейіне бағдарланған ба деген мәселелерді анықтап алу қажет.

Балалардың шығармашылықтарының белсенділік деңгейлерінің көрсеткіштері:

балалардың ізденістік, өнертапқыштық, шығармашылық қызметтерінің жүйесінің болуы;

шығармашылық қызметтегі балалардың көңіл-күйлері мен көзқарастары (ықыластарының болуы – ықыластарының болмауы, қанағаттану - қанағаттанбау);

ерекше тапсырмалармен жұмыстағы эмоциялық жайлылық (немесе жайсыздық);

өзінің көзқарасын, өзінің ойын жеткізу барысында қате жасау қорқынышы;

бағдарламадан жоғары немесе оқу курсының уақыт шегінен жоғары бағдарламаны оқитын балалардың болуы; балалардың сабақтан тыс уақытта орындаған шығармашылық бұйымдарының болуы;

оқу процесіндегі және қызметтің басқа түрлеріндегі балалардың белсенділігі;

білім беру процесіндегі басымдылық білім алушылардың репродуктивтілік немесе шығармашылық қызметтері.

***<u>Білім алушылардың шығармашылықтарын практика жүзінде іске асырудың деңгейі.</u>***

Бұл параметрдің өлшемдері:

уақыт және сапа тұрғысынан алғандағы шығармашылық жетістіктердің тұрақтылық деңгейі;

әр баланың және тұтас ұжымның даму динамикасы;

шығармашылық жетістіктердің түрлілігі: масшатабы жағынан, күрделілігі бойынша, оқу курсының мазмұны мен қызмет түрлері бойынша, балалардың саны бойынша, қол жеткізген шығармашылық жетістіктері бойынша;

білім алушылардың өз жетістіктеріне қанағаттануы, өзін өзі бағалауда объектівті болуы.

**Білім алушылардың шығармашылық жетістіктерінің көрсеткіштері**:

білім алушылардың практикалық және шығармашылық жетістіктерін көрсету бойынша педагогикалық жұмыс жүйесінің болуы;

әрекеттегі нормаларға, осы пәндегі ережелермен салыстырғанда анықталатын бұйымдарды, жаттығуларды, шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы нақтылық және сауаттылық;

ұжымның шығармашылық әдеттері;

білім алушылардың алған марапаттары, атақтары, гранттары; түрлі шығармашылық кездесулерге, жарыстарға және тағы басқаларға қатысуы (қатысудың жүйелілігі).

Білім алушылардың жеке жетістіктерін диагностикалау – педагогикалық қызметтің мейлінше күрделі аспектісі. Ол қосымша білім беру жүйесінің тәрбие беру міндеттерімен байланысты. Сондықтан да қосымша білім беру педагогтарының жұмыстарында өзектілігіне қарай тәрбие беру міндеттері маңызды болып табылуы сирек жағдай емес. Сондықтан да тәрбие беру нәтижелері басқа нәтижелерден кейін тұрмайды, сондай-ақ ең алдымен педагогикалық шеберліктің көрсеткіші болып табылады. Басқа нәтижелер сияқты тәрбие беру нәтижелері балалардың жасына ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік жағдайына, әлеуметтік ортасына және көптеген басқа факторларға байланысты болады, сол себепті педагог тәрбие беру процесін ұйымдастыру барысында олардың барлығын ескеруі тиіс. Педагог әдетте бірнеше топтың балаларымен жұмыс жасайды, ал тәрбиелеушілердің саны көп болады, әр бала бойынша тәрбие беру нәтижесін бақылап отыру өте қиынға түседі, сондықтан кез келген

балалар ұжымындағы қарым-қатынастарының дамуында жалпы тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау қажет. Бұл білім алушылардың жеке жетістіктерін анықтау бағытын толықтырады.

Осылайша, сабақтан тыс қызметтің нәтижесі үш деңгейлі болуы мүмкін.

**Нәтижелердің бірінші деңгейі** – бұл білім алушылардың әлеуметтік білім алуы (қоғамдық нормалар туралы, қоғамның құрылымы, қоғамда әлеуметтік қолау тапқан және қолдау таппаған өзін өзі ұстау нормалары және тағы басқалары), әлеуметтік шынайылық пен күнделікті түсінуі дағдыларына ие болады.

**Нәтижелердің екінші деңгейі** – бұл білім алушының қоғамның алғашқы құндылықтарына (адам, отбасы, Мәңгілік ел, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) деген жағымды көзқарасын, тұтас алғанда әлеуметтік шынайылыққа деген құнды қатынасын қалыптастыру.

**Нәтижелердің үшінші деңгейі** – бұл білім алушылардың өз бетінше әлеуметтік іс-әркет ету тәжірибесін алуы. Аталған нәтижелердің деңгейіне қол жеткізуде білім алушының мектептен тыс жерлерде, ашық қоғамдық ортадада әлеуметтік субъектілермен араласуы үлкен маңызға ие болады.

Сабақтан тыс қызметтің нәтижелерінің барлық үш деңгейінің жетістігі осы қызметтің (тәрбиелеу және балаларды әлеуметтендіру әсері) білім беру тиімділігінің пайда болу мүмкіндігін ұлғайтады, оның ішінде:

білім алушылардың коммуникативті, этикалық, әлеуметтік, азаматтық құзыреттіліктерін қалыптастыру;

балалардың бойынша әлеуметтік мәдени сәйкестікті қалыптастыру: этникалық, мәдени, гендерлік және тағы басқа.

Сабақтан тыс қызмет нәтижелерінің деңгейі сабақтан тыс қызметтің бағдарламаларын, сондайа-ақ олардыі іске асу нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді *(білім алушылардың әлеуметтік білімдерін, қатынастарын, жетістіктерін бақылау жүргізу (мониторинг) негізінде).*

Сонымен, сабақтан тыс қызметтің нәтижелерінің үш деңгейін ерекшелеу келесілерге мүмкіндік береді:

**біріншіден**, нәтижесін анық және түсінікті елестете отырып сабақтан тыс қызметтің бағдарламаларын әзірлеуге;

**екіншіден**, белгілі деңгейдегі нәтижеге қол жеткізуді кепілдендіретін сабақтан тыс қызметтің формаларын таңдау;

**үшіншіден**, бір деңгейден келесі деңгейдегі нәтижелерге өту қисынын құру;

**төртіншіден**, нәтижелілік пен сабақтан тыс қызметтің тиімділігін диагностикалау;

**бесіншіден**, сабақтан тыс қызметтің бағдарламаларының сапасын бағалау.

**Жеке жетістіктерге бақылау жүргізуге қойылатын негізгі талаптар:**

мониторигтің нысандары мен пәндерін анықтау;

білім беру процесінің әр субъектісіне мониторинг жүргізуге қатысу;

білім беру нәтижелерінің бірыңғай параметрлерінің, өлшемдерінің, бағалауларының болуы;

бақылау процесінің жариялылығы, ашықтығы, басқарымдылығы және икемділігі;

бақылаудың ғылыми-әдістемелік және психологиялық негізделуі.

Білім беру нәтижелерін бағалаудың бірыңғай параметрлері мен өлшемдерінің болуы педагогикалық ұжымның кәсібилігінің көрсеткіші және мониторингтік жүйені жобалаудың жүйе құрушы факторы болып табылады.

**Жеке бас жетістіктеріне мониторинг жүргізуде пайдаланатын әдістер:**

педагогикалық бақылау;

педагогикалық құжаттарды талдау және зерттеу;

тиімді іс-әрекет нәтижелерін талдау және зерттеу;

әлеуметтік сауалнамалар;

сұрақ-жауаптар;

психологиялық тестілер мен әдістемелер;

математикалық статистиканың әдістері.

Бақылау процесінде қосымша білім беру ұйымы келесі сұрақтарды анықтайды: оқу-тәрбие процесінің мақсатына қол жеткізілді ме, алдыңғы диагностикалық зерттеулермен салыстырғанда білім алушылардың дамуында оң динамика бар ма және тағы басқа.

Оқу-тәрбие процесінің сапасын талдау, бала тұлғасын дамыту, қосымша білім беру педагогының кәсіби өсуі – осының барлығы қосым білім беру ұйымында бақылау жүйесін құрудың алғашқы тармағы болып табылады.

1-кесте

**Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің сапасы мен нәтижелілігін бағалау өлшемдері**

| Өлшемдер | Көрсеткіштер |
|---|---|
| Тәрбиеленуші тұлғасының танымдық әлеуетінің | 1. Білім беру бағдарламасын меңгеру<br>2. Ойлауды дамыту |

| | |
|---|---|
| қалыптасқандығы | 3. Танымдық белсенділік<br>4. Оқу қызметінің қалыптасқандығы |
| Тәрбиеленуші тұлғасының адамгершілік әлеуетінің қалыптасқандығы | 1. Тұлғаның адамгершілікке бағытталуы<br>2. Баланың өзіне, отбасына, қосымша білім беру ұйымына, табиғатқа, еңбекке, қоғамға деген көз-қарасының қалыптасқандығы |
| Тәрбиеленуші тұлғасының коммуникативті әлеуетінің қалыптасқандығы | 1. Байланысқа бейімділігі<br>2. Білім алушылардың коммуникативті мәдениетінің қалыптасқандығы<br>3.Әдепті білуі |
| Тұлғаның физикалық әлеуетінің қалыптасқандығы | 1. Білім алушылардың денсаулық жағдай<br>2. Тұлғаның физикалық қасиеттерінің дамуы |
| Балалар ұжымының қалыптасқандығы | 1. Ұжымдағы эмоциялық-психологиялық қарым-қатынасының жағдайы<br>2. Өзін-өзі басқаруының дамығандығы<br>3. Біріккен қызметтің қалыптасқандығы |
| Қосымша білім беру ұйымының өміріне білім алушылардың, ата-аналар мен педагогтардың қанағаттануы | 1. Баланың өзін жайлы сезінуі<br>2. Қосымша білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушінің эмоциялық-психологиялық жағдайы |

## Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың жеке жетістіктерін анықтау формалары

Білім беру сапасын бақылау нәтижелері балалардың жеке жетістіктерін тіркеу формаларын әзірлеуді шарттайды.

Бүгінгі таңда тіркеудің түрлі формалары бар: *жеке жетістіктердің карта-профилі*; *«Тәрбиеленуші жетістіктерінің портфолиосы»*, *«Кейс-стади»* және тағы басқалары.

Ереже бойынша оларда келесілер тіркеледі:

баланың айналысатын қызметінің түрі бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейі;

арнайы қабілеттер құрылымына кіретін танымдық процестердің даму ерекшеліктері;

уәждеме, құндылықты бағыттары, өзіне баға бер сияқты жеке қасиеттер;

фестивальдерге, слеттерге, жарыстарға, форумдарға, көрсетілімдерге, байқауларға, олимпиадаларға және тағы басқаларға қатысуларының нәтижесі.

Білім алушылардың жеке жетістіктерін бағалауға ииновациялық формаларды енгізу бағалау және ынталандыру құралы қызметін атқарады, алдағы білім жолын таңдауға мүмкіндік береді.

Кез-келген қызметті, оның ішінде оқу-танымдық қызметін бағаламай ұйымдастыру мүмкін емес, себебі дәл осы процесс қызметің бір бөлігі, яғни түзетушісі, нәтижеліліктің көрсеткіші болып табылады.

Бүгінгі таңда қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың жетістіктерін тіркеу мен бағалаудың инновацилық формасы болып - портфолио табылады, ол заманүи бақылау-бағалау құралдарын едәуір толықтырады. Портфолио – заманауи өмірдің көптеген талаптарына жауап беретін, даму траекториясын бақылауға мүмкіндік беретін икемді, дамып келе жатқан білім беру технологиясы. Портфолио – білім аулышларды, педагогтарды, сондай-ақ тұтас алғанда білім беру ұйымының жетістіктерін бақылаудың тиімді құралы болып табылатын білім беру нәтижелерін бақылаудың заманауи формасы. Портфолионың басты мақсаты – баланың білім алу процесі туралы есеп беру, тұтас алғанда маңызды білім нәтижелерін көру, білім беру мәнмәтіндінде оның жеке прогресін бақылап отыруда қамтамасыз ету, оның алған білім және біліктерін практика жүзінде пайдалануын көрсету, яғни негізгі құзыреттіліктерге ие болу.

Портфолио тиімді бағалау формасы ретінде маңызды педагогикалық мәселелерді шешеді:

тәрбиеленушілердің оқуға деген жоғары уәждемелерін қолдау;

олардың белсенділіктері мен өз бетінше жұмыс жасауларын ынталандыру, оқу және өзбетінше оқу мүмкіндіктерін кеңейту;

білім алушылардың рефлексивті және өзін өзі бағалау қызметі дағдыларын дамыту;

мақсат қою, өзінің оқу қызметін жоспарлау және ұйымдастыруды үйрену біліктерін қалыптастыру.

Портфолио – тәрбиеленушілердің жеке жетістіктерін белгілеу, жинақтау және бағалау тәсілі.

Портолио идеясы оқу процесінің мәнін жаңаша түсінумен, білім берудің жаңа мақсаттарымен байланысты. Бұл жерде жасалған портфолио емес, ал «процес портфолиосы – портфолиоға байланысты құрылатын оқыту және оқу процесінің жиынты» басты болып есептеледі.

Білім беру портфолиоларының түрі сан алуан, педагогтар мен білім алушылар білім беру қызметтерін ұйымдастыруға көмектесетін түрін таңдап алуға құқылы.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің мейлінше тиімді портфелінің нұсқасы – оның оқу нәтижелері, белсенді әлеуметтік өмірі мен өзінің нәтижелерін өзі бағалау кезеңдері ұсынылатын аралас түрі.

Портфолио – білім алушының белгілі бір уақыт бөлігіндегі нақты жеке дамуын куәландыратын құжат. Баланың жетістіктері, оның қабілеттері, күші, әлсіздігі мен қажеттіліктері осы портфолиодағы

мәліметтер мен педагогтің оқу жоспары мен даму кезеңін білуін ескере отрып, осы баланың дамуының толық диапазонына негізделуі қажет.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін портфолионы пайдалану, педгогтарға білім алушының дамуының нақты оқу траекториясының көрінісін, оқытудың жеке бағдарламаларына түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Портфолио әдісі саралау тәсілін қамтамасыз етеді, ол білім алушылардың оқуға деген тұтас көзқарастарына әсер етеді. Педагог портфолионы пайдалана отырып, әр тәрбиеленушімен мақсатты жеке жұмыс жүргузуге, онымен тұлғар аралық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Портфолио білім беру бағдарламаларын бағалау кезінде Портфолио предполагает идеальный вариант для контроля прямого опыта обучающегося при оценке уровня усвоения образовательной программы.

Обучающийся может проводить защиту портфолио в форме письменных комментариев о проделанной работе, электронной презентации на конференции, родительском собрании и других мероприятиях.

**Портфолионы презентациялауды бағалау өлшемдері** (баллдық жүйе):

білім алушылардың өз көзқарастарын білдіртуі;

мәселені шешу процесі;

өз бетінше жұмыс істеуі;

жеткізу қисыны және басқалары.

Портфолио – бұл оқытудың белгілі кезеңіндегі білім алушының жеке жетістіктерін белгілеу, жинақтау және бағалау тәсілі. Портфолио тек білім алушының алған нәтижелерін бағалауға ғана емес, сондай-ақ оның өзіне баға беруіне бағытталған, яғни оқу процесі мен нәтижесіне деген белсенді және саналы қатынасы.

Портфолию идесянда қосымша білім беру ұйымдарында оқытуды жандандыруға арналған үлкен мүмкіндіктер жатыр. Портфолионың құндылығы дегеніміз - педагог портфолио материалдарының негізінде тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға немесе когнитивтіктілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім алушының оқу-процесінің траекториясын құра алады.

Осылайша, өлшем білім алушының өзін-өзі сараптау және өзіне баға беру құралының қызметін атқарады. Олар мейлінше нақты, өлшеуге қолжетімді, балалар мен ересектерге түсінікті болуы қажет. Нәтижелілік туралы қорытынды көрсеткіштердің динамикасын ескеріп, алған барлық мәліметтер негізінде жасалады.

*Қосымша*

## Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызмет көрсету сапасы мен нәтижелілігін бағалау үлгілері

(жұмыс тәжірибесінен)

*1-қосымша*

### Павлодар қаласының Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы

**Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығының бағыты** (бұдан әрі - БЖЭЖТО) : туризм, өлкетану, экология.

**Жұмыстың ұйымдастырылуы:** бос уақыт әлеуетіне негізделген оқу-тәрбие процесі қызметтің келесі бағыттары бойынша жүзеге асырылады: «Экология, «Экотуризм», «Өлкетану», «Оқушылар ғылыми қоғамы», «Сырттай оқытылатын экологиялық мектебі», «Гүл өсіру және ландшафты дизайн», «Фенология», «Жемістану және сәндік бақшатану», «Саяхаттану», «Жаяу туризмі», «Шыңға өрмелеу», «Бағдарлау», «Бард әні», «Туристік көп сатылы жарыс».

**Материалдық-техникалық базасы:** 3 оқу ғимараты: №1 - әкімшілік, мұнда басқару аппараты, кітапхана, мәжіліс залы, төменгі қабатында - «Жас эколог» мұражайы. №2 - экологиялық-ботаникалық ғимараты, туристік-машықтану базасы, жылыжай, оқу кабинеттері. №3 - жабық скалодром, оқу кабинеттері.

Орталық аудио, бейне, телеаппаратурасы және кеңсе техникасымен жабдықталған.

Қызметкерлер саны: барлығы - 64, оның ішінде әкімшілік-басқарушылық қызметкер - 3, әдістемелік кабинет меңгерушілері - 1, бөлім меңгерушілері - 7, әдіскерлер - 3, қосымша білім беру педагогтары - 34.

### Мониторингтік бақылау бағдарламасы

БЖЭЖТО білім беру процесін іске асырудың тиімділігін анықтау мақсатында мониторингтік бақылау бағдарламасы (әрі қарай-Бағдарлама) әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты - білім беру бағдарламаларының іске асырылу нәтижелілігінің сапасын, білім алушылардың жеке жетістіктерін, педагогтың кәсіби құзыреттілігін бағалау.

БЖЭЖТО білім беру кеңістігінің мониторингтік бақылау бағдарламасы:

білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің мониторингі

(теориялық дайындығы, тәжірибелік дайындығы, негізгі жалпы оқу құзыреттіліктері);

білім алушылар тұлғасы қасиеттерінің даму мониторингісі;

білім алушылар жетістіктерінің мониторингісі;

педагогтың кәсіби өсу мониторингісі.

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің мониторингісін оқу жылы барысында екі рет өткізеді.

*1-кесте*

**Білім алушыларды қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері мониторингісінің диагностикалық картасы**

Балалар бірлестігі ________________________________________
Қосымша білім беру бағдарламасы ___________________________
Оқыту жылы______
№ топ ___________
Педагог ___________

| **Оқу жылы** | **2013-2014** | | **2014-2015** | | **2015-2016** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Диагностика мерзімдері / Көрсеткіштер | I жартыжылдықтың аяғы | Оқу жылының аяғы | I-ші жартыжылдықтың аяғы | Оқу жылының аяғы | I-ші жартыжылдықтың аяғы | Оқу жылының аяғы |
| **Теориялық дайындығы** | | | | | | |
| Бағдарламада қарастырылған теориялық білім | | | | | | |
| Арнайы терминдерді меңгеру | | | | | | |
| **Практикалық дайындығы** | | | | | | |
| Бағдарлама қарастырылған тәжірибелік біліктері мен дағдылары | | | | | | |
| Арнайы құрал-жабдықтарды меңгеру | | | | | | |
| Шығармашылық дағдылары | | | | | | |
| **Негізгі білім беру құзыреттіліктері** | | | | | | |
| **Оқу-зияткерлік** | | | | | | |
| Арнайы әдебиетті | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| іріктеп талдай білу | | | | | | |
| Ақпараттың қайнаркөздерін пайдалана білу | | | | | | |
| Оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыру | | | | | | |
| **Коммуникативтік** | | | | | | |
| Педагогты есту және тыңдай, айналадағылардың пікірін қабылдай білу | | | | | | |
| Аудитория алдында сөз сөйлеу | | | | | | |
| Пікірталасқа қатысып, өз ой-пікірін қорғай білу | | | | | | |
| **Ұйымдастырушылық** | | | | | | |
| Өз жұмыс (оқу) орнын ұйымдастыра білу | | | | | | |
| Жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру, оқу уақытын үлестіре білу | | | | | | |
| Жұмысты ұқыпты жауапкершілікпен орындау | | | | | | |
| Қызмет процесі барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану | | | | | | |
| **Білім алушылардың жетістіктері** | | | | | | |
| Білім алушының АТЖ: | | | | | | |
| балалар бірлестігі ;<br>қосымша білім беру ұйымының;<br>қалалық ;<br>облыстық;<br>республикалық;<br>халықаралық ; | | | | | | |

Білім алушының қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім алу нәтижелерін анықтау технологиясы 2-кестеде берілген.

*2-кесте*

**Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың білім алу нәтижелерінің мониторингісі**

| **Көрсеткіштер** (бағаланатын | **Өлшемдер** | **Бағаланатын қасиеттің көріну** | **Балл саны** | **Диагностика әдістері** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| өлшемдер) | | **деңгейі** | | |
| **Теориялық дайындығы** | | | | |
| Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарының негізгі бөлімдері бойынша теориялық білімдері | Теориялық білімдердің бағдарламалық талаптарға сәйкестігі | - бағдарламаның теориялық мазмұнын меңгерген жоқ | 0 | Бақылау, тестілеу, бақылау сауал алу |
| | | - бағдарламамен қарастырылған білімдердің ½ кем көлемін меңгерді; | 1 | |
| | | - меңгерілген білімдердің көлемі ½ астамын құрайды | 2 | |
| | | - нақты кезеңде бағдарламамен қарастырылған білімдердің толық көлемін меңгерді | 3 | |
| Арнайы ұғымдар мен түсініктерді меңгеру | Арнайы терминдерді түсінуі және дұрыс қолдануы | - арнайы терминдерді қолданбайды; | 0 | Бақылау, әңгімелесу |
| | | - жекелеген арнайы терминдерді біледі, бірақ оларды қолданудан қашқақтайды | 1 | |
| | | - арнайы терминдерді сөз сөйлеу барысында қолданады | 2 | |
| | | - арнайы терминдерді саналы түрде, олардың мазмұнына толық сәйкес қолданады | 3 | |
| **Практикалық дайындығы** | | | | |
| Бағдарламада қарастырған практикалық біліктері мен дағдылары (бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарының негізгі бөлімдері бойынша) | Практикалық біліктері мен дағдылардың бағдарламалық талаптарға сәйкестігі | - біліктер мен дағдыларды практикада меңгерген жоқ | 0 | Бақылау, бақылау тапсырмасы |
| | | - қарастырылған біліктер мен дағдылардың ½ кем көлемін меңгерді | 1 | |
| | | - меңгерілген біліктер мен дағдылардың көлемі ½ астамын құрайды | 2 | |
| | | - нақты кезеңдегі бағдарламада қарастырылған барша біліктер мен дағдылардың толық көлемін меңгерді | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Арнайы құрал-жабдықтарды игеру | Арнайы құрал-жабдықтарды пайдалануда қиындықтардың болмауы | - арнайы саймандар мен құралдарды пайдаланбайды | 0 | Бақылау, бақылау тапсырмасы |
| | | - құрал-жабдықпен жұмыс жасау барысында едәуір қиындықтарды сезінеді | 1 | |
| | | - педагогтың көмегімен құрал-жабдықпен жұмыс жасайды | 2 | |
| | | - құрал-жабдықпен дербес жұмыс жасайды | 3 | |
| Шығармашылық дағдылары | Практикалық тапсырмаларды орындаудағы креативтілік | - креативтіліктің дамуының бастапқы дәрежесі – білім алушы педагогтың қарапайым практикалық тапсырмаларын ғана орындай алады; | 0 | Бақылау, бақылау тапсырмасы |
| | | - репродуктивті дәреже - тапсырмаларды үлгі негізінде орындайды; | 1 | |
| | | - шығармашылық дәреже (I) - шығармашылық шешімдерді қабылдау қажеттілігін көреді, шығармашылық элементтері бар практикалық тапсырмаларды педагогтың көмегімен орындайды; | 2 | |
| | | - шығармашылық дәреже (II) - шығармашылық элементтері бар тәжірибелік тапсырмаларды дербес орындайды | 3 | |
| **Негізгі құзыреттіліктер** | | | | |
| **Оқу-зияткерлік**<br><br>Арнайы әдебиетті іріктеп, талдай білу | Әдебиетті іріктеу және онымен жұмыс жасауда дербестілік | арнайы әдебиетпен жұмыс жасау білмейді; | 0 | Бақылау, білім алушылар қызметі, олардың оқу-зерттеу жұмыстары тәсілдеріні |
| | | әдебиетті іріктеу және онымен жұмыс жасау қиынға түседі; | 1 | |
| | | педагог немесе ата-аналардың көмегімен әдебиетпен жұмыс | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жасайды; | | ң талдауы |
| | | әдебиетпен дербес жұмыс жасайды, қиынға түспейді | 3 | |
| Ақпараттың компьютерлік қайнаркөздерін қолдану | Ақпараттың компьютерлік қайнаркөздерін қолдануда дербестілік | Дәрежелер мен баллдар - жоғары тармаққа ұқсас | | Бақылау, білім алушылар қызметі, олардың оқу-зерттеу жұмыстары тәсілдерінің талдауы |
| Оқу-зерттеу, жобалық жұмысын жүзеге асыру | Оқу-зерттеу, жобалық жұмысында дербестілік | Дәрежелер мен баллдар - жоғары тармаққа ұқсас | | |
| ***Коммуникативтік*** Педагогты тыңдай білу және қоршаған | Ақпаратты қабылдау баламалылығы | - оқу ақпаратын қабылдамайды; | 0 | |
| | | - оқу ақпаратын қабылдау қиынға түседі; | 1 | |
| адамдардың пікірін назарына ала білу | | - оқу ақпаратын бақылау жағдайында қабылдап, кейде ғана басқалардың пікірін назарына алады; | 2 | |
| | | - жинақы, зерделі, баламалы тұрғыда қоршаған ақпаратты қабылдайды | 3 | |
| Аудитория алдында сөз сөйлеу | Білім алушының дайындалған ақпаратты меңгеру және ұсыну еркіндігі | - аудитория алдында сөз сөйлемейді; | 0 | |
| | | - ақпаратты дайындау және ұсыну қиынға түседі; | 1 | |
| | | - педагогтың қолдауымен ақпаратты дайындап, аудитория алдында сөз сөйлейді; | 2 | |
| | | - ақпаратты дербес дайындап, аудитория алдында ынталана сөз сөйлейді, ақпаратты еркін меңгеріп, ұсына біледі | 3 | |
| Пікірталасқа қатысу, өз ой-пікірін қорғай білу | Пікірталас барысында дербестілік, дәлелдерді құрастыруда қисындылық | - пікірталасқа қатыспайды,өз ой-пікірін қорғауды білмейді; | 0 | Бақылау, білім алушылар қызметі, олардың оқу-зерттеу |
| | | - пікірталас жағдайы, дәлелдерді ұсыну және | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | өз ой-пікірін білдіру қиынға түседі, педагогтардың көмегіне мұқтаж; | | жұмыстары тәсілдерінің талдауы |
| | | - пікірталасқа қатысады, педагогтың көмегімен өз ой-пікірін қорғай біледі; | 2 | |
| | | - пікірталасқа дербес қатысып, қисынды дәлелдер ұсынады, өз ой-пікірін жеткізе біледі | 3 | |
| ***Ұйымдастыру шылық*** Өз жұмыс (оқу) орнын ұйымдастыру | Өз жұмыс орнын дербес ұйымдастыру қабілеттілігі | - жұмыс орнын ұйымдастыра білмейді; | 0 | Бақылау |
| | | - өз жұмыс орнын ұйымдастыру қиынға түседі; | 1 | |
| | | - жұмыс орнын ұйымдастырып, педагогтың айтуынша жинап отырады; | 2 | |
| | | - жұмыс орнын дербес ұйымдастырып, жинап отырады | 3 | |
| Жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру, жұмыс уақытын үлестіру | Жұмыс процесін дербес ұйымдастыру және уақытты тиімді қолдану қабілеттілігі | - жұмысты ұйымдастырып, уақытты үлестіре алмайды; | 0 | Бақылау, әңгімелесу |
| | | - жұмысты ұйымдастыру қиынға түседі, педагогтың тұрақты бақылауы мен көмегін мұқтаж етеді; | 1 | |
| | | - жұмысты жоспарлап, ұйымдастыра біледі, уақытты педагогтың айтуынша үлестіреді; | 2 | |
| | | - жұмысты дербес жоспарлап ұйымдастырады, уақытты тиімді үлестіріп, қолдана біледі | 3 | |
| Ұқыпты, жауапкершілік пен жұмысты орындау | Жұмыс барысында ұқыптылық және жауапкершілік | - ұқыпты жұмыс жасау білмейді және құштарлығы байқалмайды; | 0 | Бақылау, әңгімелесу |
| | | - ұқыпты жұмыс жасау қиынға түседі; | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | - жұмысты ұқыпты атқарады, бірақ кейде подагогтың назары мен айтуын мұқтаж етеді; | 2 | |
| | | - жұмысты ұқыпты, жауапкершілікпен атқарады, өзін бақылау біледі | 3 | |
| Қызмет процесі барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау | Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау шынайы дағдыларының бағдарламалық талаптарға сәйкестігі | - қауіпсіздік техника ережелерін есінде сақтамай және орындамайды | 0 | Бақылау, әңгімелесу |
| | | - бағдарламамен қарастырылған қауіпсіздік техника ережелерін сақтау дағдыларының ½ кем көлемін меңгерді; | 1 | |
| | | - меңгерілген дағдылардың көлемі ½ астамын құрайды; | 2 | |
| | | - нақты кезеңде бағдарламамен қарастырылған қауіпсіздік техника дағдыларының толық көлемін меңгерді | 3 | |

«Көрсеткіштер» бағанасында білім беру бағдарламасын меңгеру процесінде білім алушыларға қойылатын талаптар тіркеледі. Бұл көрсеткіштер оқу-тақырыптық жоспарының негізгі бөлімдері немесе оқу жылының (жартыжылдықтың) қорытындылары бойынша берілуі мүмкін. Жүйеленген түрде көрсетіген көрсеткіштер бағдарламаны меңгерудің белгілі бір сатысында педагогтың білім алушылардан нені алғысы келетінін көрнекі тұрғыда елестетуге мүмкіндік туғызады.

Өлшенетін көрсеткіштердің жиынтығы кестеде бірнеше топтарға жіктелген:

теориялық дайындығы;

тәжірибелік дайындығы;

оларды меңгерусіз кез келген білім беру бағдарламасын табысты игеру және қызметті жүзеге асыру мүмкін болмайтын негізгі жалпы оқу құзыреттіліктері.

«Өлшемдер» бағанасы бағдарламада берілген талаптарға білім алушының шынайы нәтижелерінің сәйкестік деңгейі орнап, ізделіп отырған көрсеткіштердің бағасы берілетін белгілердің қосындысын қамтиды.

«Бағаланатын қасиеттің бейнелену деңгейі» бағанасы білім алушылардың бағдарламалық материалы мен негізгі құзыреттіліктерді меңгерудің мүмкін дәрежелерінің тізбесін еңгізеді. Мазмұндық көрінісінде әрбір дәреженің қысқаша сипаттамасы беріледі.

Белгіленген дәрежелер тиісті тест баллдармен көрсетілген. Осы мақсатта «Мүмкін балл саны» бағанасы еңгізілген. Осы бағана Педагог тарапынан бағдарламаның ерекшеліктері мен өлшенетін қасиеттің бейнелену деңгейлері туралы көрінісіне сәйкес толтырылуы мүмкін. Педагог «аралық» баллдарды (1,5 балл, 2,5 балл, 2,8 балл ) қоя алады, оның пікірінше, олар өлшенетін қасиеттің белгілі бір бейнелену деңгейіне сәйкес келеді. Білім алушының бағдарлама бойынша ілгерілеудің табыстылығы мен сипатын нақтырақ ашып көрсетуге септігін тигізеді.

«Диагностика әдістері» *бағанасында* әрбір бағаланатын көрсеткішіне қарама қарсы білім алушының білім алу нәтижелерінің бағдарламалық талаптарға сәйкестігі анықталатын тәсілі белгіленген. Негізгі әдістер ретінде бақылау, бақылау сауал алу (ауызша немесе жазбаша), әңгімелесу (дара немесе топтық), тестілеу, жобалық-зерттеу жұмысының талдауы қолданылады. Педагог көрсетілген диагностика әдістерін пайдалануы мүмкін, немесе бағдарламаның өзгешелігіне сәйкес өзі қолданып жүрген әдістерді ұсынуы мүмкін.

**2. Білім алушы тұлғасы қасиеттерінің даму мониторингі.**

Тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы – ұзақ мерзімді процес, сондықтан білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін анықтап бағалау қиынға түседі. Қосымша білім берудің өзгешелігі педагогтардың білім алушылардың білім алу қызметінің нәтижелерін толық мөлшерде анықтауына мүмкіндік береді.

Осыған байланысты қосымша білім беру педагогтарына М.И. Шилованың білім алушылар тәрбиелілігін зерттеу әдісі негізінде құрастырылған «Тәрбиеленушілер тұлғасының қасиеттерін зерттеу» психологиялық-педагогикалық әдістемесі ұсынылады.

Мұнда қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының міндеттеріне енетін, қалыптасуы мен дамуы мақсаттарымен анықталған жеке тұлғаның негізгі қасиеттері белгіленген:

белсенділігі, ұйымдастырушылық қабілеттері;

коммуникативтік дағдылары, ұжымшылдығы;

жауапкершілігі, дербестілігі, тәртіптілігі;

адамгершілігі, ізгілігі;

жасампаздығы, жобалық-зерттеу қызметіне бейімділігі.

«Тәрбиеленушілер тұлғасының қасиеттерін зерттеу» әдістемесі бойынша педагогтар жұмысының технологиясы диагностикалық картаны толтыруды қамтиды.

3-кесте

**Білім алушылар тұлғасы қасиеттерінің даму мониторингісінің диагностикалық картасы**

Балалар бірлестігі ______________________________________________

Білім беру бағдарламасы ________________________________________

Оқыту жылы ______________________________________________________

Педагог______________________________________________________________

Оқу жылы _____________

| Р/с № | Білім алушының тегі, аты | Жеке тұлғаның қасиеттері және көріну белгілері | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Белсенділігі, ұйымдастырушылық қабілеттері | | | Коммуникативтік дағдылары, ұжымшылдығы | | | Жауапкершілігі, дербестілігі, тәртіптілігі | | | Адамгершілігі, ізгілігі | | | Креативтілігі, жобалық-зерттеу қызметіне бейімділігі | | |
| | | толтыру күні | | | толтыру күні | | | толтыру күні | | | толтыру күні | | | толтыру күні | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | |

Карта әдістеменің мазмұнында көрсетілген өлшемдер негізінде толтырылады (4-кесте).

4-кесте

**Білім алушылар тұлғасы қасиеттерінің даму мониторингісі**

| **Жеке тұлғаның қасиеттері** | **Жеке тұлға қасиеттерінің көріну белгілері** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | айқын көрінеді 3 балл | көрінеді 2 балл | нашар көрінеді 1 балл | көрінбейді 0 балл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Белсенділігі, ұйымдастырушылық қабілеттері | Белсенді, тұрақты танымдық қызығушылығын білдіреді, талапкер, еңбекқор, ұқыпты, үздік нәтижелерге қол жеткізеді, бастамашыл, басқалардың қызметін ұйымдастыра біледі | Белсенді, тұрақты танымдық қызығушылығын білдіреді, талапкер, еңбекқор, ұқыпты, жақсы нәтижелерге қол жеткізеді | Белсенділігі аз мөлшерде байқалады: көбінесе басқалардың қызметін бақылап отырады, тапсырманы орындауды ұмытуы мүмкін. Нәтижелілігі жоғары емес | Оқу сабақтарын босатады, нәтижелілігі төмен |
| Коммуникативтік дағдылары, ұжымшылдығы | Байланысқа жылдам түсе және оны қолдай біледі, келіспеушіліктерді шеше біледі, баршамен мейірімді, бастамашыл, өз қалауынша аудитория алдында табысты сөз сөйлей алады | Байланысқа түсу және оны қолдай біледі, келіспеушіліктерге қатыспайды, баршамен мейірімді, жетекші немесе топтың бастамасы бойынша аудитория алдында сөз сөйлейді | Байланыстарды іріктеп қолдайды, жиірек дара жұмыс жасайды, бұқаралық сөз сөйлемейді | Тұйық, қарым-қатынас жасау, ұжым арасында бейімделуі қиынға түседі, келіспеушіліктердің бастамашысы болып табылады |
| Жауапкершілігі, дербестілігі, тәртіптілігі | Тапсырмаларды ынталана, жауапкершілікпен, жиі өз қалауынша орындайды, басқаларды қатыстыра біледі. Әрқашан тәртіпті, жинақы, үнемі бар жерде жүріс-тұрыс ережелерін сақтайды және басқалардан ұстануды талап етеді | Тапсырмаларды ынталана, жауапкершілікпен орындайды. Бақылаудың болуы немесе болмауына қарамастан өзін жақсы ұстайды, бірақ мұны басқалардан талап етпейді | Тапсырмаларды ынтасыз орындайды. Жұмысты бастайды, бірақ жиі соңына дейін аяқтамайды. Бақылаудың болу жағдайында тапсырмаларды орындап, жүріс-тұрыс ережелерін ұстанады | Тапсырмаларды орындаудан бас тартады, жауапкершіліксіз. Жиі тәртіпсіз, жүріс-тұрыс ережелерін бұзып, тәрбиелік әрекеттерін қабылдауы нашар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Адамгершілігі, ізгілігі | Ақ пейілді, шыншыл, өз сөзіне берік, сыпайы, қоршаған адамдарға қамқорлық жасай біледі | Ақ пейілді, сенімді, сыпайы, қамқоршыл | Уәдесін үнемі орындамайды, құрдастарымен өктем болуы мүмкін | Мейірімсіз, өктем, тәкаппар, адал емес |
| Жасампаздығы, жобалық-зерттеу қызметіне бейімділігі | Жоғары шығармашылық әлеуетіне ие. Дербес жобалық-зерттеу жұмыстарын орындап, команданы құрып, оның қызметін ұйымдастыра біледі. Стандартты емес шешімдерді қабылдай біледі | Жобалық-зерттеу жұмыстарын орындай біледі, педагогтың көмегімен өз жобасын құрастыра алады. Шығармашылық шешімдерді қабылдауға қабілетті | Тұрақты қолдау және бақылау жағдайында жобалық-зерттеу тобында жұмыс жасай алады. Көбінесе дәстүрлі тәсілдерді қолданады | Жобалық-зерттеу қызметіне қатыспайды. Тапсырмаларды орындау дәрежесі репродуктивті |

Әрбір педагог жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы аясында тиімді дамитын тұлғаның қасиеттерін таңдай алады. Қосымша білім беру педагогтары оқу тобы жұмысының басында (қыркүйек, қазан), екінші жартыжылдық басында (қаңтар), оқу жылының соңында (сәуір, мамыр) диагностикалық кестені толтырады.

Білім алушылардың тұлғалық өзгерістерінің диагностикалау әдістері ретінде бақылау (негізгі әдіс), диагностикалық әңгіме, рефлексия әдісі қолданылады. Педагогтардың қалауы бойынша сауал алу, тестілеу, аяқталмаған сөйлемдер және тағы басқа әдістер пайдаланылуы мүмкін.

Бағдарлама бойынша білім алушының оқыту жылдары аралығында психологиялық-педагогикалық диагностика әдістері арқылы тұлғалық қасиеттері, білім алудың табыстылығын жүйелі бағалау педагогтарға әрбір білім алушы және балалар бірлестігімен оқу-тәрбие жұмысын жасаудың бағыттарын анықтап, нәтижелілікті талдауға мүмкіндік береді.Алайда, мониторингті жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер педагогтардың жұмысын талдап, рефлексия жасау үшін маңызды ынталандырма болып табылады.

Орталықтың барлық оқыту бағдарламалары үшін бірыңғай мониторинг жүйесінің едәуір артықшылығы - әрбір жекелеген бағдарлама және ұйым қызметінің бағыттары бойынша білім берудің сапасын анықтау мүмкіндігі болып келеді.

Мониторинг зерттеулерінің қорытындыларын статистикалық өңдеу математикалық статистика әдістері арқылы іске асырылады және

нақты мерзім аралығында психологиялық-педагогикалық диагностика қорытындыларының салыстырмалы нәтижелерін алуға септігін тигізеді,мысалы оқу жылы.

Білім алушылар жетістіктерінің мониторингісі диагностикалық картасының негізінде жүргізіліп, білім алушылардың әртүрлі дәрежедегі жетістіктерін қамтиды, осы тұтас оқыту процесінің жүзеге асырылу нәтижелілігі мен балалар бірлестігі қызметінің бағыты бойынша белгілі бір саласында әрбір білім алушыны бағалауға мүмкіндік туғызады.

5-кесте

**Педагогтің кәсіби өсу мониторингісі**

| оқу жылы | бағдарламалар | тәрбие жұмысы | курстар | әдістемелік оқу құралы | БАҚ-та басылымдар | конференцияларға катысуы | байқаулар, көрмелер, жарыстар, тағы басқа қатысуы | жүлдегерлер | ашық сабақтары, шеберлік сыныптарын өткізу | ашық тәрбие шараларын өткізу |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

Қосымша білім беру сапасының осы мониторинг жүйесі оқу-тәрбие процесінің мәселелік аумақтарын уақытында анықтап, оларды жоспарлау, білім беру субъектілерінің қызметін үйлестіру және мониторингтік зерттеулер технологиялары мен механизмдерін жетілдіру барысында есепке алуға себеп болады.

6-кесте

**Орталық қызметінің мониторингі**

| **Индикатор** | **Көрсеткіш** | **2012** | **2013** | **2014** | **2015** |
|---|---|---|---|---|---|
| Педагогикалық кадрлардың | Кадрлармен қамтылу, %; | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | Кадрлардың ағымдылығы, %; | 25 | 22 | 20 | 10 |
| сапалық құрамы | **Педагогтардың білімі, (сандық және % көрсеткіші** | | | | |
| | жоғары педагогикалық | 28-85% | 21-66% | 23-72% | 26 -76% |
| | жоғары кәсіби | 3-9 % | 1-3% | 5-16% | 4-12% |
| | арнаулы орта | - | 3-9% | 2-6% | 1-3% |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | педагогикалық | | | | |
| | орта кәсіби | 1-3% | 2-6% | 2-6% | 2-6% |
| | орта | 1-3% | 5-16% | 1-3% | 1-3% |
| | **Педагогтардың біліктілігі (сандық және % көрсеткіші)** | | | | |
| | жоғары санат | 8-24% | 8-25% | 8-25% | 12-35% |
| | бірінші санат | 8-24% | 8-25% | 6-19% | 3-9% |
| | екінші санат, | 3-9% | 4-13% | 6-19% | 7-21% |
| | санатсыз. | 14-42% | 12-36% | 12-36% | 12-35% |
| | **Кадрлардың педагогикалық еңбек өтілі** | | | | |
| | 1 жылға дейін | 3-9% | 3-9% | 2-6% | 1-3% |
| | 1 жылдан 5 жылға дейін | 7-21% | 7-22% | 7-22% | 9-26% |
| | 5 жылдан 10 жылға дейін | 4-12% | 4-13% | 6-19% | 4-12% |
| | 10 жылдан 20 жылға дейін | 11-33% | 11-34% | 9-28% | 9-26% |
| | 20 жылдан астам | 7-21% | 7-22% | 8-25% | 10-29% |
| | Қызметкерлердің орта еңбек өтілі | 12 -36% | 11-34% | 11-34% | 12-35% |
| | Жас мамандардың саны | 7-21% | 5-16% | 7-22% | 4-12% |
| | **Педагогтардың жұмыс тәжірибесі жалпыланды** | | | | |
| | республика дәрежесінде | - | - | - | - |
| | облыс дәрежесінде | - | - | - | 1 |
| | қала дәрежесінде | 1 | 1 | 1 | 1 |
| | Бір педагогке шаққанда басылымдар, әдістемелік әзірленімдер, БАҚ-ры, конференциялар, семинарлар мен курстардағы баяндамалар саны | 4 | 5 | 5 | 7 |
| | **Біліктілік арттыру курстарынан өткен мамандар саны** | | | | |
| | республика дәрежесінде | 17-52% | - | - | - |
| | облыс дәрежесінде | 2-6% | 2-6% | 1-3% | 2-6% |
| | қала дәрежесінде | - | - | 17-53% | - |
| | Үздік тәжірибе, авторлық және дара білім беру бағдарламалары, әдістемелері мен технологияларды мақұлдау және таралымын көбейту | - | - | - | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мақсатында алаңшалардың болуы | | | | |
| Ұйымның материалдық базасы | **Материалдық-техникалық базамен қамтылуы %, жүргізу үшін құрал-жабдық** | | | | |
| | үйірмелік жұмысы | 60 | 70 | 80 | 80 |
| | зерттеу жобалары | 60 | 60 | 60 | 60 |
| | лагерлер | - | - | - | - |
| | меншік бөлмесінің болуы | - | - | - | - |
| | Интернетке қосылу (компьютерлік техниканың болуы) | 4 | 9 | 9 | 9 |
| | Сайттың болуы | бар | бар | бар | бар |
| | Материалдық-техникалық базаның жаңартылуына шығындалған бюджеттен тыс қаржы көлемі | 300 ,0 | 450,0 | 71,0 | 800,0 |
| | Материалдық-техникалық базаның жаңартылуына шығындалған бюджеттік қаржы көлемі | 3878,0 | 861,0 | 216,0 | 400,0 |
| **Ұйымның қызметі** | Бірлестіктердің саны (үйірмелер, студиялар, клубтар, зертханалар, тағы басқа), олардағы білім алушылардың саны | 33-1275 | 32-1056 | 32-1038 | 34-1097 |
| | **Білім алушылар пайызы** | | | | |
| | КЖТІБ есебінде тіркелген | 0,08 | 0,09 | - | 0,09 |
| | жетім балалар және АҚҚ балаларға арналған ұйым тәрбиеленушілері | 2 | - | - | 4 |
| | патронаттық тәрбиешілерге берілген балалар | - | - | - | - |
| | қорғаншылыққа немесе қамқорлыққа алынған балалар | 11 | - | - | 13 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ерекше қажеттіліктері бар балалар | 2 | 2 | 2 | 9 |
| | аз қамтылған отбасы балалары | 11 | - | - | 13 |
| | оқу жылы көлемінде кеткен білім алушылар | - | - | - | - |
| | ұйым білім алушыларының жасаған құқықбұзушылық саны, % | - | - | - | - |
| **Ұсынылатын қызметтердің сапасы** | Қосымша білім беру бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасына қатысты ата-аналардың қанағаттанушылығы (сауалнама жүргізу, сұрақ-жауап) | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | ***Жүлделі орындарды иеленген білім алушылардың саны, %*** | | | | |
| | халықаралық дәреже | 9-07% | 17-2% | 3-0,3% | 3-0,3% |
| | республикалық дәреже | 35-3% | 40-4% | 31-3% | 59-6% |
| | облыстық дәреже | 225-18% | 286-27 | 377-36% | 206-19% |
| | «Менің Отаным – Қазақстан» экспедициялық жасақтары Республикалық слетінің жобасы, басқа республикалық іс-шаралар қатысушыларының саны | 63-19% | 119-37% | 86-27% | 73-21% |
| **Еңбекпен қамтылуы** | Бейіні бойынша жоғары, арнаулы орта білім беру мекемесіне оқуға түскен балалардың саны (%) | 6 | 3 | 7 | 9 |

Орталықтың білім беру кеңістігіндегі мониторингтік бақылау бағдарламасы – бұл білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылу нәтижелілігін, білім алушылардың жетістіктерін және педагогтардың кәсіби құзыреттілігін анықтау арқылы қосымша білім беру сапасын бағалау жүйесі.

Білім алушының теориялық, практикалық дайындығы мен оның негізгі біліктілігі, сонымен қатар, түрлі конкурстар мен көрмелерге, түрлі деңгейдегі жобаларға қатысуы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижесінің мониторингіне кіреді. Білім алушылардың облыстық (206), республикалық (59) және халықаралық іс-шаралардағы (3) жетістіктерінің артқаны байқалады. Мұның бәрі балалардың қосымша білім алуға қызығушылықтарын арттырады. Осыллайша, 2015-2016 оқу жылында Орталықта білім алушылардың саны 1097-ге жетті, 2014-2015 оқу жылымен салыстырғанда 59 балаға артқан (2014-2015 жж. – 1038).

Орталықтың қызмет мониторингі мынадай оң сәттерді атауға мүмкіндік береді: 100 % кадр толықтығы, оның 76 %-ы жоғарғы педагогикалық білімі бар педагог, 15 жоғарғы және бірінші біліктілік категориясына ие педагог. Орталық білімалушыларының тәртіптілігі, көрсетілетін қызметке деген ата-аналардың 100% қанағаттылығы, бітірушілердің жұмыспен қамтылуы – ұжымның жүйелік жұмысының көрсеткіші. Сонымен бірге, Орталық жетекшілерінің педагогтардың біліктілігін арттырып, үздік педагогтардың тәжірибесін зерделеп, жинақтауға көңіл бөлгендері жөн.

*2-қосымша*

**Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының**
**Облыстық экологиялық-биологиялық орталығында педагог қызметкерлердің кәсіптік қызметтерінің сапасы мониторингі және оларды бағалау әдістемесі**

Облыстық экологиялық-биологиялық орталығы (бұдан әрі - Орталық) облыс мектептерінің педагогтері және білім алушылары экологиялық-биологиялық қызмет бағытында оқу-әдістемелік және үйлестіру жұмыстарын жүргізетін қосымша білім беру ұйымы болып табылады. Орталық қызметінің басым бағыты – тәрбиеленушілерді әлеуметтік-тұлғалық дамыту, сондықтан білім алушылардың танымдық, шығармашылық, интеллектуалдылығын қалыптастыруға жағдай жасауға үлкен көңіл бөлінеді.

Орталықтың басшылығы жүйелі түрде педагогикалық қызмет пен кәсіби жетістіктерді бағалау мониторингі жүргізіледі, олардың міндеттері:

педагогтердің оқу, тәрбие және инновациялық қызметте сапалы нәтижелерге жету уәждемесі;

педагогтердің біліктіліктерін, кәсібиліктерін, шығармашылық бастамашылықтарын дамытуға ынталандыру;

педагогикалық ұжымның рейтингтік мәдениетін қалыптастыру.

Педагогтің кәсіби қызметінің сапасы білім алушылардың құзыреттіліктерімен қалыптасқан ракурста бағаланады. Педагог ұсынатын білім беру қызметтері балалар мен ата-аналарының сұраныстарына сәйкес келуі есепке алынады.

Балаларға қосымша білім беру педагог қызметкерлерінің кәсіби қызметтерінің сапасын анықтаудың көрсетілген критерийлері және оларды бағалау әдістемесі келесі қағидаттар мен тәсілдерге негізделген:

құзыреттілік тәсілі педагогтер мен білім алушылардан талап етілетін құзыреттіліктерінің болуын ғана емес, сондай-ақ осы санаттардың даму векторларының ара-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді;

білім алушылардың даму аймағындағы және уақытқа негізделген білімдік жетістіктеріне бағытталған нәтижелілік қағидаты;

әрбір өлшем бойынша жоғарғы балл қызметтің таңдап алынған аспектілері арқылы алынатын еркін өлшем спектрлерін ұсынатын вариативтілік және кешенділік қағидаты.

Осылайша, педагог анықталған көрсеткіштердің кез-келгені бойынша қажетті балл мөлшерін жинай алады. Максималды жиналған балл жиынтығы 100% - бен анықталады.

Педагог қызметінің бағасы орталық әкімшілігіне оның кәсіби құзыреттілік деңгейін, жетістіктері мен проблемаларын бақылауға, педагогикалық қызмет нәтижелерінің тұрақты, заңды сипаттарының болуын анықтайды.

1-кесте

**Қосымша білім беру педагогінің қызметін бағалау кестесі**

| № | Педагогтің қызметі | Балл |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Авторлық білім беру бағдарламаларын жасау | 0-5 |
| 2. | Педагогтің жоғарғы кәсіби жетістігін мойындау | 0-3 |
| 3. | Білім алушылардың білімділік және тұлғалық нәтижелері мониторингі арқылы нәтижелілігі (диагностикалық зерттеу жүргізу және талдау) | 0-5 |
| 4. | Білім алушылардың жетістіктері: халықаралық, республикалық, облыстық байқаулар, форумдар, слеттер жеңімпаздары | 0-12 |
| 5. | Пән бойынша білім алушылардың құзыреттіліктерін дамытудан ашық байқаулар өткізу | 0-2 |
| 6. | Бағдарлама бойынша құзыреттілікті – дамыту тапсырмалар кешенін жасау | 0-2 |
| 7. | Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобаларына жетекшілік | 0-1 |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Кәсіби шеберлік байқауларына қатысуы | 0-5 |
| 9. | Халықаралық ынтымақтастық | 0-1 |
| 10. | Ата-аналар сауалнамаларының нәтижелері | 0-12 |
| 11. | Білім алушылардың сауалнамаларының нәтижелері | 0-16 |
| 12. | Білім алушылар контингентінің сақталуы | 0-5 |

**Кілт:** Максималды жиналған балл жиынтығы 70 балл болады.

## Білім алушылардың ата-аналарына арналған сауалнама

Ата-аналардың қосымша білім беру педагогінің жұмыс сапасын бағалауы.
Педагогтің
А.Ж.Т.________________________________________________
Сіз келесі пікірлермен қаншалықты келісесіз? Өзіңіздің жауабыңызды сәйкес сандармен белгілеңіз:

| **№** | **Сұрақтар, пікірлер** | **Ия** | **Жауап беруге қиналамын** | **Жоқ** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Сіздің балаңыз сабаққа барғанда да, қайтқанда да жақсы көңіл-күйде болады | 2 | 1 | 0 |
| 2. | Аталған педагогтің сабағы Сіздің балаңызда өмірге қажетті сапа, білім мен дағды қалыптастыруға әсер етеді | 2 | 1 | 0 |
| 3. | Сізді педагогтің кәсіби құзыреттілігі, іскерлік белсенділігі мен абырой-беделі қанағаттандырады ма? | 2 | 1 | 0 |
| 4. | Сіз педагогтің балаңызға қарым-қатынасына ризасыз ба? | 2 | 1 | 0 |
| 5. | Сіздің балаңыз аталған педагогтің сабақтары мен өткізген шаралары туралы қызығушылықпен әңгімелейді ме? | 2 | 1 | 0 |
| 6. | Ата-анамен педагогтің арасында өзара түсіністік бар ма? | 2 | 1 | 0 |

**Кілт:**

2 – келісемін; 1 – жауап беруге қиналамын; 0 - келіспеймін.

Максималды жиналған балла соммасы 12 балл болады.

12 -10 балл – қосымша білім беру педагогының жұмыс сапасы жоғарғы деңгейде;

9 - 7 балл – қосымша білім беру педагогының жұмыс сапасы орташа деңгейде;

7 баллдан төмен – қосымша білім беру педагогының жұмыс сапасы төменгі деңгейде

**Білім алушыларға арналған сауалнама**

Қосымша білім беру педагогінің білім алушылармен жұмыс сапасын бағалау (орта және жоғарғы мектеп буыны)

Педагогтің А.Ж.Т. ________________________________________________

Сіз келесі пікірлермен қаншалықты келісесіз? Өзіңіздің жауабыңызды сәйкес сандармен белгілеңіз:

| № | Сұрақтар, пікірлер | Ия | Жауап беруге қиналамын | Жоқ |
|---|---|---|---|---|
| | | баллдар | | |
| 1. | Мен өзімді осы педагогтың сабақтарында жайлы, ыңғайлы және емін-еркін сезінемін | 2 | 1 | 0 |
| 2. | Педагог менің қабілеттерімнің дамуы үшін барлық жағдайды жасайды | 2 | 1 | 0 |
| 3. | Мен өз еңбегімнің нәтижелерін көремін | 2 | 1 | 0 |
| 4. | Менің алған білімдерім үлкен өмірде, менің мамандығыма пайдаға асады деп еспетеймін | 2 | 1 | 0 |
| 5. | Мен осы педагогта болғанымды мақтан етемін | 2 | 1 | 0 |
| 6. | Осы педагог өткізетін сабақтар мен басқа шаралар мен маған қызықты | 2 | 1 | 0 |
| 7. | Егер маған бір нәрсе түсініксіз болса педагог әр уақытта менің сұрақтарыма жауап беруге дайын | 2 | 1 | 0 |
| 8. | Педагог қызметтің алуан түрлерін кезектестіреді, сондықтан сабақтарда қызықсыз болмайды | 2 | 1 | 0 |

**Кілт:**

2 – иә, келісемін; 1 – жауап беруге қиналамын; 0 - келіспеймін.

Максималды жиналған балл жиынтығы 16 балл болады.

16 -12 балл – қосымша білім беру педагогының жұмыс сапасы жоғарғы деңгейде;

12 - 8 балл - қосымша білім беру педагогының жұмыс сапасы орташа деңгейде;

8 баллдан төмен - қосымша білім беру педагогының жұмыс сапасы төменгі деңгейде

## Сұрақтар

Тест (аяқталмаған сөйлем әдістемесі):

1. Мен, жақсы үйірме мүшесі, ол - ... деп ойлаймын.
2. Мен, нашар үйірме мүшесі, ол - ... деп ойлаймын.
3. Бәрінен де үйірме жетекшісі … ұнайды.

4. Бәрінен де үйірме жетекшісі... ұнатпаймын.
5. Әң алымен маған үйірме... ұнайды.
6. Мен үйірмені .........ұнатпаймын.
7. Мен үйірмеде … қуанамын.
8. Мен үйірмеде … қорқамын.
9. Мен, үйірмеде … қалаймын.
10. Мен, үйірмеде … қаламаймын.
11. Егер мен үйірме сабақтарында мұқият болмасам, онда мен …
12. Үйірме сабағында бір – нәрсені түсінбесем, онда мен …
13. мен дұрыс … әр уақытта тексере аламын.
14. Мен дұрыс … ешқашан анықтай алмаймын.
15. Егер маған бір нәсені есте сақтау қажет болса, онда мен…
16. Үйірменің сабағында....... әрқашан қызығамын (қызықпаймын).
17. Машрутты өту кезінде маған …
18. Үйірме сабағында........ жақсы түсінемін.
19. Хайуанаттар бағында маған …
20. Хайуанаттар бағында мен …

**Қосымша білім беру педагогтерінің жұмыс сапасының деңгейі**
(ата-аналармен бағалау)

| **Деңгей** | **Балл саны** | **Педагогтар пайызы** |
|---|---|---|
| Жоғарғы деңгей | 12 -10 балл | 30% |
| Орташа деңгей | 9 - 7 балл | 68% |
| Төмен деңгей | кемінде 7 балл | 2% |

**Қосымша білім беру педагогтарының жұмыс сапасының деңгейі**
(білім алушылардың бағалауы)

| **Деңгей** | **Балл саны** | **Педагогтар пайызы** |
|---|---|---|
| Жоғарғы деңгей | 12 -16 балл | 80% |
| Орташа деңгей | 8 - 12 балл | 20% |
| Төмен деңгей | кемінде 8 балл | 0% |

2014-2015 оқу жылында ата-аналардың облыстық экологиялық-биологиялық орталығының жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында үйірме мүшелерінің ата-аналарының арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 150 ата-ана қатысты.

Сауалнама мониторингі нәтижесінде білім алушылар мен олардың ата-аналары облыстық экологиялық-биологиялық орталығының ұсынылған қызмет түріне қанағатанатындығын көрсетті.

**89%** білім беру орталығын таңдауы кездейсоқ емес екендігін атап, көрсетті.

**96%** ата-ана орталықта балалардың толық құнды дамуы мен тәрбиеленуіне жағдай жасалған деп есептейді.

**87%** ата-ана өздерінің балаларының жетістіктеріне риза, 13%-ы жартылай қанағатанады.

Жағымды жағына атап өту керек, ата-аналар балалары қажетті бейін бойынша дайындықты, топта жұмыс істеу біліктерін және өзін өзі мәдениетті ұстау дағдыларын алып жатырдеп етептейді.

Білім алушылар экологиялық-натуралистік бағыттағы үйірме сабақтарына қызығады, өсімдіктер мен жануарларды қызығушылықпен зерттейді, экологиялық іс-шараларға қатысады.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін тірі табиғат объектлерімен қарым-қатынас жасау тілдесудегі кедергіні жояды, өзін және басқаны түсінуге мүмкіндік алады және психикалық шиеленісуді болдырмайды.

**Балалардың білім және білік деңгейі**
**(2012 - 2015 оқу жылдары)**

1-диаграмма




2012 - 2013 оқу жылы

2-диаграмма




2013 – 2014 оқу жылы

3-диаграмма



жыл басы (қазан) жыл аяғы (мамыр)
2014 - 2015 оқу жылы

## Тәрбиелік деңгейі (2012 - 2015 оқу жылы)

4-диаграмма




жыл басы (қазан) жыл аяғы (мамыр)
2012 - 2013 оқу жылы

5-диаграмма







жыл басы (қазан) жыл аяғы (мамыр)
2013 - 2014 оқу жылы

6-диаграмма




жыл басы (қазан) жыл аяғы (мамыр)
2014 - 2015 оқу жылы

3-қосымша

## Өскемен қаласының оқу-зерттеу экобиоорталығының білім алушыларының ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілік көрсеткіштері

**Оқу-зерттеу экобиоорталығының бағыты (әрі-қарай)**: экология, ғылыми-экологиялық туризм негіздері бар өлкетану, экологиялық мониторинг және үлгілеу, геология, палеонтология және ландшафттану, биологиялық экология негіздері бар зоология, агротехника негіздері бар ботаника, гүл шаруашылығы, гидробиология, өзін-өзі тану және табиғат, экологиялық-ағылшынша қарқын, ғылыми жобалау, өсімдіктерді жерсіндіру және қайта жерсіндіру, жас табиғаттанушы, фитодизайн және өсімдіктерді әрлеу.

**Индикаторлары:** ғылыми жобалар сайыстары мен биологиялық олимпиадалар, әр түрлі деңгейдегі ғылыми экологиялық-биологиялық конференциялардың жүлдегерлері мен жеңімпаздарының саны және пайызы;

білім алушылар саны мен үйірмелік бірлестіктер контингентінің сақталуы.

**Жұмыстың ұйымдастырылуы:** оқу-тәрбиелік, әдістемелік, ұйымдастырушылық-бұқаралық, экологиялық мониторинг, ғылыми-зерттеу және кеңес беру жұмысы.

Оқыту бағыты бойынша оқу үйірмелік бірлестіктер зертханаларға топтастырылған:

**Экология және экологиялық мониторинг зертханасы –** ғылыми жобалау, геология, палеонтология және ландшафттану, экология (мемлекеттік тіл), экологиялық үлгілеу (мемлекеттік тіл), қарқын экологиялық-ағылшын тілі, экология негіздері бар өлкетану.

**Флора зертханасы** – өсімдіктерді жерсіндіру (мемлекеттік тіл), агротехника негіздері бар ботаника, фитодизайн және өсімдіктерді әрлеу, гүл шаруашылығы.

**Фауна зертханасы –** биологиялық экология негіздері бар зоология.

**Көркем студия зертханасы –** жас табиғаттанушылардың көркем студиясы, фото және бейне дизайны.

**Материалды-техникалық базасы:** негізгі корпус – бейімделген ғимарат, зертханалық-жылыжай кешені бар. Жалпы аумағы - 391,5 м$^2$, (100 м$^2$ - зертханалық-жылыжай кешені).

**Қызметкерлер саны:** барлық жұмысшылар – 34, оның ішінде, әкімшілік-басқару персоналы - 8, педагогтар – 17.

**Ғылыми-педагогикалық тақырып:** негізгі шешімдерді субъективті-педагогикалық іздеу және заманауи адамгершілік-

зияткерлікке және тұлғаға бағдарланған білімнің технологиялық-әдістемелік саласын жетілдіру жағдайында сабақтан тыс-жаңашыл білім алушының (новатордың) субъективті-педагогикалық құзыреттілігін дамыту.

Орталық білім алушыларының ғылыми-зерттеушілік қызметтерінің тиімділігін анықтау мақсатында табиғат жағдайының және табиғат нысандарының экологиялық жағдайын кешенді зерттеу, Шығыс Қазақстанның табиғат ортасының компоненттеріне антропогендік әсердіін анықтау бойынша балалар жорықтық станцияларынң жұмыс істеуі кезеңінде мониторингтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Мониторинг барысында білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік қызметтерінің тиімділігінің негізгі өлшемдері анықталды:

ғылыми-әдістемелік кеңесте бекітілген жеке ғылыми тақырып пен зерттеу бағдарламасының болуы;

білім алушылардың ғылыми-теориялық жұмыстарға (күз-қыс-көктем) және ғылыми-практикалық (жазғы) мектептерге қатысуы;

ғылыми-практикалық конференциялардың (қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық) жұмысына қатысуы;

білім алушылардың ғылыми жариялымдарының болуы.

Ғылыми жұмыстың тиімділік дәрежесін бағалау үшін оның сапасын, зерттеу нәтижесінде алған теориялық және практикалық жағдайының жиынтығын зерттейді. Ғылыми зерттеу сапасы талдауының негізгі бірлігі оның нәтижесі болып табылады. Сапасын бағалау үшін нәтиже мазмұны жағынан ашылу керек. Сапа өлшемдері бір мағыналы болу керек.

Нәтиженің мазмұнды жағын жаңалық өлшемдері сипаттайды. Құндылық жағын – теориялық пен тәжірибелік маңыздылық, өзектілік өлшемдері анықтайды. Теориялық пен тәжірибелік маңыздылық алынған нәтижелердің шынайы құндылығын, өзектілік – жұмыс аяқталғаннан кейін айқындалатын әлеуеттілігін сипаттайды.

Жаңалық өлшемдері нәтиженің мазмұнды жағын, ғылым мен тәжірибеде белгілі болмаған жаңа теориялық жағдайлар мен практикалық ұсыныстарды сипаттайды.

Өзектілік өлшемі теория мен практиканың әрі қарай дамуы үшін мәселенің қажетілігіне, уақытында зерттелуі мен шешілуіне көрсетеді, қарама-қайшылықтарды, ғылыми идеялар мен тәжірибелік ұсыныстарға сұраныстарды сипаттайды. Білім алушылардың орындайтын жобалары бір жағынан практиканың заманауи қажеттіліктеріне, екінші жағынан нақты және белгілі шешімі болмаған жағдайда ғана өзекті болып саналады.Өзектілік өлшем серпінді, уақытқа, нақты шарттарға және арнайы мәнжайға тәуелді.

Теориялық маңыздылық өлшемдері зерттеу нәтижелерінің қолданыстағы тұжырымдарға, тұрғыларға, идеяларға, зерттеу әдістемелеріне, зерттеу нәтижелерінің құндылық жақтарына әсерін көрсетеді. Өзектілік өлшемдеріне қарағанда ол зерттеудің дайын өнімін сипаттайды, уақытқа тәуелділігі азырақ және өзектілікке сәйкес келмеуі мүмкін.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның жаңалығымен, тұжырымдамалығымен, алынған қорытындылардың дәлелділігімен, зерттеу нәтижелерінің келешегімен тығыз байланысты.

Орталықтың экологиялық мониторингісінің далалық станциясы мен лабораториясы жағдайында жүргізілген практикада ғылыми зерттеулердің қолданылу нәтижесі болған шынайы жетістіктер оның практикалық маңыздылығының белгісі.

1-кесте

**Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудағы жобалау кезеңдерін бағалау**

| Бағалау өлшемдері | | Өзін-өзі бағалау | Ғылыми жетекшінің бағасы | Комиссия бағасы | Ата-ана бағасы |
|---|---|---|---|---|---|
| Қол жеткізілген нәтиже (балл) | | | | | |
| Жобаны қойылатын талаптарға сәйкес рәсімдеуі (балл) | | | | | |
| Әр параметр бойынша жобалау үрдісі (балл) | Өзектілігі | | | | |
| | Жаңалығы | | | | |
| | Теориялық маңыздылығы | | | | |
| | Практикалық маңыздылығы | | | | |
| | Зерттеу нәтижелерін сандық бағалау әдістері | | | | |
| | Зерттеу нәтижелерін сапалы бағалау әдістері | | | | |
| | Зерттеу нәтижелерін түсіндіру және ұсыну әдістері | | | | |
| | Әдістерді қолдану техникасы | | | | |
| | Зерттеу іс-әрекетіндегі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | инновациялары | | | | |
| | Қорытындылардың логикалылығы және дәйектілігі | | | | |
| | Өз бетімен жұмыс істеу икемділігі | | | | |
| | Топта жұмыс істеу икемділігі | | | | |
| Жобаны қорғау (балл) | Тұсаукесер және коллекцияның көрнекілігі | | | | |
| | Логика және сұрақтарға жауап беру икемділігі | | | | |
| | **Барлығы:** | | | | |

Кілт:

85-тен 100 баллға дейін – «5»

70-тен 85 баллға дейін – «4»

50-ден 70 баллға дейін – «3»

50 баллдан кем – «2»

Білім алушылар өз ғылыми жобаларын әр түрлі деңгейдегі байқауларға ұсынады: қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық. Дипломдар, мадақтамалар, алғыс хаттар, сертификаттар – жобалар нәтижелілігінің тағы бір бағалау түрі.

Ғылыми эксперименттің кеңейтілуіне қарай қосымша білім беру ұйымдары білім алушылардыңғылыми-зерттеу қызметінің өлшемдері мен нәтижелілігінің көрсеткіштері өзгертілетін болады.

*4-қосымша*

## Астана қаласы № 2 Өнер мектебі қосымша білім беру педагогының портфолиосы

Педагогтің портфолиосы дегеніміз педагогтің белгілі бір уақыт аралығындағы жетістіктері жинақталатын жеке папка.

Портфолио, педагогтің шығармашылық, оқу, әлеуметтік, коммуникативтік сияқты қызметтің түрлі салаларындағы қол жеткізген нәтижелерін есептеуге және жинақтауға мүмкіндік береді.

Әрбір педагог жеке тұлға, олардың әрқайсысының өз қызығушылықтары, қоршаған орта туралы өз түсініктері, өз қажеттіліктері бар және портфолионың ішінде не болу керектігі жайлы өз ойлары бар.

Педагог әр өлшем бойынша өзіне баға қоя отырып, ұсынылған баллдардың бір нұсқасын таңдайды.

1-кесте

## Қосымша білім беру педагогының өлшемі

| **Өлшемдер** | **Көрсеткіштер** | **Баллмен қойылған баға** | **Баллмен есептегендегі педагогтің өзіне қоятын бағасы** |
|---|---|---|---|
| **1. Білім беру қызметтерін көрсету сапасы** | Педагогтің бағдарламасы талаптарға сәйкес | 0 балл – көрсеткіш ұсынылмады;<br>1 балл – жартылай сәйкес емес;<br>2 балла – ескертпелері бар, сәйкес;<br>3 балла – толығымен сәйкес | |
| | Авторлық бағдарламасының болуы | 0 балл – ия;<br>1 балл – бар. | |
| | Білім алушылардың контингентінің сақталуы | 0 балл – 40% дейін;<br>1 балл – 40-тан 54 %-ға дейін;<br>2 балл – 55-тен - 64 %-ға дейін;<br>3 балл – 65%-дан жоғары | |
| **2. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі** | Педагогтің қызметіне сыртқа жағымды бағаның болуы | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бар. | |
| | Балалар ұжымында қолайлы психологиялық климат жасау | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бар. | |
| | Осы көрсеткіштер бойынша білім беру процесінің тиімділігі мен диагностикалау нәтижесінің көрсеткіштер жүйесінің болуы | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бар. | |
| | Білім беру процесінің тиімділік | 1 балл - оң. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көрсеткіштерінің динамикасы | | |
| 3.**Педагог қызметінің нәтижелілігі** | Білім алушылар қызметінің алуан түрлерін пайдаланудағы вариативтілік (жорықтар, экскурсиялар, акциялар, әлеуметтік жобаларға қатысу, мектеп демалысы кезінде мазмұнды қызметті ұйымдастыру және тағы басқа) | 0 балл – көрсеткіш ұсынылмады;<br>1 балл – қызметтің 2 түрі;<br>2 балл – қызметтің 3 түрі;<br>3 балл – қызметтің 4 немесе одан да көп түрі | |
| | Соңғы 3 жылдағы білім алушылардың оқу жетістіктерінің динамикасы | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бар. | |
| | Байқаулық іс-шараларындағы жүлдел орындар мен лауреаттардың саны (байқаулар, фестивальдар, конференциялар, көрсетілімдер, мейрамдар, көрмелер, жәрмеңкелер және тағы басқа) | 0 балл – жоқ;<br>*мектепішілік деңгей:*<br>1 балл - 1 қатысушы;<br>*қалалық деңгей:*<br>2 балл - 1 қатысушы;<br>*облыстық деңгей:*<br>3 балл - 1 қатысушы;<br>*Республикалық деңгей:*<br>4 балл - 1 қатысушы;<br>*халықаралық деңгей:*<br>5 балл - 1 қатысушы. | |
| | Қосымша білім беру ұйы басшысының педагогтың жоғары кәсібилігін атап көрсетуі | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бар. | |
| | Ата-аналармен жұмыс жүргізілетіндігін | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – эпизодтық жұмыс; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көрсететін материалдардың болуы | 2 балл – ата-аналармен жұмыстың жүйелі түрде жүргізілуі | |
| | Кері байланыстың нәтижелері (сауалнама жүргізу, білім алушылардың, ата-аналардың, ұжымдастарының пікірлері | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бар. | |
| 4.**Педагогтің кәсіби дамуы** | Біліктілікті арттыру немесе кәсіби дайындық бағдарламларын меңгеруі | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бағдарламаны мәселелі семинар немесе өзін өзі дамытудың жеке жоспары формасында меңгеру;<br>2 балл – біліктілікті арттыру бағдарламаларын іштей /сырттай немесе қашақтықтан өткізілетін формадағы мәселелі курстарда меңгеру | |
| | Ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, семинарларда, дөңгелек үстелдерде шығу арқылы өзінің жеке педагогикалық тәжірибесін жалпылау және тарату | 0 балл – педагогикалық тәжірибе жалпыланбаған;<br>1 балл – мектепішілік деңгей;<br>2 балл – қалалық деңгей;<br>3 балл – облыстық деңгей;<br>4 балл – республикалық деңгей;<br>5 балл – халықаралық деңгей. | |
| | Жарияланған авторлық әдістемелік әзірлемелердің, ұсынымдардың, | 0 балл – нет;<br>1 балл – мектепішілік деңгей;<br>2 балл – қалалық деңгей; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқу құралдарының болуы | 3 балл – облыстық деңгей;<br>4 балл – республикалық деңгей;<br>5 балл – халықаралық деңгей. | |
| | Кәсіби байқауларға қатысуы | 0 балл – байқауларға қатыспаған;<br>1 балл – мектепішілік деңгей;<br>2 балл – қалалық деңгей;<br>3 балл – облыстық деңгей;<br>4 балл – республикалық деңгей;<br>5 балл – халықаралық деңгей. | |
| | Қосымша білім беру педагогының жетекшілік қызметі | 0 балл – жоқ;<br>1 балл – бар. | |
| | Педагогтің тәжірибелік-эксперименттік қызметке, жаңа технологияларды, әдістерді апробациялауға, білім беру жобаларын іске асыруға қатысуы | 0 балл – қатыспаған;<br>1 балл – мектепішілік деңгей;<br>2 балл – қалалық деңгей;<br>3 балл – облыстық деңгей;<br>4 балл – республикалық деңгей;<br>5 балл – халықаралық деңгей | |

Кілт:
85-тен 100 баллға дейін – «5»;
70-тен 84 баллға дейін – «4»;
50-ден 69 баллға дейін – «3»;
49 баллдан төмен – «2».

*5-қосымша*

## Қарағанды қаласы № 2 Өнер мектебі педагогінің қызметін бағалау өлшемдері

| № | Бағалау өлшемдері | Баға, балл |
|---|---|---|

| р/с | | |
|---|---|---|
| 1 | Оқу жылы ішінде әдістемелік оқулықтарды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу | 1*2 б. |
| 2 | Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарда жариялау | 1*1 б. |
| 3 | Ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, жинақтарда жариялану | 1*0,5 б. |
| 4 | Ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға (бағдарлама) қатысу | 1*0,5 б. |
| 5 | **Кәсіби байқауларға қатысу** | |
| | Қалалық деңгей | 3 б., 2 б., 1 б.<br>Алғыс хат - 0,5 б. |
| | Облыстық деңгей | 4 б., 3 б., 2 б.,<br>Алғыс хат -1 б. |
| | Республикалық деңгей | 4 б., 4 б., 3 б.,<br>благодарственное письмо - 2 б. |
| 6 | «Үздік педагог» республикалық байқауы | Қатысу - 1 б.,<br>**жүлделі жеңімпаз** |
| | Қалалық деңгей | 2 б., |
| | Облыстық деңгей | 3 б., |
| | Республикалық деңгей | 4 б., |
| 7 | Ұйымдастырушы ретінде іс-шара өткізу | 1*1 б. |
| 8 | Шығармашылық ұжымдардың, ансамбльдердің, топтардың байқауларға, фестивальдерге қатысуының нәтижелілігі | |
| | Қалалық деңгей | 2 б.,1,5 б.,1 б.,<br>Алғыс хат - 0,5 б., |
| | Облысытқ деңгей | 3 б., 2,5 б., 2 б.,<br>Алғыс хат - 1 б. |
| | Республикалық деңгей | 4 б.,3 б.,2 б.,<br>Алғыс хат – 2 б. |
| | Халықаралық деңгей | 5 б.,4 б., 3 б.,<br>Алғыс хат– 3 б. |
| 9 | **Білім алушылардың байқаулардан алған жүлделі орындардың саны** | |
| | Қалалық деңгей | 1*0,2 б., |
| | Облыстық деңгей | 1*0,5 б., |
| | Республикалық деңгей | 1*1 б., |
| | Халықаралық деңгей | 1*2 б. |
| 10 | БАҚ-тағы жарияланымдары | 1*1 б. |
| | **Барлығы** | |

Кілт:

85-тен 100 баллға дейін – «5»;

70-тен 84 баллға дейін – «4»;

50-ден 69 баллға дейін – «3»;

49 баллдан төмен – «2».

Осы рейтингілік баға педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік қызметі нәтижелілігінің объективті көрінісін көруге мүмкіндік береді. Мысалы, 2015-2016 оқу жылында 111 педагогтің 14 – әдістемелік оқулықтар мен білім беру бағдарламаларын әзірледі; 13 – республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарда өз мақалаларын жариялады; 13 педагог ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, оның ішінде 6 – баяндама жасады, 7 – конференцияның материалдар жинағында өз материалдарын сырттай жариялады; 6 – өз жариялымдарын БАҚ-та жариялады.

Осылайша, педагогикалық ұжым қызметінің рентингілік бағалау нәтижелерін талдау кәсіби шеберліктерін және көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасыан арттыру үшін педагогтің жеке жоспарына түзетулер енгізуге ықпал етеді.

*6-қосымша*

**Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының Балалар көркемөнер мектебі білім алушыларының әрекет нәтижелілігін бағалау формалары мен өлшемдері**

Риддер қаласының Балалар көркемөнер мектебі (бұдан әрі - Мектеп) пайдаланатын білім беру процесінің нәтижелілігін бағалау формалары мен өлшемдері педагогтер мен мектеп басшыларына білім алушылардың 1-сыныптан бастап бітіргенге дейін білім беру бағдарламаларының барлық пәндері бойынша білім, білік және дағдыларын объективті және сапалы бағалауға мүмкіндік береді.

Педагогтер, ата-аналар және білім алушылар әр тапсырманы орындау сапасының бағалау өлшемдерін біле отырып, әр білім алушының білім, білік және дағдыларының деңгейін түзете алады; осылайша олардың олардың танымдық уәждемесін арттырады, оқытылатын пәнге деген қызығушылығын дамытады.

Білім алушының аттестаттау картасы оған педагогпен біріге отырып, әр пән бойынша жеткен жетістіктерін бақылап отыруға және қорытынды аттестаттау кезінде үздік нәтижеге қол жеткізуге тырысуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ білім алушының Мектептегі барлық оқу кезеңдеріндегі түрлі деңгейлердегі көрмелерге, байқауларға, жобаларға қатысуына мониториг жүргізу оның бейнелеу өнері бойынша шеберлігінің өсу көрсеткіші және тұлғаның өзін өзі танытуы мен өзін өзі жетілдіру деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Білім алушылардың оқып жатқан пәндері бойынша алған білім, білік және дағдыларының бағалары негізгі өлшемдерді ескере отырып, баллдық жүйемен жүзеге асырылады:

орындалған тапсырманың көлемі;

орындау сапасы (Мектептің білім беру бағдарламаларының негізгі талаптарына сәйкес).

Кілт:

85-тен 100 баллға дейін – «5»;

70-тен 84 баллға дейін – «4»;

50-ден 69 баллға дейін – «3»;

49-баллдан төмен – «2».

**Білім алушылардың қызметін баллмен бағалау өлшемдері**

**«5»** - тапсырма сабақтың мақсатына сәйкес толық орындалған, заттың формасы дұрыс жеткізілген, суреттің композициясы дұрыс шешімін тапқан, яғни кескіннің барлық компоненттері өзара үйлесім тапқан, кескінге тән ерекшелігі шебер байқалған және жеткізілген.

**«4» -** заттың формасы, колориті дұрыс берілген, алайда жұмыста бір немесе екі өрескел емес қателер жіберілген, немесе үш кемшілігі бар; кескіннің барлық компоненттері өзара үйлесім тапқан; кескінге мейлінше тән ерекшелік анық жеткізілмеген.

**«3»** - орындалған тапсырма сабақтың мақсатына толық сәйкес емес, 1 өрескел қате немесе 2 кемшілік жіберілген, немесе 1 өрескел қате және 1 өрескел емес қате жіберілген, немесе 2-3 өрескел қате жіберілген; көркем материалдармен жұмыс істеуде техникалық тәсілдерді сенімді пайдаланбайды.

**«2»** - жұмыста өрескел қателер жіберілген, тапсырма қойылған мақсатқа сәйкес емес.

**Қателердің жалпы жіктелуі**

Білім алушылардың білім, білік және дағдыларын бағалау кезінде барлық қателер мен жіберілген кемшіліктерін ескеру қажет.

***Өрескел деп келесі қателер табылады:***

негізгі түсініктерді, заңдарды, ережелерді білмеу;

білімді практикада жүзінде пайдалана алмау;

өз жұмысына деген салғырттық.

***Өрескел емес қателерге келесілерді жатқызуға болады:***

аздап нақты емес;

құру кезіндегі ұсақ қателер;

жұмысты жүйесіз жүргізу.

***Кемшіліктер:***

штрихтарды қажетті деңгейде меңгермеген;

кескіндеме материалдарын қажетті деңгейде игермеген.

**Бақылау жұмысын, емтиханды өткізу кезінде білім алушылардың дайындық сапасы келесі шкала бойынша бағаланады:**

5 (өте жақсы);

4 (жақсы);

3 (қанағаттанарлық);

2 (қанағаттанарлықсыз).

**Білім алушылардың Мектептегі білім беру бағдарламасын меңгеру бағасы:**

**«өте жақсы»** – тәрбиеленуші аттестаттауға тиісті білім беру бағдарламасы мазмұнының 85% -дан 100%-ға дейін меңгерген;

**«жақсы»** – тәрбиеленуші аттестаттауға тиісті білім беру бағдарламасы мазмұнын 70%-дан 84% -ға дейін табысты меңгерген;

**«қанағаттанарлық»** – тәрбиеленуші 50%-дан 69%-ға дейін табысты меңгерген;

**«қанағаттанарлықсыз»** - аттестаттауға тиісті білім беру бағдарламасы мазмұнының 49%-дан төмен меңгерген.

**Сондай-ақ, білім алушылардың оқу нәтижелілігін бағалау өлшемдері болып келесілер табылады:**

**теориялық дайындық деңгейін бағалау өлшемдері:**

теориялық білім деңгейінің бағдарламалық талаптарға сай болуы; дүниетанымының кең болуы;

практикалық дағдыларының даму деңгейі, арнайы терминдерді саналы
және шебер пайдалана алуы;

**практикалық дайындық деңгейлерін бағалау өлшемдері:**

практикалық біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бағдарламалық талаптарға сәйкес болуы;

арнайы құрылғылар және жабдықтарды шебер пайдалана алуы;

практикалық тапсырманы сапалы орындауы;

**дамуы мен тәрбиелік деңгейін бағалау өлшемдері:**

өзін-өзі ұстау мәдениеті;

практикалық тапсырманы орындауға шығармашылықпен келуі;

ұқыптылығы және орындалатын жұмысқа деген жауапкершілікті көзқарасы;

арнайы қабілеттерінің даму деңгейі.

Педагог әр білім алушының оқу қызметінің нәтижелерін аттестаттау картасына (1-кесте), жиынтық аттестаттау тізімдемесіне (2-кесте) енгізеді, сондай-ақ педагог білім алушылардың көрмелерге, байқауларға, жобаларға қатысу мониторингін (3-кесте) белгілейді.

1-кесте

**Аттестаттау картасы**

Оқу жылы___________________
Білім алушының аты-жөні_____________
Педагог________________________________

| № | Пән | Орташа балл | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **1 Жарты жылдық** | **2 Жарты жылдық** | **Оқу жылы** |
| 1 | Сурет | | | |
| 2 | Кескіндеме | | | |
| 3 | Станокты композиция | | | |
| 4 | Қолданбалы композиция | | | |
| 5 | Мүсін | | | |
| 6 | Өнер тарихы | | | |
| 7 | Пленэр | | | |

Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі: _________________

2-кесте

**Жиынтық аттестаттау тізімдемесі**

Оқу жылы___________
Педагог___________________
Білім алушының аты-жөні _____________________________
Сынып____________

| № | Пән | Орташа балл | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **1 Жарты жылдық** | | **1 Жарты жылдық** |
| 1. | Сурет | | Сурет | |
| 2. | Кескіндеме | | Кескіндеме | |
| 3. | Станокты композиция | | Станокты композиция | |
| 4. | Қолданбалы композиция | | Қолданбалы композиция | |
| 5. | Мүсін | | Мүсін | |
| 6. | Өнер тарихы | | Өнер тарихы | |
| 7. | Пленэр | | Пленэр | |

3-кесте

**Барлық оқу жылдарындағы білім алушылардың көрмелерге, байқауларға, жобаларға қатысуы**

Білім алушының аты-жөні________________________

| Оқу жылы | Іс-шараның аталуы | Деңгейі | Нәтижесі |
|---|---|---|---|
| | | | |

Оқу нәтижелілігін бағалау формалары мен өлшемдері білім, білік және дағдыны кешенді бағалауға ықпал етеді: білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша теориялық және практикалық дайындығының деңгейін, сондай-ақ әр білім алушының даму және тәрбиелілік деңгейін.

Осылайша, талау барысында жасалған қорытындылар практика жүзіндегі оның маңыздылығын, сондай-ақ білім беру қызметтерін арттыру бойынша жұмыстарды әрі қарай зерттеу және жалғастыру перспективаларын көрсетеді.

*7-қосымша*

**Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы Балалар музыка мектебінің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білім сапасын салыстырмалы талдау**

1-кесте

**Білім алушылардың білім сапасын салыстырмалы талдау**

| Оқу жылы | Контин-гент | Баға | | | | Білім сапасының % | Үлгерім % | Нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 4 | 3 | 2 | | | |
| 2014-2015 | 66 | 22 | 40 | 4 | - | 94 | 100 | + 6 % |
| 2015-2016 | 58 | 25 | 33 | - | - | 100 | 100 | |

**Сольфеджио пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын салыстырмалы талдау**

2-кесте

| Оқу | Контин- | Баға | Орташа | Білім | Үлгерім | Нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|

| жылы | гент | 5 | 4 | 3 | 2 | балл | сапасының % | % | лері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014-2015** | 66 | 37 | 26 | 3 | - | 4,4 | 95 | 100 | +5 % |
| **2015-2016** | 58 | 25 | 33 | - | - | 4,4 | 100 | 100 | |

3-кесте

**Музыка әдебиеті пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын салыстырмалы талдау**

| Оқу жылы | Контин-гент | Орташа балл | Білім сапасының % | Үлгерім % | Нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|
| **2014-2015** | 55 | 4,6 | 100 | 100 | **- 0,1 балл** |
| **2015-2016** | 44 | 4,5 | 100 | 100 | |

4-кесте

**Қазақ музыка әдебиеті пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын салыстырмалы талдау**

| Оқу жылы | Контин-гент | Орташа балл | Білім сапасының % | Үлгерім % | Нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|
| **2014-2015** | 21 | 4,8 | 100 | 100 | **- 0,2 балл** |
| **2015-2016** | 28 | 4,6 | 100 | 100 | |

5-кесте

**Хор пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын салыстырмалы талдау**

| Оқу жылы | Контин-гент | Орташа балл | Білім сапасының % | Үлгерім % | Нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|
| **2014-2015** | 66 | 4,6 | 97 | 100 | **+ 0,3 балл** |
| **2015-2016** | 58 | 4,9 | 100 | 100 | |

6-кесте

**2015-2016 оқу жылындағы Сольфеджио пәні бойынша директордың бақылау жұмыстарының нәтижелерін салыстырмалы талдау**

| Жарты жылдық | Контин-гент | Баға | | | | Орташа балл | Білім сапасының% | Үлгерім % | Нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 4 | 3 | 2 | | | | |
| I | 64 | 37 | 25 | 2 | - | 4,4 | 97 | 100 | +1 % |
| II | 58 | 20 | 37 | 1 | - | 4,5 | 98 | 100 | |

7-кесте

**Музыка әдебиеті бойынша музыкалық викторинолардың нәтижелерін салыстырмалы талдау**

| Жарты жылдық | Контингент (барлығы) | Контингент (нақты) | Баға | | | | Орташа балл | Нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 5 | 4 | 3 | 2 | | |
| I | 45 | 43 | 43 | 1 | 1 | - | 4,6 | -1 балл |
| II | 44 | 24 | 24 | 20 | - | - | 4,5 | |

8-кесте

**Қазақ музыка әдебиеті бойынша музыкалық викториналардың нәтижелерін салыстырмалы талдау**

| Жарты жылдық | Контингент (барлығы) | Контингент (нақты) | Баға | | | | Орташа балл | Нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 5 | 4 | 3 | 2 | | |
| I | 29 | 29 | 18 | 10 | 1 | - | 4,6 | өзгеріссіз |
| II | 28 | 28 | 16 | 12 | - | - | 4,6 | |

Осылайша, білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін талдау педагогке музыканы оқуға деген танымдық уәждемесін арттыру үшін әр білім алушының жеке оқу бағдарламасын түзетуге мүмкіндік береді.

9-кесте

**Хор сыныбының білім сапасын талдау**

| **Құзыреттілік көрсеткіштері** | арнайы терминдер мен белгілер жиынтығын тұрақты тану, өз әрекеттерін оңай монтаждық және функционалдық сызбалармен келістіре отырып, қадамдық нұсқауды оқи және орындай білу, бөлек іс-әрекеттерді орындау нәтижесін болжау қабілеті | Белгісіз терминдер мен белгілердің мағынасын өз бетінше анықтау, ұқсас міндеттерді шешумен байланысты әркелкі ақпаратты талдау және жинақтау мүмкіндігі. Техникалық жүйені жоспарлай және сынақ жүргізе білу, өлшенген көрсеткіштер бойынша оның жұмыс істеуін бағалауды жүргізу және осы ақпаратты құрылған техникалық жүйені (модель) түзетуді жүзеге асыру үшін қолдану, ақаулықтарды жөндеу, жеке сипаттамаларды жақсарту | Ақпараттарды кітапханада іздеуді ұйымдастыру немесе зерттелетін мәселелердің ерекшеліктеріне сәйкес кезекті ақпаратты құрумен өзекті ақпараттық интернет ресурстарын қолдану мүмкіндігі. Техникалық жүйенің жеке сипаттамаларын зерттеу мен жақсартуға бағытталған толық эксплуатациялық зерттеуді бірнеше рет ұйымдастыра білу. Әркелкі ақпарат нәтижесі негізінде мәселені шешудің жаңа шешімін қағида тұрғысында ұсыну мүмкіндігі: арнайы әдебиет, ғаламдық жүйе ресурстары, өз тәжірибесі және өз әріптестерінің тәжірибесі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қызмет нәтижесі** | дайын сызбалар және схемалар бойынша білім алушылардың дайындаған қарапайым модельдері мен техникалық жүйелері | Білім алушылардыңжартылай дайындаған сызба мен схемалары және сынақтан өткен өте қиын техникалық жүйелері және модельдері | Күрделі модельдер және техникалық жүйелермен қатар, рефераттар, зерттеулер бойынша есептер, конференциялардағы сөз сөйлеулері тәжірибелік жүзеге асыру болып табылады |
| ***Тұрмыс саласындағы құзыреттілік*** | | | |
| **Құзыреттілік өлшемдері** | адамның күнделікті өмірінде кеңінен таралған тұрмыстық техникалық жүйелерді қолдана білу | күнделікті өмір мәселелерін шешу үшін жалпы қолданысқа арналған құралдарды қолдана, оңай техникалық жүйелерді жөндей білу | жобалау және техникалық жүйелерді қолдану тұрғысынан күнделікті өмірдегі түрлі тәжірибелік міндеттерді шеше білу |
| **Құзыреттілік көрсеткіштері** | нақты техникалық жүйені оның шешетін міндеттерімен ара қатынасын белгілей білу, оның жұмыс істеуінің жалпы қағидаларын түсіну; әртүрлі техникалық жүйелермен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздікті сақтау қажеттігін түсіну | жеке құралдар мен техникалық жүйелерді қолдану аясын нақты анықтау, оларды нақты жағдайда қолдану қажеттігін көре білу; жеке құралдар және техникалық жүйелермен жұмыста техникалық қауіпсіздікті білуі | тұрмыстық жағдайды жақсарту үшін нақты техникалық жүйені құрастыру және жетілдіру мүмкіндігі, қауіпсіздікпен қолдану, сонымен қатар бұрын қолданылмаған жабдықтардың қағидаларын түсіну |
| **Қызметтің нәтижесі** | үйде, | жөнделген | құрастырылған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мектепте және тағы сол сияқты техникалық жүйенің жеке үлгілерінің нәтижесін пайдалану | техникалық жүйелер, тұрмыстық заттарды әртүрлі техникалық жетілдіру | немесе жетілдірілген техникалық жүйелер |
| **Әлеуметтік-еңбек саласындағы құзыреттілік** | | | |
| ***Құзыреттілік өлшемдері*** | қарапайым еңбек қызметін ұйымдастыра білу | әртүрлі міндеттерді шешу үшін жобалау тәсілін қолдана білу | кәсіби міндеттердің нақты шеңберін шеше білу |
| **Құзыреттілік көрсеткіштері** | еңбек процесі мен нәтижесінің ара қатынасын белгілей, жұмсалатын уақыт пен күшті бағалай, белгілі, қоғамдық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған еңбек қызметі ретінде өзінің және айналадығылардың қызметін қабылдай білуі | жобалау қызметінің негізгі кезеңдерін көрсете және жүзеге асыра білу: міндет қою, шешімін іздеу, шешімді жүзеге асыру, алынған нәтижелерді бағалау; шығындар мен еңбек нәтижесін болжай, міндетті шешудің оңтайлы жолын таңдай білу; тәжірибені теориялық ұсыныстардың бағалау өлшемдері ретінде пайдалану | өзін кәсіби міндеттердің жалпы аясында орнықтыру; осы немесе басқа міндеттерді шешуге қажетті кәсіби білім мен дағдылардың қажетті көлемін бағалай білуі, ресурстық шектеу жағдайында міндеттердің шешімін, баламалы шешім таба білуі; осы не басқа шешімді эстетикалық және оның қоғамдық мораль нормаларына сәйкестігін бағалай білуі |
| **Қызмет нәтижесі** | жеке амалдарды орындау нәтижесі, модельдің оңай техникалық жүйелері | күрделі техникалық жүйелер және модельдер, оларды пайдалану нәтижесі | кәсіби құндылығы бар күрделі техникалық модельдер мен жүйелер |
| **Коммуникативтік ортадағы құзыреттілік (және ішінара азаматтық-қоғамдық қызмет саласында)** | | | |
| ***Құзыреттілік*** | белгілі пән | ортақ еңбек | кәсіби |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***өлшемдері*** | аясында қарым-қатынас жасай білуі | қызметін ұйымдастыра білу | бағытталған қарым-қатынасты жүзеге асыра білу |
| **Құзыреттілік көрсеткіштері** | басқа білім алушыларға түсінуге жеңіл, зерттелетін бағытпен байланысты сұрақ бойынша өз ұстанымын тұжырымдай білуі; басқаның ұстанымын тыңдай және түсіне, алған нәтижелерді қабылдай білуі | еңбек ұжымында: көшбасшы, бағынушы, әріптес және тағы басқа әртүрлі рөлдерді ойнау білуі; ортақ жұмыстағы өз бөліміне жауапкершілік қарым-қатынас, өз және өзгенің еңбек нәтижесін әділ бағалай, өз рөліне сәйкес диалог жүргізе білуі | Орындалған жұмыстың нәтижесін жеткізу және қорғау мүмкіндігі, сұрақтарды түсіну және жауап беру, өз әріптестерінің жұмыстарын талқылауға қатысу |
| **Қызмет нәтижесі** | зерттеліп жатқан пән аясына байланысты ойын айту, әртүрлі сұрақтарды талқылау белсенділігі | ортақ еңбектің нәтижесі, олардың субъективтік және қоғамдық бағасы | конференцияда баяндама жасау, өз жұмысын презентациялау |

2-кесте

**Балаларға қосымша білім беру педагогінің білім беру процесінде баланы көріп отыру қажеттілігімен байланысты мәселелерді шешуде талап етілетін кәсіби құзыреттіліктері мен шеберліктерінің өлшемдері**

| **Өлшемдер** | **Бақылау объектісі** | | |
|---|---|---|---|
| | **Кіші жас** | **Жасөспірімдік жас** | **Ересек жас** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру процесінде пәндік және әлеуметтік қызметтің белсенділігін анықтау мүмкіндігі | баланың практикалық шеберлігін дамыту педагогикалық диагностикасын жүзеге асыра білуі, оның білім беру бағдарламасын меңгерудегі жеке тәжірибесін бағалау; жетістіктерге ерекше көңіл аудара отырып, оның жетістіктері мен сәтсіздіктерін анықтау; баланың «мен білім алушымен» рөліне үйрену деңгейін анықтау | жасөспірімнің ұзақ мерзімді тапсырмаларға шыдай және орындай, өз уақыты мен қызметін жоспарлай білуін бағалау, құрдастарының пікірі мен бағалауын ескере отырып, оның жетістіктері мен сәтсіздіктерін анықтау; жасөспірімнің ұжымға қосылу деңгейін және құрдастарының ортасында таңдалған рөлін сомдауын анықтау | пәндік және әлеуметтік қызмет тәжірибесін жеке дамытудыңпедагогикалық диагностикасын жүзеге асыру; жоғары сыныптағылардың әлеуметтік өзін-өзі таныту және өзін-өзі билеушілігін көрсетуін бағалау, бар шешімдерді талдай және оларды сыни ұғына білу; жоғары сыныптағыларға әртүрлі жастағы балалар ұжымын ұйымдастыру бойынша педагогикалық міндеттер қатарын құқығын бере білуі |
| балалардың пәндік құзыреттілік элементтерін дамытуда жетістіктерін анықтау қабілеті | балаларды өзін-өзі бағалау және бірін-бірі бағалауға үйретуін, өз таңдауын дәлелдей білуін қамтамасыз ететін рефлексивті, белгілеусіз бағалаудың түрлері мен тәсілдерін таңдау | жеке, сонымен қатар топтық табыссыздық пен сәтсіздіктің себептерін іздеу мен табуға мүмкіндік беретін өз қызметінің өз бетінше талдауға жағдай жасау; балалар мен ересектер қоршаған жасөспірім қызметін бағалау үшін әдістер таңдау | кәсіби байқау үшін жағдай жасау, кәсіби бірлестік өкілдері жоғары сыныптағылардың пәндік қызметін бағалаудың нәтижесіне қосу |
| балалардың эмоционалдық саулығы мен жетістігінің мониторингін ұйымдастыру | баланың құрдастарымен ара-қатынас жүйесін талдай білуі, бұл қатынастардың | Білім алушылардың әртүрлі қызмет түрлері мен формаларында өздерін байқау | жоғары сыныптағылардың тұлғасын өзін-өзі бақылауды педагогикалық қолдауын зерттеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| және өткізу | өзгеру динамикасын көру | мүмкіндігін қамтамасыз ету; сәтсіздіктердің себебін табу | және ұйымдастыру: оның өзіне, адамдарға, әлемге тұрақты қарым-қатынасы ретінде ішкі ұстанымының қалыптасуы; өзіне адам ретінде рефлекстік, саналы қарым-қатынасының дамуы |

3-кесте

**Білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелілігін бағалау тәсілдері**

| № | Міндеттер тобы | Негізгі өлшемдер | Баллдар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** |
| 1 | Тірі табиғат және оған тән заңдылықтарды меңгере білу; тірі аңзалардың құрылысы, тіршілік әрекеті және орта қалыптастырушы рөлдері; адам биоәлеуметтік тұлға ретінде | адамдар мен білім алушылардың өздерінің тәжірибелік қызметінде әлемнің заманауи жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастырудағы биологияның рөлін түсіндіре білу; адам өмірінде және өзінің қызметінде түрлі организимдердің рөлі; өсімдіктер мен жануарлардың шығуы және эволюция тұтастығы (жеке топтардың негізінде салыстыру); ағзалар мен қоршаған ортаның өзара байланысы | | | | | |
| 2 | Тірі табиғаттың процестері мен құбылыстарын түсіндіру, өз | биологиялық объектілерді салыстыру (жасуша, тін, ағза және ағза жүйелері, ағзалар, жеке жүйелі топтардың өкілдері) және | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ағзасының тіршілік әрекеті үшін биологиялық білімдерін қолдана білуі; биология және экология, денсаулық пен қауіп факторлары туралы, заманауи жетістіктері туралы ақпаратты қолдану; биологиялық құрал-саймандар, анықтамалармен жұмыс жасау; биологиялық объектілер және өз организімінің жағдайына бақылау, биологиялық эксперимент жүргізу | салыстыру негізінде шешім шығару; белгілі жүйелі топқа биологиялық объектілердің жабдықтарын анықтай білу (топтастыру);<br>Қоршаған ортаға әсер ететін факторлар, денсаулыққа қауіпті факторлар, адамның экожүйеде қызметінің салдары, өз әрекеттерінің тірі ағзаларға және экожүйеге әсер етуін талдай және бағалай білу; тірі және тиянақты биологиялық объектілерді өңдей және сала білу; оқу жинағын құра білу;<br>жинақталған материалдар бойынша өзіндік жұмысын жаза білу | | | | | |
| 3 | Тірі ағза бақылау, биологиялық эксперименттер жүргізу процесінде әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасай білу | биологиялық ақпараттарды іздеуді өзбетінше жүргізе білу: кітап мәтініндегі негізгі жүйелік топтардың ерекше белгілерін табу | | | | | |
| | Тірі табиғатқа, өз денсаулығына және өзге адамдардың денсаулығына дұрыс құнды қарым-қатынас; табиғаттағы жүріс-тұрыс мәдениеті | биологиялық терминдердің биологиялық сөздік пен анықтамаларындағы мағынасы; тірі ағзалар туралы қажетті ақпаратты әртүрлі дереккөздерден (сонымен қатар информациялық ақпараттарды қолдану арқылы) | | | | | |

4-кесте

### «Педагог көзқарасы бойынша бала жұмысының нәтижелілігі» бағыты бойынша теңіз бентосы экология лабораториясында бағдарламаны өту нәтижелілігінің мониторингі үшін қолданылатын бағалау шкаласының үлгісі

| **Шкала параметрлері** | **Сәйкестік** |
|---|---|
| *Ғылыми материалды өңдеу* | |

| | |
|---|---|
| Олимпиадаға арналған зерттеу жұмысының аяқталуы | Белгі білім алушының жинақылық деңгейін, бастаған жұмысын нәтижесіне дейін жеткізу қабілетін көрсетеді |
| Материалдың мағынасин түсіну | Білім алушылардың өз жұмысының мақсаттары мен міндеттерін түсіну деңгейін көрсетеді |
| Кіші жастағы білім алушылармен сабақ өткізуге қатысу | Кәсібилікті қосымша бағалау. Кіші жастағы әріптестерін үйрете алатын білім алушылар ғана бағдарлама үйрететін кәсіпті меңгерген |
| *Білім алушыла рқатысқан ішкі семинарлардың саны* | |
| Семинар мазмұнына қызығушылығы (семинарда қойылатын сұрақтар) | Қатысушылардың тек өз жұмыстарына ғана емес, әріптестерінің жұмысына да қызығушылық деңгейін көрсетеді |
| Қала сыртындағы саяхаттарға қатысу | Бір жыл оқитын қатысушыға саяхатқа қатысу міндетті емес, ал саяхатқа білім алушының қатысуы дағдыны тереңірек меңгеріп және көп уақытын ұжыммен бірге |
| Лабораторияда болған уақыты | Лабораторияда бағдарламамен бөлінген екі сағаттан артық болуы, білім алушыға педагогтен алатын білім ғана емес, педагогпен, сонымен қатар құрдастарымен де бейресми қарым-қатынастың маңызды екенін |
| *Апта ішіндегі қатысу саны* | |
| Ыңғайлы және жайлы ортаны құру жұмысына қатысу | Қатысушының ішкі ортаны, ұжымда жайлылықты құрудағы қызығушылық деңгейін көрсетеді |

Осылай, өлшемдер, көрсеткіштер және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру тиімділік жағдайларының жиынтығын анықтаудағы ғылыми-негізделген құзыреттілік білім беру бағдарламалары мен жалпы білім беру жүйесінде оқыту әдісі және балаларға қосымша білім беру жүйесінің бөлінбейтін бөлшегі үшін, сонымен қатар балаларды тәрбиелеу және қосымша білім беру аясында педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін дамыту үшін қолданылуы мүмкін.

*13-қосымша*

## Тұрғылықты жері бойынша жасөспірімдер клубында жобалау қызметін жүзеге асыру арқылы балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру

*(Белгород қаласында «Юность» қосымша білім беру муниципалдық бюджеттік мекемесінің жұмыс тәжірибесінен тезистер)*

## Тәжірибенің нәтижелілігі

Тұрғылықты жері бойынша жасөспірімдер клубында жастардың әлеуметтік қалыптасуының тиімді процесінің белгілері әлеуметтік құндылықтар мен нормалар деңгейін көтеру, осы негізде құндылықтар мен мақсаттардың жеке жүйесін құру, клубта қабылданған рөлдерге қатысты балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау, олардың жеке еркіндік шараларын сезінуі және өзіне жауапкершілікті қабылдау дәрежесі, жасөспірімнің өзін-өзі анықтауға, әлеуметтік тәжірибеде, әлеуметтік жобалау барысында жасөспірімнің қатысу өзара байланысты қамтамасыз ететін жасөспірімге өзін түрлі әлеуметтік қызметке енгізу негізінде көрсету мүмкіндігін беретін өзін-өзі іске асыруға тырысу және осы процестерді педагогикалық қолдау, әлеуметтік қызметтің түрлерін таңдау, әлеуметтік өзара іс-әрекеттің түрлері және қарым-қатынас топтары, қызметке жеке тұлғаның қарым-қатынасы арасындағы өзара байланысы және ондағы туындаған жеке тұлғаралық қатынастары болып табылады.

Тәжірибе нәтижелілігінің диагностикасын өткізу үшін келесілер қолданылды: балалардың өзін-өзі басқару органдары мүшелерімен сауалнамалық сұраныстар, әңгімелесу, сұхбат жүргізу сериялары және бақылау. Жасөспірімдердің әлеуметтік тәжірибесінің диагностикасы сол контингенттің арасында өткізілді және сол параметрлер бойынша: мазмұнды, позициялық-бағалау және қызметтік.

1-кесте

**Әлеуметтендіру көрсеткіштерінің динамикасы**

| **Жасөспірім клубтарындағы тәрбиеленушілердің әлеуметтік қалыптасу көрсеткіштері** | **Тәжірибемен жұмыстың басында (2010 ж.) жалпы санынан %** | **Тәжірибемен жұмысты аяқтау кезеңінде (2014 ж.) жалпы санынан %** | **Қолданылған әдістемелер** |
|---|---|---|---|
| Әлеуметтік қалыптасу деңгейі (әлеуметтік тәжірибенің қалыптасқандығы ) | 20 | 43 | Дембо-Рубинштейн, В.С.Ковалевтің өзін-өзі зертеу әдістемесінің өзгертілген нұсқасы |
| Құндылыты өмірлік басымдылықтар | 32,7 | 46 | Милтон Рокичтің тесті. А.Д.Леонтьев құндылықты бағдарларды зерттеу әдістемесі |
| Жатақхананың қарапайым | 32,7 | 55,7 | Бақылау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| нормаларын игеру | | | |
| Адамгершілік тәрбиенің деңгейі | 41 | 59 | Е.Н.Щуркованың «Өмір тәжірибесі туралы ойлау» тесті |
| Бейәлеуметтік қоғам әсеріне қарсы тұрақтылығы | 19 | 48 | Тест-сауалнама |
| Өз іс-әрекеттері үшін жеке жауапкершілігі мен өзін-өзі дамытуы | 34 | 57 | Бақылау |
| Тұлғаның (жоғары деңгейі) өзін-өзі бағалауы | 22,7 | 57,9 | Л.Ю. Ханин, Ч.Д. Спилбергердің өзін-өзі бағалау әдістемесінің ауқымдылығы |
| Мекеме жұмысына ата-аналар қоғамдастығының қанағаттануы | 47 | 88 | Е.Н. Степанованың «Білім мекемесінің жұмысына ата-аналардың қанағаттануын зерделеу» |
| Өзін-өзі шығармашылық жүзеге асыруға дайындығы | 12 | 44 | Е.Торенстің әдістемесі. Жетістіктер деректерінің банкі |
| Әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысу | 25 | 90 | Балалар мен жасөспірімдердің Іс-шараларға қатысуы бойынша жылдық есебі |

Тәжірибе тақырыбымен жұмысты аяқтау бойынша балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік қалыптасуының барлық көрсеткіштері оң динамикаға ие болды:

әлеуметтік тәжірибені жоғарғы деңгейінде меңгерген балалардың саны  50 % аса өсті;

балалар мен жасөспірімдердің өмірлік басымдылықтары әлеуметтік келісімдер, достарының болуы, табиғат, рухани-адамгершілік құндылықтары туралы сүйіспеншілік пен қамқорлық жағына қарай өзгертілді;

тәжірибені іске асыру соңында балалар мен жасөспірімдердің 88,4 пайызында өздері ұқсағылары келді «жақсы адам» үлгісі болды (ересектер, достары-құрдастары, көркем шығармадағы кейіпкерлер, кинофильмдердің қаһармандары);

соңғы үш жылда Орталықтың бірде-бір тәрбиеленушісі құқық бұзушылық жасамаған, нашарқорлық пен токсиндік заттарды пайдаланғаны үшін ескерту жасалмаған;

балалар мен жасөспірімдердің 40 % шығармашылық өзін-өзі іске асыруға дайындығына жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауды көтеру 44 тәрбиеленушіде анықталды.

**Жасөспірімдер клубындағы тәрбиеленушілердің өзін-өзі бағалау динамикасы**




Балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейімен және олардың әлеуметтік тәжірибе ерекшеліктері арасындағы айқын байланыс бар екенін және өзін-өзі жоғары бағалауы бар балалар мен жасөспірімдер санының динамикалық өсуін нәтиже көрсетті.

**Тұрғылықты мекенжайы бойынша жасөспірімдер клубындағы тәрбиеленушілердің жатақхана нормаларын игеру динамикасы**




Мониторинг қорытындысы жатақхана нормасын жоғары деңгейде игерген тәрбиелеушілердің саны өскенін көрсетті, сондай ақ 50% астам жоғары - мектеп жасындағы балалар мен орта мектеп жасындағы балалар арасында.




Сурет 3. Тәрбиелік деңгейінің көрсеткіштер динамикасы.

Тұрғылықты мекен жайы бойынша жасөспірімдер клубындағы тәрбиеленушілер құрамының біртексіздіген ескере отырып, 3 жылдағы тәрбие деңгейінің мониторингі тәрбие деңгейінің 37 % -ға өскенін көрсетеді, мұны айтарлықтай жоғары нәтиже деп бағалауға болады.

2-кесте

**Қауіп деңгейінің динамикасы**

| Жас санаты | Қауіптің жоғары деңгейі | Қауіптің орташа деңгейі | Қауіптің төмен деңгейі |
|---|---|---|---|
| 13 – 15 жас | 16% | 35% | 49% |
| 16 - 17 жас | 31% | 37% | 32% |

Жасөспірімдердің бірінші жас санатында жоғары қауіп деңгейі 40 % -ға және 50 -% ға жоғары жастағы жасөспірімдер арасында төмендеген.

**3-кесте**

**Шығармашылық белсенділіктің қорытындысы**

| Байқаулық іс-шараның деңгейі | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| қалалық | 29 | 55 | 69 |
| облыстық | 12 | 11 | 33 |
| федеральдық | 8 | 18 | 19 |
| халықаралық | 6 | 8 | 14 |
| барлығы | 55 | 92 | 135 |

Тұрғылықты мекен жай бойынша клубтардың балалары және жасөспірімдері қатысқан байқаулық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің саны 40% -ға дейін көтерілді.

**Әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысу**

Кешенді мақсатты бағдарламалар мен жобаларды іске асыру кезеңінде балаларды бұқаралық іс-шаралармен қамту 12 пайызға көтерілді.

Бұдан басқа, тәжірибемен жұмыстың келесі тиімділігі алынды.

Негіздері салынды:

азаматтық біртектілік, өз Отанына, халқына және тарихына деген мақтаныш сезімі, өзінің этникалық және ұлттық тиімділігін сезіну;



| | Іс шаралар саны |
|---|---|
| 2011-12 | 1366 |
| 2012-13 | 1383 |
| 2013-14 | 1412 |

гуманистік және демократиялық құндылықты бағдарын қалыптастыру;

табиғаттың, халықтың, мәдениет пен діннің әртүрлілігі және бірлігінде әлемдегі біртұтас, әлеуметтік бағдарланған көзқарасын құру;

басқа халықтың тарихына және мәдениетіне, өзге пікіріне құрметпен қарау;

қарқынды өзгерген және дамыған әлемде бейімделудің бастапқы дағдыларын меңгеру;

өзінің іс-әрекетіне жеке жауапкершілік пен өзінің дербестігін, сонымен қатар ақпараттық қызметте, адамгершілік нормаларда, әлеуметтік әділдік пен бостандық туралы ұсыныс негізінде дамыту.

Осылай, тәжірибемен жұмыс істеу барысында алынған нәтижесі анықталған және іске асырылған тұрғылықты жері бойынша жасөспірімдер клубтарының негізінде ұйымдастырылған әлеуметтік-маңызды қызметіне жасөспірімдердің құндылықты бағдарын қалыптастырудағы педагогикалық талаптардың тиімділігін дәлелдейді. Бұл тәжірибемен жұмыс басында және соңында қызметтің әлеуметтік маңыздылығында жасөспірімдердің құндылықты бағдарын қалыптастыру мәліметтерін математикалық өңдеу әдістерін пайдаланумен диагностиканың салыстыру деректерінің жағымды өзгерістерімен расталады.

Жұмыс барысында әлеуметтендіру мақсаттарын іске асыру бойынша қосымша білім беруді көппрофилдік мекемемен басқару және қызмет ерекшеліктерін анықталған және оның тиімділік белгілері айқындалған. Жобалау қызметі негізінде УДО қызметінің мазмұнын анықтауға кешенді көзқарас әзірленген; балалары мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруді қамтамасыз ету бойынша қызметті жобалау жүйесі әзірленген және сыналған.

**Тест – сауалнама**

**Әлеуметтік нормалар және ережелерді бұзуға бейімділігі**

***Әдістеме мақсаты***: балалардың іс-әрекетінде әлеуметтік нормалар мен ережелерді бұзуға жақындығын анықтау.

***Сауалнама***

1. Мен ашық емес, қара түстердегі киімдерді кигенді ұнатамын.
2. Мен адамдардың мұқият сергектігін және байқағыштығын бағалаймын.
3. Тек осал және қорқақ адамдар барлық ережелер мен заңдарды орындайды.
4. Шұғыл сезімталдықтың қажеттілігін жиі басымнан өткеремін.
5. «Егер рұқсат етілмесе, қатты көргің келсе, онда болады» деген өмірдегі адамдар дұрыс істейді.
6. Кейде мен өтірік айтамын.
7. Егер ежелгі уақытта дүниеге келсем, мен қайырымды қарақшы болар едім.
8. Киім бірінші қараганнан адамды басқалардың ортасынан көрсетуі тиіс.
9. Адамдар жаңаларға, ерекше әсерге және уайымға тырысса – ол қалыпты жағдай.
10. Мен детектив оқығанда, маған қылмыскер қудалаушылықтан кеткенін қалаймын.
11. Рахат алу үшін кейбір ережелер мен тыйымдарды бұзуға болады.
12. Рахат алу – ол басты, ол үшін өмірде тырысуға болады.
13. Қауіптілік сезілуден мен рахат алмаймын.
14. Бір-біріне ойнап қарайтын компанияларда маған ұнайды.
15. Бір сәттік көңіл күй әсерімен мен жиі іс-қимыл жасаймын.
16. Адамдар қылмыскер жазасыз қалғанын білгенде әділ түрде ашуланады.
17. Өзімнің кейбір іс-қимылымды ересектерден жасыруға тура келеді.
18. Бәріне сенгіш қарапайымдар өздерін алдағанын сенеді.
19. Тек қана күтпеген жағдайлар мен қауіптілік сезімі өзімді көрсетуге мүмкіндік береді.

20. Барлық лас мені қорқытады немесе күшті ұнамсыздықты туындатады.

**Тестілік балдарды есептеу рәсімі мен кілтті сөз**

Әр жауапқа қайнар көзімен сәйкес келгенде бір балл беріледі. Алынған балл саны бойынша әлеуметтік нормалар мен ережелерге жетуге тырысу деңгейі анықталады.

***Кілтті сөз***: 1 (жоқ); 2 (жоқ); 3(ия); 4 (ия); 5 (ия); 6 (ия); 7 (ия); 8 (ия); 9 (ия); 10 (ия); 11 (ия); 12 (ия); 13 (ия); 14 (ия); 15 (ия); 16 (ия); 17 (ия); 18 (ия); 19 (ия); 20 (жоқ).

***Нәтижесі:***

0-4 балл- әлеуметтік нормалар мен ережелерге жетуге тырысудың төменгі деңгейі.

5-15 балл- әлеуметтік нормалар мен ережелерге жетуге тырысудың орташа деңгейі.

16-20 балл- әлеуметтік нормалар мен ережелерге жетуге тырысудың жоғарғы деңгейі.

*14-қосымша*

## «Тең теңді оқытады» жобасын іске асыру бойынша жалпы орта білім беру мекемелерінің қызметі және балалар мен жастарға қосымша білім беру мекемелерінің қызметін ұйымдастыру туралы

*(Беларусь Республикасының Білім министрлігінің әдістемелік нұсқау хатының тезисі)*

Беларусь Республикасында Елдік бағдарламаны ЮНФПА (БҰҰ Тұрғын халық саласындағы (ЮНФПА) қоры) іске асыру Жоспарының басты міндеті салауатты өмір салты, репродуктивті денсаулық сұрақтары бойынша тиімді ақпарат пен білімның жасөспірімдер мен жастарға қол жетімді болуын қамтамасыз ету болып табылады. Жасөспірімдер мен жастар ФНФПА қызметінің мақсатты топтарының бірі. Оның ішінде 2011-2015 жылдарға арналған Елдік бағдарламада, дәл осы жастар, ең әлсіз топ түрінде анықталған.

Бұл мәселені барлық мүдделі жақтардың күшетерін бір жерге шоғырландыру арқылы және «Тең теңді оқытады» (бұдан әрі - ТТО) тәсілін пайдалана отырып, жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасызе ету арқылы шешуге болады.

ТТО тәсілі Беларусь Республикасындағы білім беру мекемелерінің қызметінде тең теңді оқытады тәсілінің жүйесін қалыптастыру және енгізудің екінші кезеңі болып табылады.

**Аталған жобаның мақсаты:** балалар мен жастарға қосымша білім беру мекемелері мен жалпы орта білім беретін мекемелердің білім беру процесіне «Тең теңді оқытады» әдісін енгізуді әрі қарай жалғастыру, педагог-кеңесшілердің дайындық және біліктілігін арттыру жүйесін құру, жасөспірімдер мен жастардың салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру үшін ТТО тәсілін институционалды және қоғамдық қолдау жүйесін құру бойынша өзара әрекеттесулеріне жәрдемдесу.

Ол үшін «Тең теңді оқытады» жобасын іске асыру үшін құрылған Үйлестіру кеңесінің жұмысын жандандыру қажет. ТТО жобасының нәтижелілігінің көрсеткіштерінің бірі өңірлерде «тең теңді оқытады» тәсілін енгізетін тірек алаңдар қызметінің сапасы болып табылады.

Тірек алаңдары ретінде «Тең теңді оқытады» тәсілін енгізетін жалпы орта білім беретін мекемелер мен балалар мен жастарға қосымша білім беру мекемелерін таңдау барысында келесі **өлшемдерді** пайдалануды ұсынамыз:

білім беру процесінде заманауи технологияларды, оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың тиімді пайдалану;

сапалы білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ету (түрлі формада білім алу мүмкіндігін беру, бейіндік оқытуды іске асыру);

білім алушылардың денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау;

білім беру ұйымына деген ата-аналарының (заңды өкілдердің) оң көзқарасы;

білім беру процесінің қатысушыларының өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайын қамтамасыз ету;

өңірлік, республикалық және халықаралық фестивальдерге, байқауларға, көрсетілімдерге және тағы басқаларға қатысуы;

білім алушылардың және балалар мен жастарға қосымша білім беру ұйымдарының сабақтан тыс қызметіне жағдай жасау.

Білім беру мекемелерінің ТТО сұрақтары бойынша қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін, әдістемелік көмек көрсету, ақпараттық қолдау және ТТО қағидатын іске асыруды инновациялық формалармен және әдістермен қамтамасыз ету үшін Республикалық ресурстық орталықтың жұмысы жандандырылады. Жобаны іске асыру ТТО еріктілерді дайындау бойынша факультативтердің бағдарламаларын әзірлеуді, сондай-ақ тәрбие беру бағдарламасына ТТО технологияларын пайдалана отырып профилактикалық жұмыстарды және жалпы орта білім беретін мекемелердің және балалар мен оқып жатқан жастарға қосымша білім беру мекемелерінің тәрбие жұмысының жылдық жоспарын енгізуді болжайды.

ТТО енгізу тиімділігін бағалауды іске асыру үшін, білім беру процесінің сапасын әзірленген құрылымдық **кезеңдік** мониториг пен бағалау жүйесін пайдалануды ұсынамыз. Жалпы орта білім беретін

мекемелер және балалар мен жастарға қосымша білім беретін мекемелерде ТТО тәсілін іске асыру тиімділігін республика, өңір және білім беру мекемесі деңгейінде мониторинг және бағалау жүйесін жүргізу ішкі және сыртқы сараптармалар негізінде үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Жобаның іс-шараларына жастардың **қоғамдық бірлестіктерін** белсенді түрде тарту қажет. ТТО тәсілін іске асыруға қатысу үшін қоғамдық бірлестіктерді таңдауды келесі **өлшемдер** негізінде жүргізу қажет:

аталмыш қоғамдық ұйымның беделінің жоғары болуы, білім беру саласында жоспарлы іске асыру бойынша тәжірибесінің болуы;

қоғамдық бірлестік қызметінің тиімділігінің сыртқы бағасының болуы;

ұйымның, қордың, қоғамдық бірлестіктің қызметі туралы пікірлердің немесе ұсынымдардың болуы;

салауатты өмір салты саласына оқыту үшін тартылатын және «тең теңді оқытады» тәсілін енгізу бойынша жұмыс істеп жатқан мамандардың болуы;

жобаның нәтижелері туралы негізделген және объективті қорытындыны ұсыну үшін талдау жұмыстарын жүргізуге қабілетінің болуы.

Тең оқытуды енгізуді қамтамасыз ететін **кадрларды дайындау жүйесін** жетілдіру бойынша жұмыстарды әрі қарай жалғастыру қажет.

Академия қызметкерлері өңірлерде кейіннен педагог-кеңесшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын профессорлық-оқытушылық құрамды дайындау мақсатымен бағдарлама және оқу-әдістемелік кешенін, ТТО педагог-кеңесшілерінің біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірледі.

Жобаны іске асыру бойынша жұмысты жасөспірімдер мен жастардың қауіпсіз және жауапкершілікті мінез-құлықтарын қалыптастыруға ұзақ уақыт бойы ықпал ететін, білім алушылардың бойында денсаулығын және салауатты өмір салтын сақтауды қалыптастыратын, білім алушылардың денсаулық жағдайларының теріс динамикасын алдын алу бойынша білім беру мекемесінің жұмысын жандандыруға үлес қосатын және қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғамның қоғамдық бастамашылдығы ретінде ТТО тәсілін іске асыру бойынша серіктестік желісін бекітуге ықпал ететіндей етіп ұйымдастыру қажет.

1-кесте

**Өңірлерде «Тең теңді оқытады» тәсілін енгізуде жүйелі мониторинг жүргізуге арналған өлшемдер мен көрсеткіштер**

| **Мониториг нысаны** | **Бағалау өлшемдері** | **көрсеткіштері** |
|---|---|---|
| Ерікті нұсқаушылардың қызметі | Ерікті-нұсқаушылардың санының динамикасы | Оқу жылында дайындалған ерікті-нұсқаушылардың саны |
| | Ерікті-нұсқаушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттары | Ерікті-нұсқаушыларды жынысы, жасы, қонысының үлгісі (қалалық және ауылдық мектептер) бойынша бөлу |
| | Ерікті нұсқаушылардың өткізген іс-шараларының саны | Өткізген іс-шаралардың жалпы саны:<br>өз мекемелерінде;<br>өзге мекемелерде;<br>олардың ішінде оқыту сабақтары;<br>сабақтарға қатысушылардың саны |
| | Ерікті нұсқаушылардың білім алушылармен өткізген сабақтарының жалпы бағасы | Жоғары, орта, төмен (оқыту сабақтары аяқталғанда ерікті-нұсқаушылардың жүргізген сауалнамалары негізінде іске асырылады) |
| Педагог-кеңесшілердің қызметі | Педагог-кеңесшілер санының динамикасы | ТТО тәсіліне қосылған өңірдегі ТТО педагог-кеңесшілердің саны |
| | Педагог-кеңесшілердің кәсіби белсенділігі | Педагог-кеңесшілердің ерікті-нұсқаушыларға арнап өткізген оқыту сабақтарының саны.<br>Педагог-кеңесшілердің бастауымен ерікті-нұсқаушыларды меңгерген оқыту сабақтарының саны |
| Жалпы білім беретін мектептердегі тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарларының қызметі | Жүйелі қолдау және бақылау | ТТО тәсілін ензізу мектеп жұмысының жоспарына кіргізу.<br>ТТО тәсілін енгізуге ықпал ету үшін ата-аналарды тару бойынша өткізілген ата-аналар жиналысының саны.<br>Мекеменің сайтында ТТО тәсілін енгізу бойынша ақпараттың болуы.<br>Ерікті нұсқаушылардың қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарта отырып, |

| | | |
|---|---|---|
| | | өткізген оқыту сабақтарының саны. Педагог-кеңесшілерді ТТО тәсілін енгізу бойынша қызметтері үшін ынталандыру жүйесінің болуы. Жоғары сынып білім алушыларының сауалнамасы негізінде жыл сайын ТТО тәсілін енгізудің тиімділігін бағалауды өткізуді ұйымдастыру |
| Өңірлік үйлестірушінің қызметі | Педагог-кеңесшілердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету | ТТО педагог-кеңесшілердің біліктілігін арттыратын арнайы оқу бағдарламасы бойынша біліктілігін арттырған педагог-кеңесшілердің саны. ТТО тәсілін енгізу бойынша өңірлік және республикалық ғылыми-әдістемелік іс-шараларға қатысушы педагог-кеңесшілердің саны |
| | ТТО тәсілін енгізуді кеңейту | Оқу жылында ТТО тәсілі алғаш енгізіліп отырған білім беру мекмелерінің саны |
| | ТТО тәсілін енгізу бойынша инновациялық қызметті ұйымдастыру | ТТО тәсілін енгізу бойынша жобалық қызметті жүзеге асыратын инновациялық алаңқайлардың (республикалық және өңірлік деңгейдегі) саны. Өңірде, оның ішінде білім беру мекемесінің парақшаларындағы ТТО тәсілін енгізу бойынша ғылыми-әдістемелік әзірлемелердің, жарияанымдардың болуы |
| | ТТО тәсілін енгізу бойынша қоғамдық бірлестіктермен ынтымақтасуды ұйымдастыру | Өңірдегі ТТО тәсілін енгізу бойынша қоғамдық бірлестіктермен бірге өткізген іс-шаралардың саны; педагог-кеңесшілерге арналған оқыту сабақтары; ерікті жаттықтырушыларға арналған сабақтар; ғылыми-әдістемелік және ғылыми-практикалық іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, |

| | | |
|---|---|---|
| | | отырыстар |
| | Өңірде ТТО тәсілін енгізуді ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету | БАҚ, оның ішінде өңірдің білім беру мекемелерінің веб-парақшаларындағы ТТО тәсілін енгізу бойынша іс-шаралар туралы ақпараттық хаттардың саны |

## Қысқартылған сөздердің мағыналары

**БҚББМББМ БҚББЖФДО (ГОУДОД ФЦРСДОД)** – Балаларға қосымша білім беру мемлекеттік білім беру мекемесі «Балаларға қосымша білім беру жүйесін Федералды дамыту орталығы».

**БММ –** Балалар музыка мектебі.

**БКМ –** Балалар көркемөнер мектебі.

**БӨМ –** Балалар өнер мектебі.

**БЖЭТО** – Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы.

**МҚК** – Муниципалдық қоғамдық кеңес.

**ҰБМБ** – Ұлттық білім беру мәліметтер базасы.

**ААҚҚ** – Ата-аналарының қарауынсыз қалғандар.

**ЖІБ** – Жасөспірімдер ісі жөніндегі бөлім.

**ТТО** – «Тең теңді оқытады» жобасы (Беларусь).

**ҚБП –** Қосымша білім педагогы.

**БАҚ–** Бұқаралық ақпараттық құралдар.

**ЮНЕСКО –** Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі БҰҰ.

**ЮНФПА** – Тұрғын халық саласындағы БҰҰ қоры.

**BGCA** – Американың қыз және ер балалар клубы.

**ISO –** Стандарттау бойынша халықаралық ұйым.

**KJP** – Федералды балалар мен жасөспірімдер жоспары (Германия).

**FONJEP** – Жастар және қоғамды оқыту ісі жөніндегі серіктестік қоры (Франция).

## Әдебиеттер тізімі


1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 – III Заңы.

3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңының 19- бабы..

4. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II Заңы.

5. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңының 12-бабы.

6. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2014 жылғы 29 желтоқсандағы жағдайы бойынша өзгертулерімен және толықтыруларымен)

7. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

8. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.

9. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы.

10. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы.

11. «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы.

12. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы.

13. «Балаларға қосымша білім беру және «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын тағайындау конкурсын өткізу саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 170 бұйрығы.

14. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.

15. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы.

16. «Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығы.

17. «Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын» дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 60 бұйрығы.

18. «Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөніндегі 2015-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 61, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 100 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 85 бірлескен бұйрығы.

19. «Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 431 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 719 бірлескен бұйрығы.

20. «Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамыту стратегиясы» әдістемелік ұсынымдар. – Методические рекомендации «Стратегия развития дополнительного образования детей в Республике Казахстан». – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015 жыл.

21. Өзін-өзі тексеруге жататын қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің көрсеткіштері (Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 1324 бұйрығы).

22. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық жұмыскерлерін аттестаттау кезіндегі өшемдер мен көрсеткіштер (15-бет) | http://pandia.ru

23. Самара облысы Чапаевск қаласы, Самара облысының № 4 орта білім беретін мектебі мемлекеттік білім беру мекемесінің негізгі білім беру бағдарламасы (18 бет) http://pandia.ru

24. Акимов С. С. Оценка эффективности управления развитием учреждения дополнительного образования детей // Молодой ученый. - 2014.год - №16. -с. 317-319.

25. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития / В.И. Андреев. Казань: Центр инновационных технологий, 2000. 608 с.

26. Астраханцева С.В. Управление качеством обучения и воспитания в учреждении дополнительного образования // Дополнительное образование. – 2006. – № 9. – с.12-15.

27. Биктеева А.Д. Личностные достижения как критерии результативности деятельности воспитательных систем//Внешкольник Оренбуржья, Оренбург: ООО «Метрополис», РА «Метро», 2005. – №1-2– С.41-42.

28. Бермус А.Г. Проблемы и перспективы реализации компетентностного подхода в образовании. http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-12.htm

29. Берсенева А. В. Реализация модели выпускника как критерий оценки качества образования в учреждении дополнительного образования. http://www.eduekb.ru/files12/odop/25berseneva.doc

30. Голуб Г.Б., Чуракова О.В. Портфолио в системе педагогической диагностики// Педагогическая диагностика – 2005. № 3.

31. Журкина А.Я. Мониторинг качества образовательной деятельности в учреждении дополнительного образования детей. – М. ГОУДОД ФЦРСДОД, 2005. – 72 с.

32. Ефремов В.И. Творческое воспитание и образование детей на базе ТРИЗ / В.И. Ефремов. Пенза: Уникон-ТРИЗ, 2001. 231 с.

33. Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования: учебн. пособие / Э.Ф. Зеер. М.: Изд-во МПСИ; Воронеж: НПО «МОДЭК», 2003. 480 с.

34. Инструктивно-методическое письмо «Об организации деятельности учреждений общего среднего образования, учреждений дополнительного образования детей и молодежи по реализации проекта

«Равный обучает равного» (РОР)» от 24.12.2013 г. №11-01-16/821/дс Министерства образования Республики Беларусь.

35. Карпенкова Светлана Андреевна, Мониторинг качества образовательно-воспитательной деятельности в учреждении дополнительного образования. festival.1september.ru/articles/589262/

36. Кодолов С.М. Система контроля и оценки результатов деятельности участников образовательного процесса // Дополнительное образование. – 2005. – № 8. – с.17-24.

37. Круглова Л.Ю. О деятельности педагога в условиях модернизации дополнительного образования// Дополнительное образование. – 2006. – № 9. – с.8-11.

38. Леонтьев Д.А. Методика изучения ценностных ориентации- М.: СМЫСЛ. 1992. - с. 6,12.

39. Логинова Л.Г. Стандарт как средство обеспечения, стабилизации и развития качества дополнительного образования детей. http://www.oim.ru

40. Македонский А.Н. Классификация методов обучения конструированию// Вестник Кузбасской государственной педагогической академии (электронды журнал).

41. Молоков Д.С., Зарубежный опыт предоставления услуг в сфере дополнительного образования детей. Ярославский педагогический вестник – 2013 – № 1 – Том II (Психолого-педагогические науки). - 231 бет vestnik.yspu.org/releases/2013

42. Нилова В.И. Научно-методические основы формирования конструкторских умений студентов технических вузов средствами инженерной графики . Дис. Докт. Пед. Наук, Воронеж, 2001, 313 бет.

43. Опыт работы муниципального бюджетного учреждения дополнительного образования «Юность» г. Белгорода «Социализация детей и подростков посредством осуществления проектной деятельности в подростковых клубах по месту жительства».

44. Оценка эффективности реализации образовательных программ дополнительного образования детей: компетентностный подход. Методические рекомендации / Под руководством проф. Н.Ф.Радионовой и к.п.н. М.Р. Капуновой. СПб: Издательство ГОУ «СПб ГДТЮ», 2005. – 64 бет.

45. Методические рекомендации «Оценка эффективности реализации программ дооплнительного образования детей: компетентностый подход» Министерства образования и науки Российской Федерации, Российского Государственного педагогического университета им. А.И.Герцена, Санкт-Петербургского городского Дворца творчества юных.

46. «Педагогическая диагностика и мониторинг исследовательского потенциала учащихся» (Санкт-Петербург қаласы

Адмиралтей ауданы «Измайловский» балалар шығармашылық үйінің жұмыс тәжірибесінен).

47. Пластун О.Н. Оценка качества дополнительного образования в учреждении дополнительного образования детей: основные задачи и пути реализации. festival.1september.ru/articles/511997/

48. Торжок қаласы «Балалар өнер мектебі» муниципалды бюджеттік қосымша білім беру мекемесінің жұмыс сапасын тәуелсіз бағалауды өткізу тәртібі туралы ереже.

49. Прага қаласында (Чехия) 2010 жылғы мамырда өткен «Еуропадағы балаларға формальді емесе білім беру жүйесі және педагог кадрларды дайындау» Халықаралық EAICY конференциясындағы Б. Жупанның алғы сөзі бойынша материалдар.

50. Прага қаласында (Чехия) 2010 жылғы мамырда өткен «Еуропадағы балаларға формальді емесе білім беру жүйесі және педагог кадрларды дайындау» Халықаралық EAICY конференциясындағы Чех Республикасының білім, жастар және спорт Министрліктерінің халықаралық байланыс жөніндегі Департаментінің басшысы Ингрид Фриг алғы сөздері бойынша материалдар.

51. Прага қаласында (Чехия) 2010 жылы мамырда өткен «Еуропадағы балаларға формальді емес білім беру жүйесі және педагог кадрларды дайындау» Халықаралық EAICY конференциясындағы Г. Клаус (Германия) алғы сөзі бойынша материалдар.

52. Портфолио – жеке жетістіктер папкасы // Инфо- net – іздеу (web -нұсқасы) – 2005. – № 4.

53. Сарсембаева Г.Ж. Формирование системы менеджмента качества образования. Вестник КАСУ №1 - 2005.

54. Таюпова Э.К. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің нәтижелілігі мен сапасы. Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті www.rusnauka. com/ 29_NNM_2008/ Pedagogica/ 35822.doc.htm